2.1. КҮШЕЙТКІШТЕРДІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАСЫ МЕН КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Электр тербелістерінің күшеюі. Ақпаратты өзгерту және өңдеу үрдісінде осы ақпарат бар тербеліс қуатының деңгейі тұтынушының жұмысы үшін жеткіліксіз және оны ұлғайтуға қажеттіліктің туындайтыны анықталады. Осыған байланысты электронды күшейткіштер қолданылады.

Күшейткіш деп кіріс сигналының кернеуін, тоғын немесе қуатын көтеруге арналған құрылғы аталады. Кез келген күшейткіштің тоқ көзі, белсенді күшейткіш элемент және пассивті тізбектер болады. Күшейткіштердегі кіріс сигналы берілетін қос полярлы немесе далалық транзисторлар белсенді элементтер (8 тарауды қара) болып табылады. Тоқ көзінен энергия пайдалану есебінен белсенді элемент көмегімен электр тербелістері күшейеді. $I_{вх}$ кіріс сигналының әсерінен белсенді элементтің қарсыласуы өзгереді. Кіріс сигналы тоқ көзінен жүктемеге энергия беруді ғана басқарады, өйткені оның ықпалымен күшейткіш элементтің шығатын жерінде жүктемеге берілетін күшті тербелістер пайда болады. Бұл ретте күшейткіштің шығатын жеріндегі кернеу формасы кіретін жерде кернеудің өзгеріс заңдылығын қайталағаны дұрыс.

Күшейткіш каскадтың құрылымдық схемасы 2.1 сур. берілген. Басқарушы тербеліске әкелінетін күшейткіш қысқышы күшейткіш кірісі деп аталады. Кіріс сигналы көзі (энергия көзі) R_r ішкі кедергісі бар E_r кернеу генераторы түрінде берілген. Басқарылатын элемент ретінде тоқ көзінен тұрақты тоқ энергиясын жүктемедегі айнымалы тоқ энергиясына өзгертуді қамтамасыз ететін транзисторды пайдаланады.

Сигнал көзі күшейткіш кірісінде $R_{кіріс}$ амплитудасы бар айнымалы кернеу құрады. Сигнал көзі үшін күшейткіштің (транзистор) өзі $R_{шығыс}$ күшейткіштің кіріс кедергісі деп аталатын кедергі көрсетеді.




2.1 сурет Күшейткіш каскадтың құрылымдық схемасы:

$U_{\text{кр}}$ — кіріс сигнал; R_{T} — генератордың ішкі кедергісі; E_{T} — кернеу генераторы; $R_{\text{кр}}$ — күшейткіштің кіріс кедергісі; $R_{\text{шығ}}$ — күшейткіштің шығыс кедергісі; $U_{\text{шығ}}$ — күшейткіштің шығыс керуі; R_{H} — жүктеменің кедергісі; $E_{\text{шығ}}$ — кернеудің шығыс генераторы

Күшейткіш сондай-ақ $R_{\text{шығ}}$ шығыс кедергісінен болады. Күшейткіштің шығыс қысқаштарына айнымалы $U_{\text{шығ}}$ синусоидты кернеу пайда болатын және күшейтілген тербеліс қуаты бөлінетін R_{H} жүктеме кедергісі деп аталатын кедергіні қосады.

Егер күшейткіште $R_{\text{крис}} \gg R_{\text{T}}$ болса, онда ол кернеу күшейткіші болып табылады; егер $R_{\text{крис}} \ll R_{\text{T}}$ болса, онда күшейткіш ток күшейткіші деп аталады; қуат күшейткішінде $R_{\text{крис}} \approx R$ болса, яғни кіру кіріс сигналы көзімен келісілген.

Радиоэлектронды техниканың көптеген құралдарына бір белсенді элементті (бір күшейткіш каскад) ғана пайдаланып алуға болмайтын күшейткіш коэффициенті (2.1 тараушасын қара) талап етіледі. Сондықтан күшейткішті бірнеше күшейткіш каскадтардан құрастырады (2.2 сур.)



Сурет 2.2. Көпкаскадты күшейткіштің құрылымдық схемасы:

1 — кіру каскады; 2 — екінші каскад; $n - 1$ — соңғының алдындағы каскад; n ($n = 1, 2, \dots$) — соңғы каскад; E_{T} — кернеу генераторы; R_{T} — генератордың ішкі кедергісі; R_{H} — жүктеменің кедергісі

Каскадтар кіруден бастап өсу ретімен нөмірленеді. Бірінші каскад кіру каскады, ал соңғысы – шығу, немесе соңғы каскад деп аталады. Бірінші каскадтың жүктемесіне екінші каскадтың кіру кедергісі жатады, ал екінші каскадтың кіру сигналының көзіне бірінші каскадтың шығуы (бірінші каскадтың күшейткен тербелістері екінші каскадтың кірісіне беріледі) және т.с.с. Кіру каскады күшейткішті кіру сигналы көзімен келістіруді жүзеге асырады. Көпкаскадты күшейткіштің шығу каскады көп жағдайда қуаттың күшейткіші болып табылады; ол жүктемеге (мысалы, дауыс зорайтқыш) бұл жүктеменің сапалы жұмысына қажет қуат беру міндетін орындайды. Қалған (аралық) каскадтар берілген күшейткіш коэффициентін қамтамасыз ету үшін қажет, олар алдын ала күшейту каскадтары деп аталады. Күшейткіш (параметрлер) сапасының негізгі көрсеткіштеріне күшейткіш коэффициенті, өткізу жолағы , амплитудалық сипаттама мен динамикалық диапазон жатады.

Күшейту коэффициенті. Күшейту коэффициенті (тарату коэффициенті) деп шығу шамасына таралатын сигналды сипаттайтын шығу шамасының қатысы айтылады. Осындай шама ретінде қуатты, кернеу немесе тоқты пайдаланады. Барлық күшейткіш схемалар кіру сигналының қуатын күшейтеді, бірақ кей жағдайларда күшейткіштің негізгі көрсеткіші шығу кернеуі мен тоғының шамалары болады. Пайдаланылатын шамаға байланысты K_p қуаты, K_v кернеуі және K_p тоғы бойынша күшейту коэффициентін ажыратады. Күшейту коэффициентін орныққан режимде үйлесімді кіру сигналымен анықтайды.

Қуаты бойынша күшейту коэффициенті $P_{\text{шығ}}$ жүктемеге берілетін белсенді қуат $P_{\text{кір}}$ кіру қысқыштарына әкелінген белсенді қуаттан қаншаға көбірек екенін көрсетеді

Бірліктен үнемі артық ($K_p > 1$) қуат бойынша күшейту коэффициенті (K_p)

$$K_p = P_{\text{шығ}} / P_{\text{кір}}$$

теңдігімен анықталады, мұндағы $P_{\text{шығ}}$ — берілген жүктемеге күшейткішпен қайтарылатын қуат; $P_{\text{кір}}$ — күшейткіштің кірісіне әкелінеін қуат, $P_{\text{кір}} = K_u K_i$

Күшейткіштің әрбір каскадында каскадтың шығысындағы қуат каскадтың кірісіне берілетін қуатқа қарағанда көбірек болуы керек. Белсенді каскад осынысымен пассивті төртжолалықтан ерекшеленеді, мысалы, кернеуді ұлғайтып, бірақ қуатты ұлғайтпайтын трансформатор. Көпкаскадты күшейткіштің күшеюінің жалпы коэффициенті жеке каскадтардың күшейту коэффициенттерінің туындауына тең болады.

Шамдардағы күшейту каскадтарының жұмысын **кернеу бойынша күшейту коэффициентімен** бағалайды, ол мына теңдікпен анықталады

$$K_p = U_{\text{шығ}} / U_{\text{кір}},$$

мұндағы $U_{\text{шығ}}$ — күшейткіш шығысынадағы сигналдың кернеу амплитудасы; $U_{\text{кір}}$ — күшейткіш кірісіндегі сигнал кернеуінің амплитудасы. Транзистордағы каскадтар шамды каскадтардан ерекшелігі олар кіру тізбегінде тоқ болмаған жағдайда жұмыс істей алмайды. Сондықтан олар үшін тоқ бойынша (K_1) **күшейту коэффициенті** сапалы жұмыс көрсеткіші болып табылады:


$$K_i = I_{\text{шығ}} / I_{\text{кір}},$$

мұндағы $I_{\text{шығ}}$ — жүктеме кедергісіндегі тоқ амплитудасы; $I_{\text{кір}}$ — кіру тізбегіндегі тоқ амплитудасы.

Сигналдың күшеюінен басқа күшейткіштің оның формасын өзгертпеуі, яғни кернеудің (немесе тоқтың) барлық өзгерістерін нақты қайталағаны қажет. Сонымен бірге сигналдың уақыт бойынша кей қозғалыстарына рұқсат етіледі. Күшейткіш арқылы өтетін сигналдар өзгеріске түседі, ол сигнал формасының бұрмалануына әкеледі. Бұрамаланулар сызықтық және бейсызықтық болады. Үйлесімді сигналдар күшейткішінің бейсызықтық болуы *K_r бейсызықтық бұрмалану коэффициентімен* бағаланады. Дыбыстық жиілік күшейткішіндегі бейсызықтық бұрмалану $K_r < 0,2...0,5\%$, болған жағдайда құлаққа естілмейді, сондықтан жоғары сападағы күшейткіштер үшін $K < 0,5\%$.

Кернеу бойынша күшейткіш коэффициентінің модулі $|K_u|$ күшейтетін сигнал жиілігіне байдаысты. Күшеюдің кешенді коэффициенті модулінің жиілігінен тәуелділікпен шартталған кіру сигналы амплитудасын өзгерту амплитудалық-жиілік бұрмалану немесе жиілік бұрмалануы деп аталады. Бұл бұрмаланулар *сызықтық* деп аталады. Амплитудалық-жиілік бұрмалануы күшейткіш коэффициенті модулінің (тарату коэффициенті) жиілікке тәуелді болуын көрсететін амплитуда-жиілік сипаты бойынша бағаланады (2.3 сурет).

Күшейтілегін параметрлері бойынша күшейткіштер кернеу күшейткіштері (кернеу бойынша күшейту коэффициенті $K_u \gg 1$), тоқ күшейткіші (тоқ бойынша күшейту коэффициенті $K_r \gg 1$) және ондағы күшейтілген сигнал қуаты тоқ көзінен күшейткішке әкелінетін қуатпен салыстырылатын қуат күшейткіші болып бөлінеді.



2.3 сурет Күшейткішті өткізу жолағы:

$|K_u|$ —кернеу бойынша күшейту коэффициентінің модулі; $|K_u|_{\max}$ — күшейту коэффициенті модулінің максималды мәні; f — жиіліктің ағымдағы мәні; $f_{гр1}$, $f_{гр2}$ — шектік жиіліктер

Күшейткішті өткізу жолағы. Күшейткішті өткізу жолағы деп күшейту коэффициенті тұрақтылыққа жақын және тек шекарада ғана күшейту коэффициенті модулі күшейту коэффициентінің максималды мәнімен салыстырғанда $\sqrt{2}$ есеге дейін азаятын жиілік диапазонын құрайтын жиіліктер жолағы аталады (2.3 сур.қара). Кернеудің күшейуін осылайша төмендету сөйлеудің анықтығынан, яғни дыбыс сапасынан көрінбейді.

Қазіргі радиоқұралдарда өткізу жолағын кедергілерді төмендету мақсатында төменгі жағынан да, жоғары жақтағы жиіліктен де азайтады. *Жиілік бұрмалану коэффициенттері* M деп f жиілігінде күшейту коэффициенті модулінің максималды мәнінің $|K_{\max}|$ f жиілігіндегі күшейту коэффициенті модуліне қатынасы деп түсінеді.

Импульстық күшейткіштер кең жиілік спектрі бар (бірден бірнеше герц-қа, кейде 100...200 МГц-қа дейін) импульстарды күшейтуге арналған.

Өткізудің мұндай жолағы мысалы, наносекундты ұзақтықтағы импульстық тербелісті бақылауға арналған осциллографтағы күшейткіштерде болады.

Жиілік өсіне өткізу жолағын орналастыру бойынша күшейткіштер алғашқы сигналдар күшейткішіне (оларды жиі төменгі жиілік күшейткіштері деп атайды) және радиосигнал күшейткіштеріне (оларды жоғары немесе радилжиілік тербелістері күшейткіштері деп атайды) бөлінеді.

Күшейткіштің амплитудалық сипаты. Күшейткіштің амплитудалық сипаты $U_{\text{шығ max}}(U_{\text{кір max}})$ деп дәл сол жиілікте үйлесім сигналы күшейткішінің кірісіне әсер етуде кіріс кернеуінің әсерлік мәнінен қандай да бір жиілікте шығыс кернеуінің әсерлік мәніне (немесе амплитудалық) тәуелділігі аталады

Амплитудалық сипат 2.4. суретте көрсетілген.

Амплитудалық сипатының иілуі кіріс сигналы болмаған жағдайда да шығыста шуыл кернеуін $U_{ш.шығ}$ қамтамасыз ететін күшейткіште өз кедергілерінің болуымен байланысты.


Кез келген схемада үш түрлі шуыл туындауы мүмкін:

- жылу;
- бытыралық;
- жылтылдау шуылы

Электрондардың ретсіз қозғалысынан және электрондардың кристалл торлардың түйіндерімен соқтығысуынан әрбір резистордың қысқыштарында олардың орташа мәнінен тоқ пен кернеудің кішігірім кездейсоқ ауытқулары пайда болады. Осының нәтижесінен резисторларда **жылу шуылдары** пайда болады.

p — p - ауысу арқылы тоқтың иодта немесе транзистордан өтуінде p — p - ауысуындағы потенциалды кедергіні жою үрдісі жек заряд тасушыларының өтуі кезінде кездейсоқ сипатта болады және орташа мәнінен тоқтың кездейсоқ ауытқуларынан көрінеді. Бұл үрдісте **бытыралық шуыл** пайда болады.

Схемалардың барлық элементтерінде резистор, конденсатор, транзистор, диод және басқа да элементтер параметрлерінің ақырын өзгерістерімен байланысты болатын **жылтылдау шуылдары** байқалады



2.4. сурет Күшейткіштің амплитудалық сипаты

$U_{шығ}$ — шығыс кернеуі; $U_{шығ \cdot ном}$ — шығыс номиналды кернеуі; $U_{шығ min}$ — шығыс минималды кернеуі; $U_{кір}$ — кіріс кернеуі; $U_{кір \cdot ном}$ — кіріс номиналды кернеуі; $U_{кір min}$ — кіріс минималды кернеуі; K_r — бейсызық бұрмалану коэффициенті

$U_{\text{кр} \text{ max}}$ кіріс сигналының амплитудасын күшейткенде $U_{\text{шығ} \text{ max}}$ шығыс сигналы амплитудасының $U_{\text{кр} \text{ max}}$ кіріс сигналына бейсызықтық тәуелділігі және $|K| = U_{\text{шығ} \text{ max}} / U_{\text{кр} \text{ max}}$ күшейту коэффициенті модулінің азаюы байқалады. Бұл транзистордың бейсызықтық сипатымен және тоқ көзінің шектелген қуатымен байланысты, ол шығыста өте үлген қуатты сигнал алуға мүмкіндік бермейді. $U_{\text{кр} \text{ max}}$ кіріс сигналы амплитудасының ұлғаюымен бір мезгілде K_{Γ} бейсызықтық бұрмалану коэффициенті де өседі. $U_{\text{кр} \cdot \text{ном}}$ номиналды кіріс кернеуінде шығыста $U_{\text{шығ} \cdot \text{ном}}$ номиналды шығыс кернеуі, яғни мүмкін K_{Γ} сызықтық бұрмалану коэффициентін алатын кернеу пайда болады.

Динамикалық диапазон. Күшейткіштің динамикалық диапазон оны деп шығыс номиналды кернеуінің кіріс минималды кернеуіне қатысын атайды; ол мына қатынаспен анықталады:

$$D_y = \frac{U_{\text{шығ} \cdot \text{ном}}}{U_{\text{кр} \text{ min}}}$$

мұндағы $U_{\text{кр} \cdot \text{ном}}$ — күшейткіш кірісіндегі кернеудің номиналды мәні; $U_{\text{вх} \text{ тш}}$ — күшею сигналы кедергілер аясында да ажыратыла берін күшейткіш кірісіндегі минималды кернеу

Қуат күшейткіштерінде динамикалық диапазонға күшейткіштің шығысындағы $P_{\text{шығ} \text{ max}}$ максималды шығыс қуатының $P_{\text{шығ} \cdot \text{ш}}$ өз шуылының шығыс қуатына қатысын қабылдайды

Оны мына қатынастағы децибелдармен (дБ) анықтайды

$$D_y = 10 \lg \frac{P_{\text{шығ} \cdot \text{max}}}{P_{\text{шығ} \cdot \text{ш}}}$$

Жақсы күшейткіштердің динамикалық диапазоны $D_y \geq 120$ дБ болады.

Динамикалық диапазон аясында күшейткіш сызықтық құрылғы ретінде қарастырылады.

Күшейткіш тоқ көзінен (бір немесе бірнеше) P_0 кей қуатты пайдаланады. Күшті шығыс күшейткіштерін бағалауда (бұл қуат күшейткішіндегі пайдалы қолдану деңгейін бағалау үшін) күшейткіштің шығыс жүктемесінде $P_{\text{шығ}}$ (күшейткіш жүктемесіне берілетін сигнал қуаты) пайдалы сигнал қуатының тоқ көзінен алынатын P_0 қуатқа қатынасы ретінде анықталатын *күшейткіштің пайдалы қолданылу коэффициенті* η (КПК) басты рөл атқарады:

$$\eta = \frac{P_{\text{шығ}}}{P_0} < 1.$$

Күшейткіш каскадтардың пайдаланатын тоқ көзінен алынатын қуаты жоғары болмаған жағдайда каскад КПК қосалық рөл атқарады. Күшейткіштерді түрлі белгілері бойынша классификациялайды.

Байланыс түрі бойынша жеке каскадтар арасында транзисторлық күшейткіштер сыйымдылық, трансформаторлық және тікелей байланыстар болуы мүмкін. Сыйымдылық байланысты күшейткіштер (резистивті күшейткіштер) транзисторларды габаритіне, салмағына, үнемділігіне қарай кең қолдануға жағдай жасайды. Трансформаторлық байланысты күшейткіштер транзисторлық каскадтардағы төмен кіріс және жоғары шығыс кедергілерін жеткілікті дәрежеде келісуге рұқсат береді. Бірақ бұл жағдайда транзисторлық схемалардың өлшемі мен салмағы бойынша артықшылықтары жоғалады, өйткені азгабаритті трансформаторларды қолдану қажет күштермен қамтамасыз ете алмайды. Бұл кемшіліктер тікелей байланыс күшейткіштерінде болмайды. Бұндай күшейткіштердің құрамында ең аз бөлшектер болады және ол бірқалыпты жиілік сипатында болады.

Тағайындалуы бойынша қуат, кернеу және тоқ күшейткіштерін ажыратады. Күшейткіштің $R_{\text{шығ}}$ шығыс кедергісі шамаларының арасындағы қатынас және R_n жүктеме кедергісі бойынша күшейткіштерді кернеу күшейткіші ($R_{\text{шығ}} \ll R_n$), тоқ күшейткіштері ($R_{\text{кір}} > R_n$) және қуат күшейткіштері ($R_{\text{шығ}}$ және R_n) деп бөлуге болады.

Бірақ аталған күшейткіштер қуаты бойынша төменгі жиіліктегі сигналдарды күшейтуді жүзеге асырады, сондықтан берілген бөлініс шартты түрде.

Күшейетін кіріс сигналдарының формасы бойынша үйлесімді және импульсты сигналдарды ажыратады.

Күшейетін жиілік диапазоны бойынша тұрақты тоқ күшейткіштеріне (ТТК) адыратады, олар сигналдарды $f_{\text{гр1}} = 0$ -ден (шекаралық жиілік 1) $f_{\text{гр2}} = f_{\text{max}}$ диапазонында күшейтуге қабілетті. Дыбыс жиілігін күшейткіштер (ДЖК) (төмен жиіліктегі сигналдарды $f_{\text{гр1}}$ және 20 Гц бастап $f_{\text{гр2}}$ және 20 кГц дейінгі жиілік диапазонында күшейтеді) және радиожілік күшейткіштері (РЖК) (радиожілік күшейткіштерінде жүктеме ретінде параллель тербеліс контурын немсе байланысқан контурлар жүйесін пайдаланады (6.2 т. Қара). Бұндай күшейткіштерді амплитудамодуляцияланған және жиілік-модуляцияланған тербелістерді күшейту үшін пайдаланады.

Белсенді құрал түріне байланысты барлық күшейткіштер транзисторлық күшейткіштер мен электрвакуум құралындағы күшейткіштерге – электронды шамға бөлінеді. Күшейткіштерде негізінен биоөрістік және далалық транзисторларды, ал заманауи күшейткіш техникалары интегралды микросхемаларда қолданылады.


Электронды лампалардағы күшейткіштер тек ескі аппаратураларда ғана қолданылады. Қазіргі кең қолданыстағы аппаратурада (радиохабар және телевизия қабылдағыштары, мектеп құралдары және т.б.) электронды лампаларды пайдалануға тиым салынған.

Күшею жиілігі жолақтарының ені бойынша күшейткіштер тар жолақты және кең жолақты болады. Радио хабарын таратушы құрылғыларда алғашқы сигнал күшейткіштерін пайдаланады. Кейде басқарушы сигналдар деп аталатын алғашқы сигналдар таралатын хабарды көрсететін (мысалы, микрофон арқылы сөз немесе музыка әсерінен құралатын сигналдар) электр процестерінен тұрады. Радио хабарын таратушы құралдарда бұл сигналдар күшейе түсуі керек және кейін радио хабарын таратқыш тербелістерін (модуляцияны жүзеге асыру) басқаруы керек.

Радио хабарын тарақыш құралдарында антенна мен детектор арасында радиожилік күшейткішін қосады, кейде оларды радиосигнал қуатын белгілі бір мәнге дейін көтеретін жоғары жиілік күшейткіштері деп атайды, ол жағдайда детектор алғашқы сигналды қалпына келтіреді.

2.2. КЕРНЕУ КҮШЕЙТКІШТЕРІ

Кернеу күшейткішінің шығысына сигнал өңдеудің келесі каскадының (күшейту, детектрлеу, жиілікті түрлендіру және т.б.) жоғары кедергілі кірісін ($R_{\text{кпр}}$ үлкен кіріс кедергісімен) қосады. Кернеу күшейткішінің дұрыс жұмыс істеуі үшін транзистордың Π_n кедерлілік жүктемесін күшейткіштің ішіне қосады (2.5 сур.).




2.5 сурет. Кернеу күшейткішін қосу схемасы:

$U_{\text{кпр}}$ — кіріс кернеуі; $R_{\text{тр}}$ — транзистор кедергісі; $R_{\text{н}}$ — күшейткіш жүктемесі кедергісі; $R_{\text{кпр}}$ — келесі каскадтың кіріс кедергісі; $E_{\text{п}}$ — күшейткіштің қуат көзі


Радиожилік күшейткіштеріне жүктемесіне жеке резонансты тербеліс контуры (6.2 т. қара) немесе жилік бойынша (резонансты күшейткіш) қайта құру мүмкіндігі бар тербеліс контурлары жүйесі пайдаланылатын кернеу күшейткіштерін жатқызады. Бұндай күшейткіштер Δf жилігі жолағында резонанстық жилік маңайында $f_{\text{рез}}$ тербелістерді күшейтеді (2.6 сур.). Бұл күшейткіштер амплитудамодуляцияланған және жилік-модуляцияланған тербелістерді күшейту үшін пайдаланады.

Дыбыстық жиілік күшейткіштері төмен жиіліктегі $f_{гр1} \sim 20$ Гц бастап $f_{гр2} \sim 20$ кГц дейінгі жиілік диапазонындағы сигналдарды күшейтеді (2.3 сур).

Дифференциалды күшейткіштерге екі кернеудің айырмасын күшейтетін құрылғы жатады. Шындығында, бұндай күшейткіштің шығыс кернеуі оның екі кірісіне түсірілген кернеу айырмасына ғана пропорционал және абсолютті шамаға тәуелді емес. Дифференциалды күшейткіштің құрылымдық схемасы 2.8 сур. көрсетілген. Дифференциалды күшейткіштің кірістерінің бірі ($U_{\text{кпл}}$) сол жақ иық, басқасы ($U_{\text{кпр}}$) – оң иық деп аталады.



$|K_u|$ — кернеу бойынша күшейткіш коэффициентінің модулі; $K_{u \max}$ — кернеу бойынша күшейткіш коэффициентінің максималды мәні; f — жиіліктің ағымдағы мәні; $f_{\Gamma 1}$ және $f_{\Gamma 2}$ — шекаралық жиіліктер; f_0 — негізгі жиілік; Δf — жиілік жолағы




2.7. сурет Дыбыс жиілігі күшейткішінің амплитудалық-жиілік сипаты:

$|K_u|$ — кернеу бойынша күшейткіш коэффициенті модулі; $K_{u \max}$ — кернеу бойынша күшейткіш коэффициентінің максималды мәні; f — жиіліктің ағымдағы мәні; f_{gp1} и f_{gp2} — шекаралық жиіліктер

Дифференциалды күшейткіштің бір немесе екі кірісіне кернеуді берген кезде шығыс кернеуін екі шығыстан да, бір шығыстан да алуға болады. Кейде күшейетін кернеуді дифференциалды күшейткіштің бір кірісіне ғана береді, ал екінші кірісті ортақ сыммен (жермен) қосады. Бұндай қосылыста дифференциалды күшейткіш *фазоинвертор* болып табылады (8 т. кара). Оның жерге қатысты екі шығысында қарама-қарсы фазалары бар екі бірдей кернеу қалыптасады.

Егер шығыс кернеуін симметриялы емес шығыстардан алса, онда бірінші шығыстағы кернеуді алуда айырым сигналының күшейту коэффициенті мына қатынас арқылы анықталады:

$$K_{p1} = \Delta U_{\text{шығ1}} / (U_{\text{кір1}} - U_{\text{кір2}}),$$



2.8. сурет Дифференциалды күшейткіштің құрылымдық схемасы:

$U_{\text{кір1}}$, $U_{\text{кір2}}$ - күшейткіштің бірінші және екінші кірістеріндегі кернеу; $U_{\text{кір1}}$ және $U_{\text{кір2}}$ — бірінші және екінші шығыстағы кернеу; $U_{\text{шығ12}}$ — симметриялық кіріс қысқыштарындағы кернеу; $U_{\text{шығ12}}$ — симметриялық шығыс қысқыштарындағы кернеу ($U_{\text{шығ12}} = U_{\text{шығ1}} - U_{\text{шығ2}}$)

мұндағы $\Delta U_{\text{шығ1}} — U_{\text{кір1}} - U_{\text{кір2}}$ кіріс кернеуінің әртүрлілігі есебінен бірінші шығыстағы кернеудің ұлғаюы.

Екінші шығыстан кернеуді алған кезде айырым сигналының күшейту коэффициентін былайша анықтайды:

$$K_{p2} = \Delta U_{\text{шығ2}} / (U_{\text{кір1}} - U_{\text{кір2}}),$$

мұндағы $\Delta U_{\text{шығ2}} — U_{\text{кір1}} - U_{\text{кір2}}$ кіріс кернеуінің әртүрлілігі есебінен бірінші шығыстағы кернеудің ұлғаюы.

Симметриялы схема үшін мына шарттар орындалады:

$$\Delta U_{\text{шығ2}} = - \Delta U_{\text{шығ1}};$$

$$\Delta U_{\text{шығ1}} - \Delta U_{\text{шығ2}} = 2\Delta U_{\text{шығ2}},$$

одан

$$K_{p1} = -K_{p2} = K_p/2,$$

мұндағы $K_p — K_p$ айырым сигналын беру коэффициенті.

Дифференциалды күшейткіште K_p айырым сигналын беру коэффициенті шығыстағы кернеудің әртүрлілігі кірістегі кернеудің әртүрлілігінің қатысына тең

$$K_p = U_{\text{шығ12}} / (U_{\text{кір1}} - U_{\text{кір2}}),$$

мұндағы $U_{\text{шығ12}} —$ симметриялық шығыс қысқышындағы кернеу ($U_{\text{кір12}} = U_{\text{кір1}} - U_{\text{кір2}}$); $U_{\text{кір1}}, U_{\text{кір2}} —$ сәйкесінше күшейткіштің бірінші және екінші кірістеріндегі кернеу.

Нақты күшейткіш кемшіліксіз симметриялы болмайды, нәтижесінде кернеу шығыста әртүрлілікке ғана байланысты болмайды, сондай-ақ кіріс сигналдары мөлшеріне де байланысты болады.

Дифференциалды күшейткіштің қуат көзі нөлге тең (модуль бойынша) екі қуат көзінен жүзеге асады. Екіге бөлінген кіріс сигналдарының қосындысы *синфазды сигнал* деп аталады. Синфазды сигналдарға кедергілер жатады. Дифференциалды күшейткіш сапасы (оның кемшіліксіз нұсқаға жақындауы) айырымды K_p және синфазды K_c сигналдады беру коэффициенті қатысымен анықталатын $K_{oc.c}$ *синфаз сигналының әлсіреуі коэффициентімен* бағаланады:

$$K_{oc.c} = K_p / K_c.$$

Синфаз сигналы коэффициентінің әлсіреуі схеманың дифференциалды сигналды күшейту және синфаз кедергілерін әлсірету қабілетімен сипатталады.

Дифференциалды күшейткіштер үнемі қорытқы сипатын анықтайтын сыртқы теріс кері байланысты пайдаланады.

Дифференциалды күшейткішті дискретті элементтерде (резисторларда, транзисторларда) немесе интегралды орындауда жүзеге асыруға болады. Дискретті элементтерді пайдалануда өте жақын параметрлі оң және сол иық транзисторларын тандау қажет. Транзистор параметрлерінің өте үлкен айырмасында дифференциалды күшейткіш схемасы жұмыс істемейді, өйткені тоқты күшейтудің үлкен коэффициенті бар транзисторлардың біреуі өзінің эмиттерлі тоғымен эмиттерлі кедергі арқылы басқа транзисторды бекітіп тастайды. Кейде схеманы теңдестіру үшін транзисторларды іріктеу орнына теңдестіруші резисторларды қолданады. Транзисторлар мен резисторларды дәл тандаған күнде де дискретті элементтегі күшейткіштегі температуралық параметрлер интегралды орындаудағы дифференциалды күшейткішке қарағанда анағұрлым нашар болады. Бір микросхемада күшейткішті көбейту үшін каскадты қосылатын бірнеше транзисторларды қолданады. Дифференциалды күшейткіштің, әсіресе интегралды орындаудағы басты артықшылығы нөлдің аз ығыуы болып табылады. Алғашқы дифференциалды күшейткіштер биологиялық зерттеулер үшін дайындалған.


2.3. ТОҚ КҮШЕЙТКІШІ

Күшейетін сигналдардың төменгі шекаралық жиілігінің мәніне сәйкес күшейткіштерді айнымалы тоқ күшейткіштеріне және тұрақты тоқ күшейткіштеріне бөледі.

Айнымалы тоқ күшейткіштері жиіліктің белгіленген жолағында сигналдың үйлесімділігін ғана күшейтеді. Айнымалы тоқ күшейткіштері арасында төменгі жиілік күшейткіштерін, аралық жиілік күшейткіштерін, жоғары жиілік күшейткіштерін, өте жоғары жиілік күшейткіштері мен кең жолақты түрлерін ажыратады.

Тұрақты тоқ күшейткіштері деп нөлдік жиілікті қоса алғандағы ақырын өзгертін сигналдарды күшейтуге арналған құрылғыны атайды. Тұрақты тоқ күшейткішінің схемасы 2.9 сур. берілген.

Тұрақты тоқ күшейткіштері тек айнымалы кернеу мен тоқты ғана күшейтуге қабілетті емес, сонымен бірге тұрақты тоқты күшейтілген түрде бере алады. Демек, күшейткіштің төменгі шекаралық жиілігі нөлге тең, ал жоғарғысы төмен де, жоғары да болуы мүмкін, мысалы, бірнеше мегагерцге теңелуі мүмкін (($f_{гр1}$ бастап = 0 ден $f_{гр2}$ дейін = f_{max} диапазонында (2.3 сур. қара).




2.9 сурет. Тұрақты тоқ күшейткішінің схемасы:

E_{π} — күшейткіштің қуат көзі; R_{π} — күшейткіш жүктемесінің кедергісі; $\Delta U_{\text{кір}}$ — кіріс кернеуінің өзгеруі; $\Delta U_{\text{шығ}}$ — шығыс кернеуінің өзгеруі; R_1, R_2 — резисторлар; VT — транзистор

Тұрақты тоқ күшейткіштерінің амплитудалық-жиілік сипаты 2.10. суретінде көрсетілген.

Тұрақты тоқ күшейткіштерінің ерекшелігі - күшейткіш каскадтарды бір-бірінен, сондай-ақ тұрақты тоқтың сигнал көзі мен жүктемесінен бөлуге арналған бөлініс элементтерінің болмауы. Күшейтілетін сигналдың тұрақты түрде берілуін бөлініс конденсаторлары мен трансформаторлары байланыс арқылы бере алмағандықтан, каскадтар арасындағы тікелей байланысты қолданады. Каскадтар арасындағы тікелей байланысты айнымалы тоқ күшейткіштерінде, әсіресе оларды интегралды микросхемалар түрінде орындағанда қолданады.



2.10 сурет. Тұрақты тоқ күшейткішінің амплитудалы-жиілік сипаттамасы:

$|K_u|$ — кернеу бойынша күшейту коэффициентінің модулі; $K_{u \max}$ — кернеу бойынша күшейту коэффициентінің максималды мәні; f — жиіліктің ағымдағы мәні; $f_{\max}$ — жиіліктің максималды мәні


Тұрақты тоқ күшейткіштерінде жағымсыз құбылыс – нөлдің ығуы байқалады. *Нөлдің ығуы* деп кернеу немесе тоқтың өздігінен күшейткіштің үнемі кірісте тұруы кезінде шығысындағы өзгеріске түсуін атаймыз. Нөлдік ығудың себептеріне қуат көзінің тұрақсыздығы, транзистор параметрлерінің температуралық және уақытша тұрақсыздығы, төмен жиіліктегі шуылдар, кедергілер жатады. Аталған себептердің ішіндегі ең көп тұрақсыздық әкелетіні температураның өзгеруі. Температуралық өтем элементтеріне терморезисторлар, жартылай өткізгіш диодтар мен $p - n$ транзистор өткелдері жатады.

Қуат көзінің кернеуін тұрақтандыруға болады, температураны тұрақтандыру техникалық жағынан өте қиын. Күшейтілетін тұрақты кернеуді күшейткіш шығысында айнымалыға алдын-ала түрлендіруді қолдана отырып, нөлдің ығуын толығымен жоюға болады. Ол үшін айнымалы кернеу айнымалы тоқ күшейткішімен күшейтіледі және оның шығысында тұрақты тоққа айналады. Түрленуді кіріс және шығыс кернеулерін синхронды коммутациялайтын электрмеханикалық немесе электронды коммутатор көмегімен жүзеге асыруға болады. өте Жоғары жиіліктегі сигналда бұл түрлендіруді жүзеге асырудың қиындығы әдістің кемшілігі болып табылады. Айнымалы тоқ күшейткіштерінде нөлдің ығуы байқалады, бірақ олардың каскадтары бір-бірінен бөлініс элементтері арқылы бөлінгеннен кейін (мысалы, конденсатормен), бұл төменгі жиілікті ығу алдыңғы каскадтан келесіге берілмейді және күшеймейді. Сондықтан бұл күшейткіштерде нөлдік ығу өте төмен және оны есепке алмайды.

Тура күшейткіштегі тұрақты тоқтың біртақтылы күшейткіштері тікелей байланысты кәдімгі көпкаскадты күшейткіштер болып табылады. Оларды салыстырмалы түрде күшейткіштің кішкене коэффициентін алуда қолданады.

Операциялық күшейткіш деп дифференциалды кірісі және біртақтылы шығысы бар, күшейтудің жоғары коэффициенті тән, сондай-ақ үлкен кіріс пен шағын шығыс кернеуі бар тұрақты тоқ күшейткішін атау қалыптасқан. Операциялық күшейткіштердің күшейтудің үлкен коэффициенті, өткізудің кең жолағы, жоғары кіріс кердергісі, төмен шығыс кедергісі және аз нөлдік ығысуы бар.

¹ Коммутатор (*лат.commutare* — «ауыстыру», «алмастыру») — жағу, ажыратып қосу және электр тізбегі бөліктерін ажыратып қосу немесе басқа тізбекке қосуды қамтамасыз ететін электрмеханикалық, электронды немесе электронды-сәулелі құрылғы (құрал)



2.11 сурет. Операциялық күшейткіш:

a — операциялық күшейткіштің құрылымдық схемасы; $б$ — қарапайым шартты белгі; U_- — терістейтін кірудегі кернеу; U_+ — терістемейтін кірудегі кернеу; $U_{шығ}$ — шығыс кернеуі (Дифференциальный усилитель – дифференциалды күшейткіш, выходной усилитель- шығыс күшейткіші)

Операциялық күшейткіштің құрылымдық схемасы 2.11, а суретінде көрсетілген. Операциялық күшейткіштің екі кірісі бар; терістейтін («-» белгісімен таңбаланған) және терістемейтін («+» белгісімен таңбаланған)

Көпкаскадты операциялық күшейткіштер құрамына дифференциалды күшейткіштер енеді (оларды кіруде қосады). Операциялық күшейткіштің шартты таңбасы 2.11,б суретінде берілген. Олар өз атауымен аталады, себебі оларды бұрын ұқсас есептеу машиналарында қосу, көбейту, интегралдау¹, дифференциалдау² операциясын орындауда пайдаланған.

Қазіргі кезде негізгі ұқсас функциялар деп күшейту, салыстыру, шектеу, көбейтуді және сигналдардың жиілік фильтрациясын есептеу орын алған. Бұл қызметтердің әр қайсысы ұқсас интегралды схемалардың ерекше класымен орындалады. Бірақ барлық арнайы интегралды схемалар негізгі, ерекше универсалды және көпқызметті түйіндер – операциялық күшейткіштерден (ОК) пайда болады. Ұқсас құрылғылар сандармен салыстырғанда сигнал, атқаратын қызмет түрлері, сондай-ақ белгіленуі мен ішкі құрылымы бойынша әртүрлі болып сипатталады. Сондықтан ұқсас құрылымдар саласында элементтер базасын біріздендіру көпқызметті түйіндер негізінде ғана мүмкін болады.

Операциялық күшейткіштерді жартылайөткізгіш интегралды микросхемалар түрінде шығарады, оларды математикалық операцияларды орындау үшін ғана емес, сондай-ақ берілген қасиеттері бар күшейткіштерді, генераторларды, кернеу мен ток тұрақтандырғыштарын және т.б. құрастыру үшін де қолданады.

¹Интеграциялау (лат. integrare — «қалпына келтіру», «толтыру») — бөлшектерді біртұтас қылып біріктіру

²Дифференциалдау (лат. «бөлу», «құрамдас элементтерге бөіп тастау»).


Қуат күшейткіші деп – күшейтілетін сигналдың шығу қуаты тұрақты тоқ көзінен шығатын қуатпен салыстыруға болатын күшейткішті атаймыз. Қуат күшейткішінің негізгі мақсаты жүктемеде мейлінше көп мөлшерде қуат бөлу болып табылады. Бұрмаланбаған үлкен қуатты күшейтілген сигнал күшейткіш шығысына сырттан қосылатын жүктеме кедергісінен туындайды. Ол үшін төмендететін трансформаторларды немесе трансформаторлары жоқ, арнайы кестелер пайдаланылады.

Радиожиілік тербелістерді күшейтуде транзистор немесе электр шамы жүктемесінің кедергісі ретінде күшейтілетін тербелістердің жиілігін резонансқа бағыттайтын параллель тербеліс контурын қолдануға болады. Мұндай күшейткіш *резонансты* деп аталады. Резонансты күшейткіштерде тұрақты тоқ жүктеменің кедергісіне төмендеп кетпейді, сондықтан өте жоғары жүктеме кедергісін таңдауға болады. Олар жоғары жиіліктегі тербелістердің қуатын күшейту үшін жұмыс істейді. Оларды таратушы антенна қуатына қажет жоғары жиілікті тербелісті құру үшін радиотаратушы құрылғыларды пайдаланады. Резонансты күшейткіштерді жиі сыртқы қоздырғыштары бар қуат күшейткіштері деп атайды

Әдетте қуат күшейткіштері көпкаскадты күшейткіштердің шығыс каскады болып табылады (радиоқабылдағыш, теледидар). Мұндай күшейткіштердің шығыс қуаты $P_{\text{шығ}}$ ватт үлесінен бірнеше киловат аралығына болады және тұрақты тоқ көзінен бейсызықтық (транзистор, электр шамы) белсенді элементке әкелінетін $P_{\text{пит}}$ тоқ көзі қуатымен салыстырылады. Жүктемеге берілетін пайдалы сигналдың қуаты көбірек болғанда, энергияны үнемдеу мәселесі пайда болады. Ол үшін, ең алдымен, каскадтың өзінен шығатын қуатты азайтады

Қуаттың ең қарапайым күшейткіші біртақтылы күшейткіш болып табылады, оның схемасы 2.12 суретте көрсетілген. Біртақтылы күшейткіштер бір ғана қара-ұйшылықты немесе үйлесімді сигналдың бір бөлігін ғана күшейтеді.

Екітақтылы күшейткіштерде сигналдың оң құрамдас бөлігі бір белсенді элементпен күшейеді, ал терісі – басқамен.



2.12. сурет. Қуаттың біртақтылы күшейткішінің схемасы:

$E_{\text{п}}$ — тоқ көзі; R_1 R_2 — резисторлар; VT — транзистор; $U_{\text{кİR}}$ — кіру кернеуі; R_3 — эмиттер кедергісі; C_3 — эмиттер сыйымдылығы; C — конденсатор

Жүктемеде $R_{\text{н}}$ бұл күшейтілген компоненттер сигналдың бастапқы формасы қалпына келетіндей жинақталады. Қуат күшейткішінің, шығыс кернеуі амплитудасының, тоқтың, сондай-ақ күшейтілген сигналдың шығыс қуатының жоғары энергетикалық көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы транзистордың сәйкес параметрлеріне жақын болу керек. Бұндай режімде көбінесе радиохабарын таратушы қабылдағыштардағы дыбыс жиілігі күшейткішінің шығыс каскады жұмыс істейді. Динамикалық вольт-амперлік сипаттағы сызықтық аумақ ортасындағы жұмыс нүктесі таңдалатын каскадтың жұмыс істеу режімін А сызықтық режімі анықтайды. Бұндай режім минималды бейсызықтық бұрмалануларға жол береді, бірақ үнемсіз болып табылады. Бұл каскадтағы қуат сигнал жоқ кезде де бөлінеді, сондықтан пайдалы іс-әрекеттің максималды мүмкін коэффициенті 50%-ға ғана жақындауы мүмкін. Жұмыс нүктесін күшейткіштің динамикалық вольт-амперлік сипатының басында таңдайтын жұмыс режімі (тыныштық жағдайында транзистор жабық және тоқ көзінен қуат алмайды) В режімі деп аталады. Бұл режімдегі каскад жұмысы үнемдірек болады. В режімінде жұмыс істейтін каскадта бөлінетін қуат сигнал жоқ кезде аздау болады. Бірақ бұл жағдайда каскад бір қарама-қайшылықтағы немесе үйлесімді сигналдың бір бөлігін ғана күшейтуге қабілетті. Қуат күшейтудің негізгі көрсеткішіне жүктемеге берілетін пайдалы қуат $P_{\text{н}}$, η пайдалы әрекет коэффициенті, бейсызықтық бұрмалану коэффициенті $K_{\text{Г}}$ мен амплитудалық-жиілік сипаттағы өткізу жолағы (АЖС) жатады.

2.5. КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ КҮШЕЙТКІШТЕР


Күшейткіштің шығыс тізбегінен кіріс тізбегіне (шығыс сигналының кіріске әсері) энергияның бір бөлігін беру *кері байланыс деп аталады*. Егер күшейткіш кірісіне сыртқы берілетін сигналдан басқа, қарастырылып отырған күшейткіштің шығыс сигналы немесе оның бөлігі берілсе, күшейткіште кері байланыс жүзеге асады және бұл күшейткіштер *кері байланысты күшейткіштер* деп аталады.

Шығыс сигналы құрылғының кірісіне толықтай немесе жартылай түсуі мүмкін. Кері байланыс сигналы сол құрылғының шығысынан да, не болмаса басқа аралық каскадтан да алына береді және берілген кезде құрылғының кірісінде де, аралық каскадтағы кіріс тізбегінде де бола береді.

Бір каскадты қамтитын кері байланысты *жергілікті* деп, ал барлық көпкаскадты күшейткішті қамтитынды – *жалпы* деп атау қалыптасқан. Кері байланысты күшейткіштің құрылымдық схемасы 2.13 суретінде берілген.

Күшейткіш шығысынан сигнал өтетін пассивті электр тізбегі оның кірісіне беріледі, ол кері байланыс тізбегі деп аталады. Күшейткіш кері байланыс тізбегімен бірге тұйық шеңбер жасайды, ол кері байланыс тұзағы деп аталады. Жалпы жағдайда кері байланыс тұзағы бір немесе бірнеше каскадты қамтуы мүмкін.

Кері байланыс шығыс тізбектерінің кіріс тізбектеріне (бұндай кері байланысты паразитті деп атайды) әсерінен туындауы (көбінесе қажетсіз), ал кейде күшейткішке оның сипаты мен параметрлерін өзгерту үшін әдейілеп енуі мүмкін. Кері байланыстың екі түрі бар: сыртқы және ішкі.



2.13. сурет. Кері байланысты күшейткіштің құрылымдық схемасы:

U_{Γ} — генератордағы кернеу; $U_{\text{кпр}}$ — кіріс сигналы; $U_{\text{шығ}}$ — шығыс сигналы; K — күшейту коэффициенті; $U_{\text{о.с}}$ — кері байланыс кернеуі; β — кері байланыс коэффициенті

Ішкі кері байланыста шығыс кернеуінің немесе тоғының бөлігі күшейткіш кірісіне белсенді элементтердің ішкі тізбегі есебінен енеді. Ішкі кері байланыстарды схемаға қосымша тізбектерді енгізе отырып, арнайы түрде құрайды. Егер бұндай ішкі кері байланыс қарастырылмаса, ал сигнал күшейткіш шығысынан оның кірісіне түссе, онда ола күшейткіш каскадты монтаждау кезінде кеткен қателіктен болуы мүмкін. Осындай ішкі кері байланыстар паразитті деп аталады.

Кері байланысты күшейткіштердің жұмыс сапасы K күшейту коэффициентімен және p кері байланыс коэффициентімен бағаланады. *Кері байланыс коэффициенті* p құрылғының шығысынан кірісіне келетін кері байланыс сигналын көрсетеді. Кері байланыс F *тереңдігімен сипатталады*.

Кері байланыстар жеке каскадтардың да, сондай-ақ тұтам күшейткіштердің де сипатын жақсартады.

Кері байланыстың болуы құрылғы шығысында сигналдың және сәйкесінше күшейту коэффициентінің ұлғаюына немесе азаюына әкелуі мүмкін

Кіріс сигналы мен кері байланыс сигналында бірінші жағдайда фазалар және амплитудалар сәйкес келеді – бұндай кері байланыс *оң байланыс* деп аталады.

Күшейткіштердің көп бөлігінде оң кері байланыс қажет емес болып табылады және өте аз қолданылады. Екінші жағдайда фазалар қарама-қайшы және сигнал амплитудасы оқылады – бұндай кері байланыс *теріс байланыс* деп аталады. Теріс кері байланыс күшейту коэффициентін азайтады, бірақ бұл жағдайда жиілік және бейсызықтық бұрмаланулар азаяды және күшейткіштің сипаттамасы тұрақтанады.

Күшейткіштің кіріс тізбегіне теріс кері байланыс сигналдарын беру мен күшейткіштің шығысынан алу тәсілі бойынша ажыратылатын теріс кері байланыстың әр түрін қолданады

Егер күшейткіштің кіріс тізбегінде кері байланыс тізбегінің тоғы кіріс тоқы сигналынан шегерілетін болса, онда бұндай теріс кері байланыс *параллельді* деп аталады.

Егер кіріс тізбегінен кіріс сигналы мен кері байланыс кернеуі шегерілсе, онда бұндай теріс кері байланыс *тізбекті* деп аталады.

Күшейткіш шығысына кері байланыс тізбегін қосу тәсілі ток немесе кернеу бойынша байланыс алуға мүмкіндік береді. Кері байланыс кернеуі кіріс кернеуіне, немесе жүктемедегі токқа, немесе жүктемедегі шығыс кернеуі мен тоғын қоса алғанға тәуелді болады.

Кернеу бойынша тібектелген кері байланыста күшейткіш шығысынан кіріс тізбегінде кіріс кернеуімен $U_{\text{кпр}}$ алгебралық жақтан қосылатын шығыс кернеуінің бір бөлігі $U_{o.c}$ алынады

Кері байланыс кернеуі былайша анықталады

$$U_{o.c} = \beta U_{\text{шығ}},$$

мұндағы $U_{\text{шығ}}$ — шығыс кернеуі.

Кері байланысты қамтыған күшейткіштің кернеуі бойынша $K_{uo.c}$ күшейту коэффициенті былайша анықталады:

$$K_{uo.c} = \frac{U_{\text{шығ}}}{U_{\text{кпр}} \pm U_{o.c}} = \frac{U_{\text{шығ}}}{U_{\text{кпр}}(1 \pm \beta K_u)},$$


мұндағы β — кері байланыс коэффициенті; K_u — кері байланыссыз күшейткіш кернеуі бойынша күшейткіш коэффициенті, $K_u = U_{\text{шығ}}/U_{\text{кпр}}$. Кернеу бойынша кері байланыс тереңдігі F_u мына қатынаспен анықталады:

$$F_u = 1 + \beta K_u,$$


Кернеу бойынша кезекті кері теріс байланысты енгізу кернеу бойынша күшейту тұрақтылығын қамтамасыз етеді, сызықтық және бейсызықтық бұрмаланулардың төмендетеді, күшейткіштің кіріс кедергісін жоғарылатады және шығыс кедергісін азайтады.

Ток бойынша кері байланыс кернеуі (2.14,в,г) жүктеме тоғына пропорционал.


Ток бойынша тізбекті кері байланыс кернеу бойынша кері байланыстан күшейткіш шығысынан кері байланыс сигналын алу тәсілімен ерекшеленеді. Тізбекті кері байланыста күшейткіштің кіріс тізбегіне кернеудің төмендеуі кіріс тоғымен сәйкес келетін $R_{o.c}$ арнайы резисторды қосады. Сыртқы әсерлер мен транзистордың параметрлерін шашу күшейткіштің күшею коэффициентіне $K_{uo.c}$ көп әсерін тигізе қоймады. Бірақ бұндай күшейткіш жүктеме кедергілерінің өзгерісіне тым сезімтал. Ток бойынша тізбекті теріс кері байланыс күшейту коэффициентін тұрақты жүктемеде тұрақтандырады, бұрмалануды төмендетеді, күшейткіштің кіріс және шығыс кедергісін жоғарылатады.




a



b



v



z

2.14. кесте: Кері байланысты күшейткіштер схемасы

a — кернеу бойынша параллель; *b* — кернеу бойынша жүйелі; *v* — тоқ бойынша параллель; *z* — тоқ бойынша жүйелі; $U_{\text{кір}}$ — кіріс сигналы; $U_{\text{шығ}}$ — шығыс сигнал (Усилитель-күшейткіш, Цепь обратной связи – кері байланыс тізбегі)

Тоқ бойынша параллель кері байланыс жүйелі кері байланыстан қосымша резистор R арқылы өтетін кернеудің $и_{0,c}$ кері байланыс тоғын құруымен ерекшеленеді (2.14, г сурет). Күшейткіштің кіріс тізбегінде кері байланыс тоғы I_0 мен кіріс сигналы тоғының алгебралық қосындысы жүреді. Аралас кері байланыс кернеуі жүктемедегі тоққа да, шығыс кернеуіне де пропорционал.

Егер жалпы теріс кері байланысымен каскадтардың көп бөлігі қамтылса, бұл байланыстың кемшілігі болып күшейткіш жұмысының тұрақсыздығын атауға болады, соның салдарынан құрылғыда өздігінен қозу туындауы мүмкін. Егер солай бола қалса, онда күшейткіш өзінің негізгі қызметін орындауды қояды (генераторға айналады). Күшейткіштің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін жалпы теріс кері байланыспен аз мқлшердегі каскадтарды ғана қамтыған, сондай-ақ арнайы түзету тізбектерін қолданған жөн.

Кері байланыс тізбектері операциялық күшейткіштерде қолданылады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қандай құрылғылар күшейткіш деп аталады?
2. Күшейткіш қандай элементтерден тұрады?
3. Күшейткіш сапасының негізгі сипаты қандай?
4. Қандай күшейткіштер болады?
5. Қандай тізбекті кері байланыс деп атайды?
6. Кері байланыстың қандай түрін білесіздер?

ЭЛЕКТРЛІК ТЕРБЕЛІСТІҢ ӨНДЕЛУІ

3.1. ЭЛЕКТРЛІК ТЕРБЕЛІС ГЕНЕРАТОРЛАРЫ

Электрлік тербелісті өндіру ұғымын қуат көзі энергиясын электрлік тербеліс энергиясына айналдыру деп түсінуге болады. Электрлік тербелісті жасайтын құрылғылар *генераторлар*¹ деп аталады. Электрлік тербелісті тұрақты тоқ көзі энергиясын белсенді электронды элементтердің көмегімен қайта өндіру нәтижесінде немесе бір электрлік тербеліс энергиясын өзге қажетті жиіліктегі тербеліс энергиясына қайта өндіру нәтижесінде алуға болады. Бір электрлік тербеліс энергиясын өзге тербеліс энергиясына айналдыру үшін параметрлік² және кванттық³ генераторлар қолданылады.

Генераторларды радиоберіліс құрылғылары бар барлық радиотехникалық құрылғыларды жасау үшін қолданады. Бұдан басқа, генераторлар көптеген радиохабар қабылдағыштары құрамына енеді, олар барлық теледидарларда қолданылады.

Кейбіреулері генераторлардың жұмысын автогенераторларға (автотербеліс жүйесі) және сыртқы қозғаушы күші бар генераторларға бөледі.

Автотербеліс жүйесі деп сырттан қозғаушы күш болмаған жағдайда тоқтамайтын тербелістер іске қосылады, алайда тербелістің амплитудасы мен жиілігі жүйенің өзіне тән қасиеттерімен анықталады.

¹ Алғашқы лампалы генератор сызбасы 1913 жылы әзірленді. Ол жоғары жиіліктегі тербелісті алуға мүмкіндік беретін біршама қолайлы тәсілдермен қамтамасыз ететін өзге сызбаларды әзірлеуге бастама болды.

² Параметрлік — «параметр» деген сөзден шыққан сын есім; параметрлік тербеліс — жүйенің қандай да бір параметрінің жүйелі түрде өзгеруінің нәтижесінде пайда болған электрлік жүйедегі тербеліс үдерісі. Параметр — көрсеткіш секілді (гр. *parametron* — «өлшейтін») құрылғының, үдерістің, заттың қандай да бір қасиетін сипаттайтын физикалық шама.


³ Кванттық генераторлар — электромагниттік толқындар генераторлары, олардың әрекеттері тиесілі сәулеленуді (мысалы, лазерлер) қолдануға негізделген.

Автотербеліске мысал ретінде сағат тілінің тербелісін, музыкалық құралдар шегін, тоқ тербелісін және электронды генераторлардағы кернеуді алуға болады. Тербеліс тоқтамас үшін автотербеліс жүйесіне одан шыққан энергияның орнын толтыратындай энергия беріліп отыруы тиіс. Тербелістің стационарлық амплитудасын қолдау үшін энергияның берілісі энергияның шығындалуына сәйкес өзгеріп отырады, сондықтан автотербеліс жүйесінде кері байланыстың және сызықсыз элементтердің болуы қажет.

Автогенератор тұрақты тоқ энергиясын қажетті түр мен жиіліктегі электрлік тербеліс энергиясына айналдыратын құрылғы болып табылады. Автогенераторларда тербелісті тудыру үшін оң кері байланысты немесе белсенді құралды қолданады.

Кез келген тербелістің автогенераторы арналуы мен техникалық қолданылуына қарамастан қоректендіру көзінен, белсенді сызбасыз элементтен, шынжырдан, күшейткіштен және оң кері байланыс шынжырынан тұрады. Автогенератордың құрылымдық сызбасы 3.1 суретте көрсетілген.

Автогенераторларда қоректендіру көзі ретінде тұрақты кернеу көзін қолданады. Белсенді элемент шынжырға қоректендіру көзінен энергияның жеткізілуін реттеп отырады және тербелістің амплитудасын анықтайды. Белсенді сызықсыз элементтер ретінде, әдеттегідей, транзисторлар немесе электровакуумды лампалар қолданылады. Жиілік беріп отыратын шынжыр негізінен автогенератордың тербеліс жиілігін анықтайды. Жиілік беріп отыратын шынжыр ретінде әдетте LC-тербеліс контуры қолданылады. Күшейткіш тербеліс контурынан шығатын дабылдың амплитудасын арттырады. Егер жиілік беріп отыратын шынжырда шығын болмаса, онда мұндай жүйеде тербеліс шексіз болар еді және сөнбес еді. Алайда барлық шынайы жүйелерде мұндай шығындар бар. Сондықтан кері байланыс шынжыры тербелісті қуаттау үшін тербеліс контурына қажетті энергияны береді.



3.1. сурет. Автогенератордың құрылымдық сызбасы

Автотербелістің пайда болу механизмі қысқартылған түрде төмендегілерден тұрады. Тербеліс жүйесінде автогенераторды жіберген сәтте баяу бос тербеліс өздігінен пайда болады, бұл тербеліс қоректендіру көзін қосқан кезде, шынжырлардың тұйықталуында, күшейткіш құралдағы тоқ пен кернеудің секіруі кезінде пайда болады. Оң кері байланыстың арнайы енгізілген шынжырының арқасында күшейткіштің шығуында пайда болатын тербеліс энергиясының бір бөлігі оның кіруіне келіп жетеді. Тар жолақты тербеліс жүйесінің бар болуының арқасында барлық үдерістер бір жиілікте (резонанстық) өтеді және өзге жиіліктерде сөнеді. Сәйкес тербелістер автогенераторында тар жолақты тербеліс жүйесі ретінде резонанстық LC-контурлары мен RC-шынжырларын біршама жиі қолданады.

Жоғары жиіліктегі сәйкес тербелістерді (жүзден жоғары килогерц) алуға арналған автогенераторлар әдетте тербеліс контуры резонансы құбылысында (LC-генераторлары) немесе пьезоэлектрлік резонаторларында қолданылатын элементтерді қолдана отырып құрылады. Төмен жиіліктегі сәйкес тербелістер (ондаған килогерц және одан төмен) автогенераторлары резисторлы-сыйымдылық сызбасы (LC-генераторлары) негізінде құрылады.

Егер автогенераторға сыртқы мерзімді белгі әсер ететін болса, онда синхрондау құбылысы пайда болады, осының арқасында автогенератор тербелісінің жиілігі сыртқы белгі жиілігіне тең болып келеді. Мұндай автогенератор *синхрондалған генератор* деп аталады.

Синхрондалу телевизиялық қабылдағыштарда маңызды рөл атқарады.

Автогенераторларға қойылатын негізгі талаптардың бірі шығарылатын тербелістер жиілігінің жоғары тұрақтылығы болып табылады. Автогенераторлар жұмысының сапасын абсолютті және жиіліктің тұрақсыздығымен бағалау қабылданған. Жиіліктердің өзгеруінің себептері автогенераторлардағы ішкі шуылдар, мысалы транзисторлы автогенераторларда транзисторлар мен резисторлардың шуылдары болуы мүмкін. Шуылдың арқасында пайда болған жиіліктің қысқа мерзімді тұрақсыздығын азайту үшін шуылы аз транзисторларды тандап алады. Жиіліктің ұзақ мерзімді тұрақсыздығын қуаттандыратын кернеу мен температурадағы өзгерістер тудыруы мүмкін. Күшейткіш элементтер параметрлеріне температураның әсерін болдырмау үшін автогенераторларды кей жағдайларда термостаттарға¹ орналастырады.

¹ Термостат (термо... + гр. statos — «қозғалыссыз») — тұрақты температура ұсталып тұратын құрылғы.

Автогенераторлардың шығарылатын тербелістер жиілігін жоғары көлемді тербелістер жүйесін қолдана отырып тұрақтандыруға болады, мысалға, диэлектрлік, кварцтық шамадан тыс артық өткізетін резонаторлар¹. Автогенераторлардан шығарылатын тербелістердің түрі мен жиілігі тек автогенератордың өзінің параметрлерімен анықталады, сонымен қатар сыртқы қозғаушы күші бар генераторларда тербеліс амплитудасы мен жиілігі өзге деп аталады.

Сыртқы күйі бар генератор генерация режиміне ауысады, электрлік тербелісті қалыптастыру немесе күшейту тек оған жіберілу белгілері түскен кезде ғана жүзеге асады. Таратқыштарда қолданылатын сыртқы күйі бар генераторлар қуат күшейткіштері деп аталады. Алайда қуат күштілігіне байланысты сыртқы күйі бар генераторлар тербелісті сүзу үшін немесе тербелістің қажетті спектралды құрастыратындарын ерекшелеу үшін не бір тербеліс контурынан, не байланысқан тербеліс контурларынан құралған. Ерекшелік, сонымен қатар, белсенді сызықсыз элементтердің жұмыс режиміне де байланысты.

Берілетін белгілерінің түрі мен жиілігіне байланысты сәйкес (синусоидалды) тербелістер генераторлары және сәйкес емес тербелістер генераторлары деп бөлінеді.

3.2. СӘЙКЕС ТЕРБЕЛІСТЕР ГЕНЕРАТОРЛАРЫ

Сәйкес тербелістер (синусоидалды), біріншіден, ақпаратты беруде тасымалдағыш тербеліс ретінде қажет. Бұдан басқа, сәйкес белгілерді радиоөлшеулерде шынжырларды зерттеу кезінде сыналатын әсер ретінде қолданады. Жоғары жиіліктегі сәйкес тербелістер көзі тербеліс контуры болып табылады, оның резонанстық жиілігі $\omega_0 = 1/\sqrt{LC}$ қатысы арқылы анықталады. Тербеліс контуры бар тербеліс генераторларының жиілігі тербеліс контурының резонанстық жиілігіне жақын. Резонанстық контурды қолданатын автогенераторлар жоғары жиілікте жақсы жұмыс жасайды. Төмен жиілік үшін тербеліс контурын жасау қиын. Сондықтан біршама төмен жиіліктерді өндіруді соғу генераторлары немесе кері байланыс шынжырында LC-фильтрлі генераторлар көмегімен жүзеге асырады.

¹ Резонатор (лат. resonare — «жаңғырық беру») — резонанс іске асырылатын жүйе (немесе дене), (мысалы, акустикалық — шек, мембрана; электрлік — тербеліс контуры және т.б.).

LC-генераторлары. LC-генераторларында жиілік таңдау элементтері ретінде индуктивтік орамалар және конденсаторлар қолданылады. Әдетте орамалар мен конденсаторлар негізінде параллельді немесе тізбектес тербеліс контурларын қалыптастырады, олар тапсырылған f_0 жұмыс жиілігіне бағытталады. LC-генераторының негізін резонанстық күшейткіш атқара алады, онда трансформатордың көмегімен оң кері байланыс орнайды. Мұндай құрылғыда өндіру шарты f_0 тербеліс контурының резонанстық жиілігі үшін қамтамасыз етіледі.

Күшейткіш каскады шынжырында қоректендіру көзін қосқан кезде ток пен кернеу артады. Нәтижесінде LC-контурында f_0 жиілігіндегі синусоидальды тербеліс пайда болады, олар құрылғыда оң кері байланыстың көмегімен қолдауға ие болады. Тербелістің жиілігі f_0 резонанстық жиілігінен ауытқыған жағдайда тербелістің өндірілу шарты бұзылады.

LC-генераторларын трансформаторлы байланысты қолданбай орындауға болады. Бұл жағдайда кері байланыс шынжыры тербеліс контурына тікелей жалғанады, ол индуктивтіліктің бірнеше секциясынан құралған. Бұндай генераторларда LC-контуры күшейткіш каскадымен үш жерден (үш нүктеде) жалғанады, сондықтан олар үш нүктелі деп аталады.

Үш нүктелі байланыс көлемімен генераторды жүзеге асыруда тербеліс контурына индуктивтік орамасына параллельді түрде екі конденсаторды кезекпен қосады. Бұл жағдайда кері байланыс шынжыры аталған конденсаторлардың ортақ нүктесіне қосылады.

Қарастырылғандардан басқа біршама өзге де LC-генераторлар бар. LC-генераторлары тек резонанстық емес, сонымен қатар операциялық күшейткіштер негізінде де орындалады.

Өндіру жиілігінің жоғары тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қарапайым LC-генераторының кері байланыс шынжырына шынытас резонаторын қосады. Тербелістің өндірілуі LC-контурын шынытас резонаторының резонанстық жиілігі күйіне келтіру кезінде жүзеге асырылады.

Соғу генераторлары. Соғу генераторлары екі аз қуатты LC-автогенераторларынан тұрады. Генератор тербелісінің берілген жиілігін аз қуатты LC-автогенераторы арқылы берілетін екі жоғары жиіліктегі тербелістің айырымы ретінде алады. Сонымен қатар автогенераторлардың бірі f_1 қойылған жиілікте жұмыс жасайды, ал екінші f_2 автогенераторының жиілігі аз шамаға өзгереді.

Төмен жиіліктердің сүзгіші көмегімен қайта жасау шығарылымында төмен жиіліктің пайдалы белгісін ерекшелейді, ол жиіліктердің $F = f_j - f_2$ айырымына тең. f_j и f_2 жиіліктері F пайдалы белгісі жиілігіне қарағанда біршама артық болса да, f_2 реттеуші жиілігі шамалы өзгергеннің өзінде F генераторының пайдалы жиілігі кең шамада өзгереді. Осының арқасында төмен жиіліктегі генераторларда соғу арқылы қайта құрудың жоғары диапазонына оңай қол жеткізуге болады. Осындай жағдайда алынатын төмен жиіліктегі кернеудің шығарылым түрі сәйкес тербелістер түріне жақын.

Осындай генераторлардың кемшілігі F пайдалы жиілігінің шамалы тұрақтылығы болып табылады.

Мындай жағдайларда, яғни шамалы герц жиілігінде ондаған килогерц сәйкес тербелісін алу қажет болған жағдайда LC-генераторларын қолдану жөнсіз болып табылады. Бұл LC-генераторларында жиілігі бойынша қайта құрудың қиынға түсуіне және тербеліс контурының элементтері массасы мен көлемінің біршама артуына байланысты болып келеді. Осы себептерге байланысты төмен жиіліктегі автогенераторларды әдетте RC-элементтері негізінде құрады.

RC-генераторлары. RC-генераторларында жиілік таңдау шынжырлары ретінде конденсаторлар мен резисторлардан тұратын кері байланыс шынжырларын қолданады. Бұндай генераторларда күшейткіш каскадтары және белгілер қолданылады. Мүмкін деген RC-генераторларының маңызды саны RC-шынжырларының үлкен сызбалы техникалық мүмкіншіліктерімен анықталады.

RC-генераторлары Вин көпірімен бірге сызба элементтерін сәйкесінше таңдаған жағдайда жиіліктің жоғары диапазонында: бірліктер герцінен жүздеген килогерцке дейін тербелісті өндеуге мүмкіншілігі бар. Вин көпірі кері байланыс шынжыры болып табылады және жиілікті таңдайтын RC-шынжырын сипаттайды, екі сыйымдылықтан (Ω и C_2) және қосарланып біріккен R_1C_1 , R_2C_2 екі кедергіден (R_j и R_2) тұрады. Осы генераторларда жиіліктерді қайта құруды бір уақытта өзгерген жағдайда не C_1 и C_2 конденсаторлары сыйымдылығы, не R_j и R_2 резисторларының кедергісі жүзеге асырады.

Автогенератордың өздігінен іске қосылуы күшейткіштің $|k| = R_2 / R_j \gg 3$ коэффициенті күшеюі кезінде жүзеге асырылады.

Сәйкес тербелістер генераторлары біршама таралған өлшеу генераторлары қатарына жатады. Сәйкес тербелістің өлшеу генераторлары сапаны бағалау үшін радиобайланыс жүйесінің кейбір құрылғыларын қолданады.

Оларды қолданады:

- радиожүйесі қабылдағыштарын тексерген кезде;
- сызықтық шынжырларды (күшейткіштерді, фильтрларды) зерттеу, бақылау, реттеу үдерісінде амплитудалы-жиілік және фазалы-жиілік сипаттамаларын беруде;

- Олардың параметрлерін өлшеу кезінде беріліс сызығын қоректендіру үшін. Әдетте төмен жиіліктегі өлшеу генераторлары қолданылады:

- Радиожиіліктегі генераторлар мен қарқынды генераторларды модуляциялау үшін кернеудің сыртқы көздері ретінде;

- радиоқабылдағыш және радиоберіліс құрылғыларының төмен жиіліктегі тракттары, түйіндері мен элементтерінің техникалық сипаттамаларын анықтау үшін.


Радиоқабылдағыш құрылғыларының түрлі сипаттамалары мен сезгіштігін өлшеу кезінде антеннадан қабылдағышқа берілетін жоғары жиіліктегі кернеуді жоғары жиіліктегі белгілер генераторынан алынатын кернеумен ауыстырады. Ультразоғары жиілік генераторлары УКВ-қабылдағыштарын, радионавигация жүйесін, телевиденияны және т.б. реттеуге арналған.

3.3. СӘЙКЕС ЕМЕС ТЕРБЕЛІСТЕР ГЕНЕРАТОРЛАРЫ

Импульстерді кодтау түрінде ақпаратты беру үшін, түрлі құрылғыларды бір уақытта жіберу үшін, белгілі бір уақыт аралығында түрлі шынжырларды кезекпен қосу үшін синусоидальді емес түрдегі электрлік тербелістер генераторлары қолданылады. Мұндай тербелістер *релаксациялық* деп аталады.

Релаксациялық тербелістер мерзімді өшпейтін тербелістер болып табылады, олардың синусоидальді түрдегі тербелістерден ерекшелігі қарқынды өзгеру түрінің барлығымен сипатталады. Релаксациялық тербелістер генераторы болып релаксациялық генератор-релаксатор табылады.

Сәйкес емес тербелістердің генераторлары T орамымен күрделі түрдегі мерзімді емес тербелістерді өндіреді. Бұл тербелістер $\omega_0 = 2\pi/T$ негізгі жиілігінің үйлесімділігіне ғана емес, сонымен қатар $p\omega$ ($p = 2, 3, \dots$). жоғары үйлесімділікке де ие. Бұл сызықтық емес элементтерге ие барлық құрылғыларға сәйкес, ал әр генератор міндетті түрде сызықтық емес белсенді элементтерге ие.



3.2. сурет. Ара тәріздес күш-қуат:

T — кезектесу мерзімі; $T_{пр}$ — тура жүріс ұзақтығы; $T_{обр}$ — кері жүріс ұзақтығы; U_{max} — күш-қуаттың максималды амплитудасы; u — кернеу; t — уақыттың ағымдағы мағынасы

Генераторлар өндіретін серпіндерінің түрлеріне байланысты тікбұрышты, ара тәрізді, экспоненциалды және қарқындардың басқа түрлері генераторларына бөлінеді.


Автоматика, өлшеу техникасы, телевидения құрылғылары сызбасында ара тәрізді түрдегі (3.2. сурет) кернеу (ток) серпіндерін қолданады. Ара тәрізді түрдегі серпіндер U_{max} амплитудалы мағынамен, $T_{пр}$ тура жүрістің ұзақтығымен және $T_{обр}$ кері жүріс ұзақтығымен сипатталады. Ара тәрізді түрдегі серпінді ара тәрізді белгілердің генераторлары көмегімен алады.

Ара тәрізді белгілер генераторы. Ол қарапайым релаксациялық генератор болып табылады, оны бұрындары осциллографтарда генератор ретінде қолданған. Тиратрондағы ара тәрізді белгілер генераторы сызбасы 3.3. суретте көрсетілген.

Ара тәрізді белгілер генераторы R кедергісіне, C конденсаторына және VL тиратронына ие.


$U_{кпр}$ кернеуін қосқан кезде C конденсаторы қуаттала бастайды және ондағы u_c кернеуі заң бойынша $t_{зар}$ уақыт аралығында өседі. U_c кернеуі U_z тиратроны кернеуіне жеткен кезде (жүздеген вольт) тиратронда заряд пайда болады, ал конденсатор $t_{зар}$ уақыт аралығында тиратронның U_n кернеуіне дейін қуатталады. Кейін конденсатордың қуатталу үдерісі қайталанады. (3.4. сурет).

¹ Тиратрон (от гр. thyra — есік, кіре беріс) — катодпен, анодпен және сеткамен жабдықталған газбен қуатталатын құрал, газ толтырылған арнайы баллон.



3.3. сурет. Ара тәрізді белгілер генераторының тиратрондағы сызбасы:

T — тиратрон; C — конденсатор; R — резистор; U_{BX} — кіріс кернеуі; E_n — қоректендіру көзі; R_K — жүктеме кедергісі



3.4. сурет. Ара тәрізді белгілер:

U_c — конденсатордағы кернеу; U_3 — от алдыру кернеуі; U_n — өшу кернеуі; $t_{зар}$ — қуаттау уақыты; $t_{разр}$ — разряд уақыты; T — серпін ұзақтығы; t — уақыттың ағымдағы мағынасы


Тиратрондағы кернеуді басқара отырып, тербелісті алу үдерісін басқаруға болады.

Мультивибратор. Мультивибратор¹ қажетті жиіліктегі тік бұрышты серпіндер генераторы ретінде қолданылады, оның ұзақтығы олардың арасындағы айырмашылыққа тең. Ол автотербеліс режимінде және күту режимінде жұмыс жасай алады.

Мультивибратордың транзистордағы сызбасы 3.5. суретте көрсетілген. Мультивибратор екі R -күшейткіштен тұрады. Сол жақ күшейткіштен шығатын кернеу VT_1 транзисторы коллекторынан алынады және оң жақ күшейткішке беріледі, ал оң жақ күшейткіштен шығатын кернеу VT_2 транзисторы коллекторынан алынады және сол жақ күшейткішке беріледі.

Алғашқыда n — p — n — түріндегі екі транзистор арқылы $I_{\partial n}$ базасының тыныштықтағы және $I_{кп}$ коллекторының тоғы жүреді. Осындайда базада тыныштықтағы кернеу шамамен 0,8 В тең, ал коллекторда бірнеше вольтқа тең.

¹ Мультивибратор, яғни көптеген тербелістер генераторы



3.5. сурет. Мультивибратор сызбасы:

VT_1 , VT_2 — транзисторлар; C_1 и C_2 — конденсаторлар; $R_{к1}$ — VT_1 транзисторы коллекторының кедергісі; $R_{к2}$ — VT_2 транзисторы коллекторының кедергісі; $R_{б1}$ — VT_1 транзисторы базасының кедергісі; $R_{б2}$ — VT_2 транзисторы базасының кедергісі; $E_{п}$ — коректендіру көзі; $i_{п1}$ — $R_{б1}$ транзисторы базасы кедергісі арқылы разрядты ток; $i_{п2}$ — $R_{б2}$ транзисторы базасы кедергісі арқылы разрядты ток.

C_1 и C_2 конденсаторлары зарядталған. Бірінші транзистор коллекторының тоғы артқан кезде $R_{к1}$ коллекторы кедергісінің кернеуі төмендеуі артады, транзисторда екі аралық ашылады. C_1 конденсаторының оң пластинасының күш-қуаты азаяды, және де бұл VT_2 транзисторының $R_{б2}$ кедергі базасы арқылы жүретін $i_{п2}$ разрядты тоғының пайда болуына әкеледі. А нүктесінің күш-қуаты азаяды және VT_2 транзисторы жабылады.

VT_1 транзисторы коллекторындағы кернеудің азаюы C_1 конденсаторының оң пластинасындағы күш-қуаттың одан әрі азаюына әкеледі. C_1 конденсаторының оң пластинасындағы күш-қуат нөлге жеткен кезде, $R_{б2}$ кедергі базасы арқылы жүріп өтетін токтың арқасында C_1 конденсаторының оң пластинасының күш-қуаты арта бастайды, нәтижесінде VT_2 транзисторы ашылады да, VT_1 транзисторы жабылады. Осылайша, C_1 и C_2 конденсаторларындағы кернеу белгілерін өзгертеді.

Белсенді сызықсыз элементтердің (транзисторлардың) барлығы және сүзгіш шынжырлардың жоқтығы сәйкес емес мерзімді тербелістер мультивибраторының өңделуіне әкеледі.

Мультивибраторларды микросызбалар негізінде де жинайды.


Блокинг-генераторы. Блокинг-генераторы – бұл кең жолақты оң кері байланыстың релаксациялық генераторы. Осы үшін көптеген гармониктарды қамтитын күш-қуатты бойынан өткізе алатын күш-қуатты трансформаторлар қолданылады. Блокинг-генераторын қысқа және қуатты күш-қуаты бар генератор ретінде қолданады, қайталау ұзақтығы және жиілігі салыстырмалы түрде қарапайым және кең шамада өзгере алады.

Блокинг-генератор сызбасы 3.6. суретте көрсетілген. Блокинг-генераторы сырттан күш-қуат берілген жағдайда автогенератор режимінде және күту режимінде жұмыс жасай алады. Оларды телевизиялық қабылдағыштар генераторларында кең түрде қолданады.

Күш-қуат генераторы. Күш-қуат генераторы – бұл тік бұрышты немесе өзге түрдегі күш-қуатты қалыптастыратын өлшегіш құралдар, сонымен қатар белгілі түрі, ұзақтығы, қайталау жиілігі және биіктігі бар күрделі күш-қуатты бірізділіктер.

Күш-қуатты белгілер генераторлары жалпы қолданыстағы күш-қуат генераторлары, күш-қуаттың метрологиялық генераторлары және автоматтандырылған генераторлар деп бөлінеді.

Жалпы қолданыстағы күш-қуатты белгілер генераторлары радиотехникалық құрылғыларды қосқанда, интегралды сызбалар мен жартылай сымды құралдардың күш-қуатын өлшегенде, күш-қуатты модуляторлардың, кең жолақты күш-қуат күшейткіштерін өңдеп тексергенде қолданылады. Осы топтағы генераторлар күш-қуат түріне қарай (тік бұрышты, ара тәрізді және т.б.), ұзақтығына қарай (наносекундты, микросекундты, миллисекундты және т.б.) болып бөлінеді.



3.6. сурет. Блокинг-генераторы сызбасы:

VT — транзистор; C — конденсатор; R — резистор; L_1, L_2 — индуктивтік орамасы; E_n — коекстендіру көзі; i_b — база тоғы; i_k — коллектор тоғы.

Күш-қуаттың метрологиялық генераторлары аппаратураны өлшеу техникасында бақылау және мөлшерлеу үшін, сонымен қатар эксперименталды техникасындағы үлгілік өлшеу құралдары ретінде қолданылады.

Автоматтандырылған генераторларды және күш-қуаттың кодталған пакет генераторларын автоматтандырылған өлшеу жүйесі құрамында басқару параметрлерімен белгі көздері ретінде қолданады. Күш-қуаттың кодталған пакет генераторлары есептеу техникасында; байланыс техникасында; интегралды сызба жұмысын тексеру стендтерінде; радиоэлектронды аппаратураның түрлі құрылғыларын реттеу мен сынауда қолданылады.

Сандық генераторларда ақпарат (жиілік немесе амплитуда) сандар түрінде есептеледі.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қандай құрылғы генератор деп аталады?
2. Автотербелістің пайда болуымен ықшамдалған механизмі қандай?
3. Автогенератор қандай негізгі элементтерден тұрады?
4. Қандай құрылғы ішкі қозғаушы күші бар генератор деп аталады?
5. Релаксациялық тербеліс дегеніміз не?
6. Ара тәрізді белгілері бар генератор қандай негізгі элементтерден тұрады?
7. Мультивибраторлар мен блокинг-генераторлар қайда пайдаланылады?

ЭЛЕКТР ТЕРБЕЛІСТЕРІНІҢ ТҮРЛЕНУІ

4.1. МОДУЛЯЦИЯ

Сигналдарды беруге арналған жоғары жиілікті тербелістерді қолдану үшін оларға кез келген тәсілмен, яғни оларды белгілі бір уақыт ішіндегі импульстерді беру арқылы, немесе олардың амплитудасын, фазасын не жиілігін берілетін сигналға сәйкес өзгерту арқылы әсер ету керек. Осы тербелістерді қабылдаған кезде жоғары жиілікті тербелістердің, немесе импульстердің ұзақтығы параметрлерінің біреуін өзгерту негізінде берілетін сигналды қайта қалпына келтіру қажет. Осы уақытта пайда болатын пішіні, жиілігі немесе фазасының өзгеру процесстері *тербелістердің түрленуі* деп аталады. Барлық түрленулердің түрлері сызықты және сызықты емес болып бөлінеді.

Сызықты түрленулер *Ом заңына бағынады.* Осы түрленулердің нәтижесінде күрделі сигнал спектрінде тек амплитуда мен фазалық қатынастары ғана өзгере алады. Сызықты түрленулер сызықты тізбектерде жүзеге асады. Сызықты түрленулерге параметрлері ондағы белсенді токтар мен кернеулерден тәуелсіз тізбектері жатады.

Сызықты емес тізбектерде сигнал спектрінің өзін өзгертуге әкелетін, яғни кірісте болмаған құрамалардың пайда болуына әкеп соқтыратын күрделірек түрленулер орын алады. Сызықты емес тізбектерде токтар мен кернеулердің өзгеруі активті және реактивті кедергілердің өзгеруіне әкеп соқтырады, соның нәтижесінде кернеулер мен токтар бір-біріне пропорционалды емес, керісінше одан да күрделі тәуелділікпен байланыста болып өзгереді.

Ақпарат көзінен тұтынушыға ақпаратты беру кезінде басқарушы сигналдар мен радиосигналдар түрлі түрленулерге ұшырайды: модульденген түрленулердің пайда болуы, радиосигналдардың детекторлануы, радиосигналдар жиілігінің түрленуі, жиіліктің ұлғаюы, тербелістер амплитудасының шектелуі, сигналдардың дифференциялануы мен интегралдануы.

Дыбыстық жиіліктегі хабарламаларды (сөз сөйлеу, музыка, сурет) жіберу үшін сигналдар электрлік пішінге ауысады. Мұндай пішінде аталмыш сигналдар антенна қабылдағышы арқылы тиімді түрде сәуле шығаруға және бос кеңістікте таратуға әрдайым жарамды емес, өйткені олар тез өшіп қалатын төмен жиілікті тербелістерді білдіреді. Үлкен арақашықтыққа төмен жиілікті тербелістерді жіберу үшін үлкен арақашықтыққа жібере алатын қасиеттері бар жоғары жиілікті тербелістерді қолданады. Хабарламасы бар төмен жиіліктегі тербелісті жоғары жиілікті тербеліске қосқандай болып жібереді, нәтижесінде ол жіберілетін хабарламаның заңы бойынша өзгереді.

Жоғары жиіліктегі тербелістер тасымалдаушы сигнал деп, ал жіберілетін хабарлама басқарушы (модуляциялау) сигналы деп аталады. Нәтижесінде тасымалдаушы жоғары жиілікті тербелістер параметрлерінің біреуі, немесе бірнешеуі жіберілетін хабарламаның заңы бойынша өзгеру процессін модуляция¹ деп атайды.

Модульденген жоғары жиілікті тербелісті екінші реттегі сигналдарға жатқызады, ол *радиосигнал деп аталады*. Әр тасымалдаушы тербеліске арналған ықтимал модуляция түрлерінің саны оның параметрлерінің санына тең.

Үйлесімді тербеліс A_0 амплитудасымен, ω_0 жиілігімен және ω_0 фазасымен сипатталады. Модуляцияланған сигналдың тасымалдаушы жоғары жиілікті тербелістің амплитудасына, жиілігіне немесе фазасына әсер ету-етпеуіне байланысты сәйкесінше амплитудалық, жиіліктік, немесе фазалық модуляцияны анықтайды. Модуляция мен детекторлау кезіндегі пішіні, жиілігі, немесе фазасының ауысу процесстері тербеліс-тердің ауысуы деп аталады.

Модуляция бейнесигнал спектрін радио, немесе оптикалық жиіліктер аймағына ауыстыруға мүмкіндік береді, осының арқасында ол сәуле шашу арқылы қашықтыққа жіберілуі мүмкін.

Модуляцияны арнайы құрылғыларда – модуляторларда жүзеге асырады (4.1 сурет). Модулятордың екі кірісіне басқарушы (төмен жиілікті) сигналды $U_{\text{упр}}$ береді және үйлесімді тасымалдаушы (жоғары жиілікті) тербелісін береді $U_{\text{нес}}$, ал шығыста модуляцияланған (жоғары жиілікті) тербеліс $U_{\text{мод}}$ пайда болады.


Басқарушы сигналдың спектрі тек төмен жиілікті құрамаларды (мысалы $\Omega_1, \Omega_2, \Omega_3$) (4.2. сурет) құрайды.

¹ Модуляция (лат. modulation — «өлшем», «өлшемділік») — жоғары жиіліктегі қайталмалы параметрінің біреуін басқа едәуір төмен (модуляциялаушы) жиілікпен әрекет етуі арқылы өзгеруі.



4.1 сурет. Модулятор құрылымы:

$U_{тас}$ — тасымалдаушы тербеліс; $U_{басқ}$ — басқарушы сигнал; $U_{мод}$ — модуляцияланған тербеліс




4.2 сурет. Сигналдардың спектрлері:

a — басқарушы сигналдың; $б$ — тасымалдаушы сигналдың; $\Omega_1, \Omega_2, \Omega_3$ — төмен жиіліктегі құрамалар; U_n — басқарушы сигналдың кернеу амплитудасы; ω_0 — тасымалдаушы жиілік; ω — жиіліктің ағымдағы мәні.

Тасымалдаушы сигналдардың спектрлері тасымалдаушы жиіліктегі бір құраманы құрайды ω_0 (4.2 сурет, б). Модуляторда бүйірлі құрамалар пайда болып және төмен жиіліктегі құрамалар жойылады.

Модуляцияланған ауытқудың спектрінде төмен жиілікті құрамалар жоқ, бірақ тасымалдаушы жиілікке жақын бүйір құрамалары пайда болады ($\omega_0 \pm \Omega_1$; $\omega_0 \pm \Omega_2$; $\omega_0 \pm \Omega_3$), яғни ол тасымалдаушы тербелістің спектрінен әлдеқайда күрделірек (4.3 сурет).

Дыбыстық жиіліктің сигналы аралас тасымалдаушы жиілікпен жоғары жиілік арқылы беріледі ω_0 . Осының арқасында бір желі арқылы хабарламаларды көпканалды түрде жіберуге мүмкіндік бар.




4.3 сурет. Амплитудалық-модуляцияланған тербелістің спектрі:

ω_0 — тасымалдаушы жиілік; U — кернеу амплитудасы; ω — жиіліктің ағымдағы мәні; $\omega_0 - \Omega_3 \dots \omega_0 + \Omega_3$ — спектрдің бүйір құрамалары.

Бұл жадайда әртүрлі хабарламалар әртүрлі жиіліктегі тасымалдаушы тербелістерді пайдаланады. Қабылдау кезінде сигналдардың әрбіреуі өзінің жиілігіне теңшеленген сүзгіштердің көмегімен бөлінеді. Әр сүзгіштің шығысында тек бір сигналды қабылдайды. Әр радио станцияға өзінің тасымалдаушы жиілігі тағайындалады, оны радиоқабылдағышта өзгерту арқылы қажетті сигналды қабылдауға болады. Мысалы, Санкт-Петербург 801 кГц жиілігінде жұмыс істейді.

Амплитудалық модуляция. Амплитудалық модуляция кезінде жіберілетін хабарламаның заңы бойынша тек тасымалдаушы жоғары жиіліктегі тербелістің амплитудасы ғана өзгереді A_0 .

Тасымалдаушы тербеліс ретінде радиотехникада әрдайым жоғары жиіліктегі гармониялық сигналды қолданады u_n (4.4 сурет, а). Жіберілетін хабарламаны үзіліссіз функция ретінде сигнал арқылы көрсетеді (4.4 сурет, б).



4.4 сурет. Гармониялық сигналдағы амплитудалық модуляция:

а — жоғары жиіліктегі тасымалдаушы тербеліс; б — модуляциялау сигналы; в — амплитудалық-модуляцияланған сигнал; г, д және е — тасымалдаушы, модуляциялау және модуляцияланған тербелістерге сәйкес спектрлер; u_n — модуляция болмаған жағдайдағы тасымалдаушы тербелістің амплитудасы (синусоидтың максималды биіктігі); T_0 — тасымалдаушы тербелістің кезеңі; T_1 — жіберілетін сигналдың кезеңі; $U_{\max}$ — модуляцияланған сигналдың максималды амплитудасы; $U_{\min}$ — модуляцияланған сигналдың минималды амплитудасы; Ω — модуляциялау тербелістің жиілігі; ω — тасымалдаушы тербелістің жиілігі.

Амплитудалық модуляция кезінде амплитудалық-модуляцияланған сигналдың иегіші модуляциялау сигналына, яғни жіберілетін хабарламаға сәйкес келеді (4.4 сурет, в).

Модулятордың сызықты емес элементінің кірісіне (диодтың) басқарушы және тасымалдаушы тербелістердің кернеу қосындысын берсе, онда ток сызықты емес элемент арқылы бүйір құрамаларын құрайтын болады (4.4 сурет, е). Тасымалдаушы жиіліктің тербелісіне қатысты ω_0 біркелкі орналасқан бүйір құрамалары бір-біріне тең, яғни бүйір құрамаларының спектрі тасымалдаушы жиілікке қатысты біркелкі симметриялы болып келеді.

Модуляцияның дәрежесі *модуляция коэффициентімен, немесе модуляция тереңдігінің коэффициентімен* M мінезделеді, ол жоғары жиіліктегі тербелістер амплитудасының максималды өзгеруін қатысты түрде көрсетеді және модуляцияланған сигнал амплитудасының ΔU оның орташа мәніне $U_{\text{орт}}$ қатысты максималды ұлғаю қатынасына тең.

Модуляция тереңдігінің өлшеусіз коэффициентін M әдетте пайыз ретінде көрсетеді, %:

$$M = \frac{\Delta U}{U_{\text{орт}}} 100; U_{\text{орт}} + \Delta U = U_{\text{max}}; U_{\text{орт}} - \Delta U = U_{\text{min}};$$

$$M = \frac{U_{\text{max}} - U_{\text{min}}}{U_{\text{max}} + U_{\text{min}}} 100.$$


Модуляцияланған тербеліс тасымалдаушы тербелістің амплитудасына u_n (ол модуляция кезеңіндегі орташа мәннің иілу мағынасын білдіреді T_1), модуляция тереңдігінің коэффициентіне M , модуляция жиіктілігіне F_0 , тасымалдаушы жиілікке ω_0 тәуелді болады.

Жиілікті модуляция. УҚТ диапазонындағы радиохабарларда телевизиялық және музыкалық бағдарламалардың дыбысын бергенде жиілікті модуляцияны қолданады. Жиілікті модуляция кезінде тасымалдаушы жоғары жиілікті тербелістердің амплитудасы бірқалыпты болып қалады, ал тасымалдаушы жиілік ω_0 модуляциялау сигналының заңы бойынша уақыт ішінде өзгереді (4.5 сурет).

Жиілікті модуляцияда модуляцияланатын негіз ретінде үйлесімді тербелістің ω_0 жиілігі есептеледі, оның ұлғаюы $\Delta\omega$ уақытқа тәуелді және модуляциялау сигналының U бірден мәніне пропорционалды. Үйлесімді тербеліс кезіндегі жылдам жиілік ω уақыт ішінде өзгермейді, ол тасымалдаушы жиілікке ω_0 тең.

Жиілік модуляция кезіндегі тасымалдаушы тербелістер ω тәуелді модуляциялау сигналына U байланысты

$$\omega = \omega_0 + K_u U,$$



4.5 сурет. Жиілік модуляциясы:

a — тасымалдаушы тербеліс; $б$ — модуляциялау сигналы; $в$ — жиілікті-модуляцияланған сигнал; U_k — тасымалдаушы тербелістің кернеуі; U — модуляциялау сигналының кернеуі; $U_{\text{чм}}$ — жиілікті-модуляцияланған кернеу; t — уақыт.

ω_0 — тасымалдаушы тербелістің тасымалдаушы жиілігі; k_f — жиілік пен кернеу арасындағы пропорционалдаудың өлшемді коэффициенті, рад/(В • с).

Жиіліктің орташа мәнінен модуляцияланған тербелістің жылдам жиілігінің ω_0 максималды тербеліс жиілігінің девиациясы¹ ω_d деп аталады,

$$\omega_d = \omega m_f = \frac{k_f U}{\omega},$$

ω — айналмалы жиіліктің бірден мәні; m_f — тасымалдаушы тербеліс фазасының девиациясы (жиілікті модуляцияның индексі); U — модуляциялау сигналының амплитудасы.

Тасымалдаушы тербелістің жиілікті модуляциясын оңтайлы түрде көп жағдайда автогенератордың тербеліс контурының резонансты жиілігін қайта құрау жолы арқылы жасауға болады.

¹ Жиіліктің девиациясы (лат. deviatio — «тербеліс»; de — «тербеліс» + via — «жолдан») — жиілікті модуляция кезіндегі электр жиіліктері тербелісінің орташа мәнінен максималды тербелісі.

Тәжірибелік радиоэлектрондық сызбаларда бұл сызықты емес орташа өткізгішті элемент – варикап¹ арқылы жүзеге асырылады.

Фазалық модуляция. Тасымалдаушы жоғары жиілікті тербелістегі бастапқы фазадағы φ_0 өзгерістер *фазалық модуляция* деп аталады. Фазалық модуляцияланған кернеуде тасымалдаушы жиіліктің тербеліс фазасы модуляциялау сигналына пропорционалды өзгереді.

$$\psi(t) = \omega_0 t + k_\phi U,$$

k_ϕ — пропорционалдықтың өлшемдік коэффициенті, рад/В.

Тасымалдаушы тербеліс фазасының бастапқы фазадан максималды тербелісі m_ϕ *фазалық модуляцияның индексмен* сипатталады.

$$m_\phi = k_\phi U.$$

ω_d фазалық модуляциядағы жиіліктің тасымалдаушы жиіліктен ω_0 максималды тербелісі *жиіліктің девиациясы* деп аталады


$$\omega_d = m_\phi \omega = k_\phi U \omega.$$

Жиілікті және фазалық модуляция бұрыштық модуляцияның бір түрі болып табылады.

4.2. ЖОҒАРЫ ЖИІЛІКТІ ТЕРБЕЛІСТІ ДЕТЕКТОРЛАУ

Радиотехникалық құрал-жабдықтардағы электр тербелістерінің екінші маңызды өзгеру түрі болып модуляциялауға теріс үрдісі есептеледі. Адамның тербелістерді қабылдауы, немесе құрал-жабдықтармен тіркелуі үшін амплитудасы, жиілігі, не фазасы бойынша модульденген қабылданушы жоғары жиілікті тербелістерді радиоқабылдағыш құралда қайтадан төмен жиілікті тербелістерге өзгерту қажет. Модульденген жоғары жиілікті сигналдың пішіні төмен жиілікті модульденген сигналды ойнататын тербеліске өзгеру процессі детекторлау (демодуляциялау) деп аталады. Көп жағдайда оңтайлы түрде амплитудалық-жиілікті тербелістердің детекторлануы жүзеге асырылады. Демодуляциялау үшін детекторды, немесе қабылданған, күшейтілген және өзгертілген жоғары жиілікті модульденген тербелістен жіберілетін пайдалы сигналды айқындайтын демодуляторды қолданады (4.6 сурет).

¹ Варикап (*ағыл.* varicap, vari(able) — «өзгермелі» + cap(aciti) — «сыйымдылық») — орташа өткізгішті құрал, радиоэлектронды жабдықтарда қолданатын кернеуді азайтып-көбейткенде өзгертін сыйымдылық.



4.6 сурет. Амплитудалық-модульденген қарапайым детектор:

a — модульденген сигнал; b — детектор; $в$ — пайдалы сигнал; u — кернеу; C, C_1 — конденсаторлар; R — резистор; VD — диод; t — уақыт

Детектор төмен жиіліктегі сигналды шығаруға арналған сызықты емес элемент пен фильтрден құралады. Сызықты емес элемент ретінде диодтар мен транзисторларды, төмен жиіліктердің фильтрі ретінде — қарапайым RC-тізбегінде қолданады. Детекторға қойылатын негізгі талап — берілетін сигналды дәлме-дәл ойнату. Амплитудалық-модульденген сигналдардың детекторын амплитудалық детектор деп те атайды.

Қандай сигналдың детекторланатынына байланысты оларды амплитудалық, жиіліктік және тағы басқа детекторларға бөледі.

Жиілікті-модульденген және фазалық-модульденген тербелістерді екі кезеңде өндіреді: алдымен оларды терең емес амплитудалық модуляцияға өзгертеді, ал содан соң амплитудалық детекормен детекторлайды. Бұл ретте жиілікті-модульденген сигнал амплитудасының барлық өзгерістерін пайдалы сигнал қатарында детекторлайды, сол себептен детектордың алдында амплитудалық тежегішті қояды. Ең оңтайлы жағдайда жиілікті-модульденген тербелістердің амплитудалық-модульденген тербелістерге өзгеруін тербеліс контурларын пайдалану арқылы жүзеге асырады, оларды жиілікті-модульденген тербелістердің тасымалдаушы жиілікке қатысты орналастырады.

Көп жағдайда жиілікті детектордың *дискриминатор* деп аталатын бірдей симметриялық сызбасын қолданады.

4.3. ЖИІЛІКТІ ТҮРЛЕНДІРУ

Көп жағдайда өңделуші сигналдың спектралды құрамын өзгерту, немесе жиілік бойынша оның спектрін жылжыту қажет болады,


яғни радиолектронды сызбаның шығысындағы сигналдың спектралды құрамын кірістегі сигналдың спектралды құрамымен салыстырғанда өзгерту. Үшінші жиілікті алу үшін әр-түрлі жиіліктегі екі сигналды сызықты емес, немесе параметрикалық түрде араластыру процесі *жиіліктің түрлену (гетеродинациялау)* деп аталады.

Қандай да бір модульденген сигналдың спектрі осылай түрленгенде (сонымен бірге кез-келген радиосигналды) тасымалдаушы жиілік аймағынан аралық жиілік аймағына модуляция түрі мен қалпын өзгертпей ауысады (немесе бір тасымалдаушы жиіліктен басқасына, сонымен бірге жоғарғысына да). Жиіліктің түрлену процесі модуляциядан айырмашылығы мынада: жиілікті түрлендіруді пайдалы әрекет коэффициентін өндіру аса маңызды емес қуаты аз құралдарда жүзеге асырылады, бұл орайда маңызды талап ретінде анодтық тізбекте аралас жиіліктер мен жоғары тәртіптердің үйлесуі болып табылады. Сонымен бірге модуляция кезінде модульденген сигналдың жиілігі модульденген жиіліктен бірнеше рез көп болуы ықтимал. Ал сигналдардың араласуы кезінде жиіліктердің арақатынасы әр-түрлі болуы мүмкін.

Жиілікті түрлендіруді сигналды ары-қарай өңдеу мен оны күшейту үшін жүзеге асырады. Көп жағдайда сигналды өңдеу де, күшейту де тасымалдаушы жиіліктің төмен болуына байланысты оңайырақ. Осы себептен аралық жиілік сигналдың жиілігінен басым жағдайда азырақ.

Жиіліктің түрлену процесі жүзеге асырылатын құрал – *жиілікті түрлендіргіш* деп аталады.

Жиілікті түрлендіргіш гетеродин араластырушыдан және аралық жиілік сүзгішінен тұрады (көп жағдайда аралық жиілік күшейткішінің ауысу контурынан, немесе жоғары жиіліктің күшейткішінен) (4.7 сурет).



4.7. сурет. Жиілікті түрлендіргіштің құрамалық сызбасы:

$U_{ам}$ — амплитудалық-модульденген сигналдың кернеуі; $U_г$ — гетеродиннің кернеуі.

Араластырғыш пен гетеродин өзара жиілікті түрлендіргішті құрайды.

Араластырғыш сызықты емес элемент, онда сигналдарды күшейту жүзеге асырылады. Араластырғыш ретінде далалық транзистор, МДТ-транзистор, варикап, немесе шаршылық сипаттамасы бар қарапайым диод қолданылуы мүмкін.

Гетеродин араластырғышты параметрлік түрде басқару үшін қолданылады; ол қосалқы генератор ретінде пайдаланылады және өздігінен көп жағдайда гетеродин жиілігінің ω_r үйлесімді тербелістерінің қуаты аз генератор ретінде әрекет етеді.

Қажетті спектралды құраманы анықтау үшін араластырғыштың шығысында жиілікті таңдайтын элементті қосады (**аралық жиіліктің сүзгісі**), мысалы жалғыз тербелістік контурды алуға болады.


Радиосигналдардың жиілігін түрлендіру кезінде түрлендіргіштің екі кірісіне тасымалдаушы жиілігі ω_0 және гетеродинің юг жиілікті үйлесімді тербелісі бар кірістік модульденген тербелісті береді, ал шығысында тасымалдаушы жиілігі юг — ω_0 , немесе юг + ω_0 тербелісін алады, және модуляцияның кірістегі модульденген тербеліс заңымен бірдей алып отырады.

Кірістеді амплитудалық-модульденген тербелістің спектрі, гетеродин жиілігі юг үйлесімді тербелістің спектралды құрамасы және түрленген тербелістердің спектрлары 4.8. суретте көрсетілген. Түрлендіргіштің шығысында бізге қажетті тербелістің басқасынан барлық құрамалар басылуы қажет, мысалы, ω_1 — ω_0 .

Амплитудалық-модульденген тербелістерге кейіннен сүзілетін тербелістердің көбеюі сонымен бірге жиілікті түрлендіруге мүмкіндік береді (гетеродинациялау). Мысалы, сызықты емес вольтамперлік сипаттамалы құралдың кірісіне бір уақытта әр-түрлі ю1 және ю2 жиіліктері бар екі үйлесімді тербелістерді берсек (мұнда ю1 > ю2), онда шығыстағы токтың спектрінде бастапқы тербелістердің гармониктерінен басқа $\omega_1 + \omega_2$ и $\omega_1 - \omega_2$ жиіліктегі құрамалар пайда болады.

Бұл орайда аталған тербелістердің амплитудалары бірдей, яғни сызықты емес құралда кіріске берілген сигналдардың ұлғаюы пайда болады. Қажет болғанда кез-келген спектралды құраманы бір-бірінен тәуелсіз етіп бөлуге болады.

Ұқсас ұлғайтқыштарда жиілікті түрлендіру. Жоғары, немесе төмен Бір жиіліктегі бтербелістерді басқа жиіліктің тербелісіне түрлендіру қажет болған жағдайда қазіргі заманауи параметрикалық резистивті тізбектерден тұратын жиілікті түрлендіргіштерде араластырғыштардың орнына ұқсас ұлғайтқыштарды қолданады.



4.8 сурет. Тербелістердің жиілікті түрлендірудегі спектрлары:
 a — кірістегі модульденген тербелістің; b — түрленген тербелістің; ω_0 — амплитудалық-модульденген тербелістің тасымалдаушы жиілігі; $u_{ам}$ — амплитудалық-модульденген тербеліс кернеуінің бірден мәні; ω — жиілік; $u_{п.ч}$ — аралық жиілік сигналының кернеуі; t — уақыт; $\omega_{п.ч}$ — аралық жиілік; $u_{н}$ — тасымалдаушы жиіліктегі кернеу; U_T — гетеродин кернеуі.

Жиілікті көбейткіш — шығысында синусоидалды кернеу тудыратын құрал, оның жиілігі кірістегі ауыспалы кернеудің жиілігінен бірнеше рет асады (4.9 сурет).

Жиілікті көбейткіштер өзара резонансты ұлғайтқыштарды білдіреді, олардың жүктеме контурлары қоздыратын кернеудің бірден-бір жоғары гармонигына теңшеледі (берілетін тербелістің белгілі-бір гармонигінің жиілігіне). Қабылдағышта гетеродинның болған жағдайында әр-түрлі радиостанцияларды қабылдағанда аралық жиіліктің күшейткішін қайта теңшеу қажет емес, тек радиоқабылдағыштың гетеродин жиілігі мен резонансты контуры ғана теңшеледі.



4.9 сурет. Жиілікті көбейткіштің сызбасы:
 $U_{кп}$ — кіріс сигналы; $U_{шығ}$ — шығыс сигналы

Аналогты көбейткіштің кірістеріне екі гармоникалық тербелісті берсе (мысалға модульденген сигнал мен гетеродиннің тіреуіш кернеуі), онда оның шығыстағы кернеуі екі спектралды құраманы құрайтын болады.

Әрбеткей жиіліктегі спектралды құрама $\omega_{п.ч} = |\omega_r + + \omega_0|$ аралық жиілікті ұлғайтқыштың жіңішке сызықты сүзгішімен және түрленген сигналдың юпч аралық жиілігі ретінде байқалады.


4.10, *а* суретінде гармоникалық тербелістің спектрі көрсетілген, ол ю1 жиілігіндегі жиілікті көбейткіштің кірісінде көрсетілген. Көбейткіштің шығысында ω_1 жиілігіндегі үйлесімді тербеліс пайда болады (4.10, *б суреті*), барлық басқа спектралды құрамалар, сонымен бірге ю1 жиілігі тербелісіндегі кіріс жиілігі де басылады (4.10, *б суретін кара*).

Барлық қарастырылған түрленген сигналдарға: модуляцияға, детекторлауға, жиілікті түрлендіру мен көбейтуге – кірістегі сигналдардың спектрында болмаған жаңа спектралды сигналдардың құрамаларында пайда болуы мінезделеді.

Тербелістің спектралды құрылымының осындай күрделенуін диодтар мен транзисторлардың сызықты емес элементтерінің көмегімен алуға болады.


Шығысында аралас кернеуді кірістегі кернеу жиілігінен бірнеше есе артатын жиілікпен алатын құралды *кернеуді бөлуші* деп атайды.

Қабылдағышта гетеродинді генератордың болса, онда әр-түрлі радиостанцияларды қабылдаған уақытта аралық жиілікті ұлғайтқышты теңшеу қажет болмайды, тек гетеродиннің жиілігі мен радиоқабылдағыштың резонансты контуры ғана теңшеледі.




4.10 сурет. Үйлесімді тербелістердің спектрлары:

а — жиілікті ұлғайтқыштың кірісінде; *б* — жиілікті ұлғайтқыштың шығысында; ω — жиіліктің ағымдағы мәні; ω_1 — үйлесімді тербелістердің жиілігі.



4.11 сурет. Дифференциялаушы тізбек:

$U_{\text{кр}}$ — кіріс сигналы; $U_{\text{шығ}}$ — шығыс сигналы



4.12 суреті. Интеграциялау тізбегі:

$U_{\text{кр}}$ — кіріс сигналы; $U_{\text{шығ}}$ — шығыс сигналы; C — конденсатор; R — резистор

Тербелістер амплитудасын тежеу. Тегіштер кейбір жоғары немесе төмен жатқан белгіленген деңгейдегі сигналдардың бір бөлігін басып тастайды. Егер кейбір деңгейден жоғары сигнал басылып тасталса, онда мұндай құрал – *максимум бойынша тежегіш* деп аталады, егер кейбір деңгейден төмен сигнал басылып тасталса, онда мұндай құрал – *минимум бойынша тежегіш* деп аталады. Сонымен бірге сигналдарды жоғарыдан да, төменнен де басып тастайтын тежегіштер бар.

Тежегішті алудың ең қолайлы тәсілі болып диод арқылы алу есептеледі, оның анодтағы тоқтың кернеуі нөлден төмен болғанда тоқты өткізбеу құрылысын пайдалану арқылы қолдану.

Дифференциялау. Көп жағдайда импульсті құрылғыларда кіріске берілген сигналды ондағы тоқ, немесе кернеу шығысында кіріс сигналына пропорционалды емес, керісінше оның өзгеру жылдамдығына пропорционалды етіп түрлендіру қажеттілігі туындайды. Мұндай түрленудің операциясы кіріс сигналын *дифференциялау* деп аталады, ал оларды жүзеге асыратын тізбектерді *дифференциялаушы* деп атайды.

Оңтайлы дифференциялау тізбегі болып резистор мен конденсаторды бірінен соң бірін қосу есептеледі (4.11 сурет).

Интеграциялау. Көп жағдайда тізбектердегі тоқ уақыт ішінде өзгеріп жатады, осындай кезде тізбек арқылы белгілі уақыт ішінде өткен зарядқа пропорционалды кернеуді алу қажеттілігі туындайды. Осы зарядты анықтау үшін барлық уақыт аралығын кішігірім уақыт бөлшектеріне бөлу қажет, және осы аралықта белгіленген дәлділік арқылы тоқты үздіксіз деп есептеп, осы кішігірім уақыт бөлшектеріне бөлінген зарядтардың қосындысын санауға болады.

Бұл операцияны *интеграциялау* деп атайды. Интеграциялау тізбегі 4.12 суретінде көрсетілген.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Сигналдарды қандай мақсатпен түрлендіреді?
2. Модуляциялаудың қандай түрлерін білесіз?
3. Детекторлау дегеніміз не?
4. Жиілікті тежегіштер қандай функцияларды атқарады?
5. Қандай кездерде дифференциялауды қолданады?
6. Қандай операция интеграциялау деп аталады?

ЭЛЕКТРЛІК ҚОРЕКТЕНДІРУ КӨЗДЕРІ

5.1. БАСТАПҚЫ ЭЛЕКТРЛІК ҚОРЕКТЕНДІРУ КӨЗДЕРІ

Радиоэлектронды құрылғылар өзінің функцияларын орындау үшін электрлік қоректендіру көздерінің бар болуын талап етеді. Стационарлық радиоқабылдағыштар мен теледидарлар өнеркәсіптік жиілік электржелісімен тұтынады. Еуропа елдерінде желідегі ток жиілігі 50 Гц, ал Америка Құрама Штаттарында ол 60 Гц тең. Кернеуді жаппай 220 В орнатуға тырысады, бірақ әлі 127 кернеуімен және 240 В желісі бар. Ықшам транзисторлық радиоқабылдағыштарды қоректендіру үшін 4,5... 9 В кернеуін құрайтын батареялары қолданылады.

Электрлік қоректендіру көзі – берілген жүктеме кезінде қажетті ток пен кернеумен қамтамасыз ететін құрылғы болып табылады.

Электрлік қоректендіру көздерінің сериялық шығарылымын жасап шығаратын кәсіпорындар бар, сондықтан тұтынушы өзіне қажеттісін таңдай алады. Егер пайдалану, құрылма немесе басқа ойлар бойынша сериялық жасап шығарылатын электрлік қоректендіру көздері тұтынушы талабына сәйкес келмеген жағдайда, электронды құралдың осы түріне тән, барлық ережелер мен шектеулерді есепке алып, жеке қолданыс үшін қоректендіру көздері өңделеді.

Электрлік қоректендіру көздері бастапқы және екіншілік болып екіге бөлінеді.

Бастапқы деп, химиялық реакцияның (мысалы, гальваникалық батареясы¹), жарық энергиясының жұтылуының (күн батареялары), немесе жылу энергиясының (термоэлементтер) нәтижесінде электр энергиясы алынған электрлік қоректендіру көзі есептеледі. Бастапқы электрлік қоректендіру көздеріне электрстанциялар, электрмашиналық генераторлар, аккумуляторлар, қоректендіру химиялық көздері, күн және атомдық батареяларын жатқызады.

¹ Батарея – ортақ әрекеті үшін бірыңғай жүйесіне бірнеше біртүрлі құралдарды, аппараттарды және т.б. біріктіру.

Химиялық электрлік қоректендіру көздері. Химиялық электрлік қоректендіру көздерінде белсенді бастапқы материалдардың энергиясы тікелей электрлік энергиясына түрлендіріледі. Химиялық электрлік қоректендіру көздеріне бірреттік пайдаланылатын (электролиттер¹ және электродтар²) белсенді материалдары бар гальваникалық элементтерін жатқызады.

Гальваникалық элемент тұрақты электрлік кернеу көзін білдіреді. *Гальваникалық элементінен* алынатын электрлік энергиясы тұйықталған электр тізбегіндегі элемент ішіндегі химиялық реакциясының нәтижесінде құрылады.

Гальваникалық элементі мен батареяларын сипаттайтын негізгі параметрлері электр қозғаушы күш³ (ЭҚК) (кернеу), элементтің сыйымдылығы мен сақталуы болып табылады.

Электрқозғаушы күш (кернеу) гальваникалық элементінде қолданылатын электролит және электродтардың химиялық материалдардың қасиеттеріне байланысты, және олардың мөлшеріне байланысты емес. (ЭҚК) (кернеу) вольтпен өлшенеді (В). *Гальваникалық элементінің* (ЭҚК) (кернеуін) өлшеу үшін, ажыратылған сыртқы тізбектерінде вольтметрді оның қысқыштарына қосады.

Элемент сыйымдылығы (батарея) разрядтың айтылған шарттарында (разряд соңында жүктеме кедергісі, температурасы және кернеуі) элемент бере алатын электр санымен анықтайды. *Элемент сыйымдылығы* ампер-сағатпен өлшенеді (А - с). Үлкен сыйымдылығымен батареялар ұзақ жұмыс қабілеттілігімен қамтамасыз етеді, шығу қуатын ұлғайту мүмкіндігін береді (мысалы, күшейткіш).

Элементтің немесе батареяның сақталуы, элементтің немесе батареяның барлық көрсеткіштері ескертілген техникалық шарттарға

¹ Электролиттер (электро + «бөлшектеу») - химиялық заттар мен жүйелер, оларда, ток көздері электрондар болып табылатын металдарға қарағанда, электр ауыстыруы иондарды көшіруімен жүзеге асырылады.

² Электрод (электро + гр. hodos - «жол», «бағыт») - электрхимиялық реакцияларына, оның материалы тікелей қатысатын гальваникалық элементінің құрамдас бөлігі; электролитке жүктелмеген электрод бөлігі, сыртқы электр тізбектеріне қосылу үшін қызмет етеді.

³ Электрқозғаушы күш (ЭҚК). Тізбектің бойымен ұзақ уақыт электр тогы өту үшін, кернеу көздерінің полюстарында потенциалдар айырмасын үздіксіз ұстап тұру керек. Потенциалдар айырмасын белгілейтін және қолданатын, сыртқы және ішкі кедергісінен өтіп, тізбекте ток туғызатын күшті электрқозғаушы күш деп атайды (электр энергиясының химия көздеріндегі химиялық реакция нәтижесінде ЭҚК пайда болады).

(ТШ)¹ сәйкес уақытпен сипатталады. Тіпті ажыратылған жүктеме кезінде болатын өздігінен қуатсыздану сақталуына байланысты.


Гальваникалық элементтерді, олардың пайдалану мәліметтерін сипаттайтын әріппен және цифрлермен таңбалайды. Мысалы, 13АМГ-У-0,5 - анодты марганецті-мырыш электрохимиялық жүйесімен, әмбебап, 13В кернеуімен, 0,5 А-ч бастапқы сыйымдылығымен. Сонымен қатар, кеңінен қолданылатын батареялардың аталған жүйесімен таңбасында мынадай атауы бар болуы мүмкін (мысалы, «Крона», «Сатурн») және цифрлік - элементтер 373 («Марс»), 332 (ФБС-0,25) және т.б. Элементтер мен батареяларды окшауланған қаптамаларында (бөліктерде) сақтайды. Бұл металл бөліктерінің ықтимал коррозиясын немесе сұйықтықтың қарқынды жүктемесі кезінде (электролиттің), элементтердің (батареялардың) бөлу салдарынан монтаждау сымдарының тұйықталуын ескертеді.

Ең кең тараған құрғақ элементтер - марганецті-мырыш гальваникалық элементтер болып табылады. Олар температуралардың кең диапазонында жұмыс істейді, және шағын ішкі кедергісі бар, ол разрядтың дәрежесі мен сыйымдылығына байланысты 0,1... 10 Ом диапазонында орналасқан.

Сынап-мырышты элементтерінде герметикалық конструкция нысанында дискі бар. Олар электрқозғаушы күшінің жоғары тұрақтылығымен ерекшеленеді, ол бір жыл ішінде 0,2% өзгереді. Сынап-мырыш элементтердің ішкі кедергісі, марганецті-мырышты элементтерінен айтарлықтай жоғары. Сынап-мырышты элементтері, токтың басқа да көздерінен, көлем бірлігімен алғанда ең үлкен үлестік сыйымдылықпен ерекшеленеді. Олардың кемшіліктеріне теріс температура кезінде төмен жұмыс істеу қабілеттілігі жатады.

Күн батареясындағы электрэнергиясының шағын көздері. Күн батареялары күн сәулесінің энергиясын электрлік энергиясына түрлендіру үшін пайдаланылады. **Көлеңке мен түнде күн** батареяларын жасап шығармайды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету үшін, жарықтандыру кезеңінде күн батареясымен өндірілетін энергияның бөлігі қорландырып алады, содан кейін тәуліктің қараңғы уақытында пайдаланады. Сондықтан электрмен жабдықтау шағын жүйесінде күн батареяларынан басқа тәуліктің қараңғы уақытында

¹ Техникалық шарттар (ТШ) құралдың нақты бір типіне шығарылады. Оларда қызметін, электрлік параметрлерін, пайдалану сипаттамаларын, барынша рұқсат етілген жұмыс режимін белгілейді және сынақ кезінде жарамдылығы критерийлерін, сондай-ақ электр өлшемдерінің схемалары мен режимдерін белгілейді, механикалық және климаттық жүктемелер мәндерін көрсетеді.



Сур.5.1. Күн батарея панелінің конструкциясы:
1 – метал жиектемесі; 2 – кремний пластинасы; 3 – герметик; 4 - шыны

зарядталатын аккумуляторлық батареясы бар.

Күн элементтері кристалдық немесе аморфты кремний негізінде орындалған жартылай өткізгіш аспаптар болып саналады. Күн элементтерін модульдерге біріктіреді, модуль - панельдерге. Күн элементтерін орналастыру үшін негіз ретінде 2...3 мм қалыңдығымен беттік кварцты шыны пайдаланады. Ультракүлгін сәулелердің әсеріне тұрақты желіммен күн элементтері шыныға бекітіледі. Күн элементтері арасындағы байланыс ток алмалы шина көмегімен жүзеге асырылады. Күн элементтері орнатылған шыныны бейіндік металл рамкасына бекітіп, алынған конструкциясы климат төзімді полимерлік термоқоспамен герметикалады. Термоқоспамен кремний пластиналар мен шыны толтырылады (сур. 5.1).

Пайдалы әрекет коэффициенті 12... 14 % күн элементтерін құрайды.

5.2. ЕКІНШІЛІК ЭЛЕКТРЛІК ҚОРЕКТЕНДІРУ КӨЗДЕРІ

Электр энергиясы тұтынатын құралы ретінде, электрондық құрал жалпы түрде электрмен қоректендіру көзден және жүктемеден (тұтынушы) тұрады. Электрондық құралдардың әр түрлері үшін схемотехникалық және конструктивтік шешімдерімен электр қоректендіру көздері талап етіледі. Кейбір радиоэлектрондық құралдары үшін (ЭЕМ, тұрмыстық-электрондық техника және т. б.) өнеркәсіппен бір сериямен шығарылған электрмен қоректендіру жүйесін немесе көздерін таңдауға болады, басқалардың сапалы жұмыс үшін арнайы әзірленген электрмен қоректендіру жүйесі талап етіледі.


Таратқыш қуаты – таратқыштың антеннаға беретін радиожіліктік тербелістредік қуаты немесе қалыпты режимде жұмыс кезіндегі антенна эквиваленті.

Таратқыштың *пайдалы әсер коэффициенті* келесі қатынас арқылы анықталады

$$\eta = P_A - P_0,$$

Мұндағы P_A – антеннаға жіберілетін орташа қуат; P_0 – құрылғының барлық қуат көздерінен алатын қуаттылық.

Қазіргі таратқыштардың ПӘК 30...40% жетеді де, осы параметр сәулеленетін қуаттың өсуімен жоғарылайды.

Таратқыштың *жиілік тұрақсыздығы* пайдалану кезінде орын табатын әр түрлі тұрақсыздандырғыш факторларының әсерінен баптау органдарының тұрақты орны кезінде белгілі бір уақыт аралығында таратқыш жиілігінің қалыпты жиілік шамасынан ауытқуы болып табылады. Таратқыштың жиілік тұрақсыздығы арқылы кез келген радиоканалдың сенімді жұмысы қамтамасыз етілетін көрсеткіш болып табылады. Қазіргі кезде орталық мемлекеттік таратқыштардың жиілік тұрақсыздығы мемлекеттік эталондары жеткен тұрақсыздыққа жақын болып тұр (10^{-8} ... 10^{-9}).

Радиоберу құрылғысы кез келген байланыс каналының бірінші буыны болып табылады, сондықтан таратқыш енгізетін тиімді сигнал бұрмалануын қысқарту қажет. Бұрмаланулар радиосигналдың түрлі таратқыш желілері мен байланыс желілері арқылы өту кезіндегі модуляция, күшейту және өту үдерістері барысында пайда болады. Бұл радиотехникалық жүйенің қабылдау жағында ақпараттың бұрмалануы немесе оның бөлігінің жоғалуына әкеледі.

Таратқыштар нысанасы, жұмыс толқындар (тербелістер) диапазоны, сәуеленетін қуат, сигналдардың модуляция түрлері мен пайдалану жағдайлары бойынша жіктеледі.

Мақсаты бойынша таратқыштар хабарламалық (радиохабарлау, телевизиялық), байланыстық, радиолокациялық, навигациялық, телеметриялық және т.б.

Жұмыс толқындарының диапазоны бойынша таратқыштар толқындар мен жиіліктердің классификациялық диапазондар кестесіне сәйкес жіктеледі. Ресейде радиохабар километрлік, гектометрлік, декаметрлік, метрлік және дециметрлік диапазондарда жүзеге асырылады. Бірінші үш диапазонда шамамен 10 кГц жұмыс тербелістердің тор қадамы бар амплитудалық модуляция, ал соңғы екеуінде 250 кГц жұмыс тербелістердің тор қадамы бар кең жолақты жиілікті модуляция қолданылады. Теледидарлық хабар тарату метрлік, дециметрлік және сантиметрлік толқындар диапазондарында жүзеге асырылады. Сонда дыбыстық каналда жиілікті модуляция, ал бейне каналда бір жақты жиілік жолағы бар амплитудалық модуляция қолданылады.

Таратқыштардың құрылымы, сыртаумақтық өлшемдер және масса негізінен сәуеленетін орташа қуаттылық арқылы анықталады. Жіберілетін радиосигналдарының орташа сәуеленетін қуаттылығы бойынша өте төмен (3 Вт кем), төмен (3 ... 100 Вт), орташа (0,1 ... 10 кВт), жоғары (10 ... 100 кВт) және өте жоғары (100 кВт-тан астам) қуат таратқыштары болады.

Сигнал модуляциясының түрі бойынша радиотаратқыштар (және радиоқабылдағыштар) амплитудалық, амплитудалық балансты және бір жолақты, жиіліктік, фазалық, импульстік, импульстік-кодтық және т.б. модуляциялары бар құрылғыларға жіктеледі.

Пайдалану шарттары бойынша тұрақты, борттық (ғарыштық, кемелік, ұшақтық, автокөдіктік) және қозғалмалы (портативті) таратқыштар бар.

Барлық радиотаратқыштар сигналдардың үздіксіз және импульстік сәуеленуі бар болып бөлінеді. Біріншілерге радиохабар тарататын, телевизиялық таратқыштар және телебасқару желілері, ал екіншілерге радиолокациялық және радионавигациялық таратқыш станциялары жатады.


Амплитудалық модуляциясы бар таратқыш. Әдетте, амплитудалық модуляциясы бар таратқыштар көп каскадты болып келеді. Себебі ол, таратқыш мақсаты мен байланыс каналының ұзындығына тәуелді болатын, қажетті сәуелену қуатына жету мен жиілік тұрақтылығына қойылатын талаптармен айқындалады. Амплитудалық модуляцияны модуляция заңына сәйкес электродтарда, кедергілерде және т.б. бір немесе бірнеше

қуаттандыратын кернеулерді өзгерту арқылы таратқыштың кез келген күшейткіш каскадтарында жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар, амплитудалық модуляция жетекші генераторда да жүзеге аса алады, бірақ бұл жағдайда жиіліктің қажетті тұрақтылығын қамтамасыз ету қиын болады. Сондықтан жетекші генераторынан кейін таратқыш схемасына, әдетте, жетекші генераторды таратқыштың қалған бөлігінен қойғайтын қорғаныс буферлік каскад қосылады.

Тасымалдаушы тербелістің амплитудалық модуляциясы бар таратқыштың ең қарапайым схемасы (сурет 10.2) жетекші генераторды, жиілікті көбейту, қуатты күшейту каскадтарын, U_{ex} жіберілетін сигналы өтетін төмен жиілікті күшейткішті және амплитудалық модуляторды қамтиды.

Кварцтық генераторлар салыстырмалы түрде жоғары емес жиіліктерде жұмыс істегендіктен, жетекші генераторынан кейін тербелістер жиілігін тасымалдаушы жиілік шамасына дейін көтеретін жиілік көбейткіштері каскадтарын қамтиды.

Қажетті қуатты тудыру үшін жиілік көбейткіштерінде қуат күшейткіштері жиі қолданылады. Қуаттын шығу күшейткішінен сигнал жоғары жиілікті элетрлік тербелістерінің тарату жолы арқылы антеннаға жіберіледі. Ол фидер болып табылады (кабель, толқынжол және т.б.).



Сурет 10.2. Амплитудалық модуляциясы бар таратқыштық құрылымдық схемасы :

$U_{\text{кiр}}$ — кіріс кернеуі



Сурет 10.3. Жиіліктік модуляциясы бар таратқыштық құрылымдық схемасы

Амплитудалық модуляция, әдетте, қуаттын шығу күшейткішінде орындалады. Қуат күшейткіші жиі түрде таратқыштың соңғы каскады болып табылады.

Амплитудалық модуляция кең түрде толқындардың барлық диапазондарында телефон байланысы, радио хабар беру, теледидарда және т.б. қолданылады.

Аса жоғары жиілікті сәулелену (АЖЖ) диапазонында амплитудалық модуляция сирек қолданылады, себебі осы диапазонда амплитудалық модуляция әрдайым құтылуға мүмкін емес паразиттік бұрыштық модуляциямен бірге келеді.

Жиіліктік модуляциясы бар таратқыш. Метрлік және дециметрлік толқындардың диапазонында хабарламалық таратқыштардың схемаларында жиіліктік модуляция пайдалынады. Бір-екі каналмен жұмыс істейтін ең қарапайым таратқыштарда (сурет 10.3) жиіліктік модуляция жиіліктік-модуляциялық генератордың тербелістер жиілігіне тасымалдаушы сигнал арқылы жетекші генераторда жүзеге асады.

Қазіргі радиотаратқыштар каскадтарының көбісі тек цифрлық немесе аналогтық микросхемаларында ғана қолданылады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Дыбыстық сигналдарды тарату қалай жүзеге асырылады?
2. Таратқыштарды қандай параметрлер бойынша жіктейді?
3. Таратқыштар қандай негізгі параметрлермен сипатталады?
4. Амплитудалық және жиіліктік модуляциялары бар таратқыштар қандай болады?

РАДИОҚАБЫЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Радиоқабылдау құрылғылары тыңдармандарға және көрермендерге радиохабар және телевизиялық қабылдау құрылғылары арқылы ақпаратты тарату үшін және, сонымен қатар, ұнтаспа мен магнитофондық жазба арқылы ақпаратты алу үшін кең түрде қолданылады. Радиоэлектронды кешеннің жалпы схемасындағы орнына байланысты қабылдағыш электромагниттік өрістен әлсіз радиосигналын шығаруға арналған. Бұл пайдалы сигналды таңдау, оны детекторлау және күшейту арқылы қабылдағыштың негізгі функцияларын орындаумен қамтамасыз етіледі. Радиоқабылдау (қабылдау) құрылғылары радиосигналдарды қабылдау және оларды ондағы ақпаратты пайдалануға мүмкін болатын түрге келтіруге арналған. Кез келген радиоқабылдау құрылғысы қабылдау антеннасынан және дербес радиоқабылдағыштан (қабылдағыштан) тұрады. Радиоқабылдау құрылғысының құрылымдық схемасы 11.1 суретінде келтірілген.

Кез келген радиоқабылдау құрылғысында антенна, қабылдағыш, детектор, түрлендіргіш құрылғысы бар. Антеннаға түсетін электромагниттік толқындар (таратылатын радиосигнал) қабылдағыштың кірісіне түсіп, таратылатын сигналдың ЭҚК (электр қозғаушы күшінің) пайда болуына әкеледі.



Сурет 11.1. Радиоқабылдау құрылғысының құрылымдық схемасы

Қабылдағыштың кірмелік тізбегі ретінде барлық радиосигналдарынан тек бізге керек радиостанция сигналын бөліп шығаратын фильтр қолданылады. Детектор модельденген (жоғары жиілікті) сигналды таратылатын хабарламаның төменгі жиілікті сигналына өзгереді. Қабылдағыштың шығысында түрлендіргіш құрылғысы қосылады: радио хабар ету қабылдағышы үшін электр сигналын дыбысқа түрлендіргіші – бас телефон, дауыстағыш немесе акустикалық жүйе; телевизиялық қабылдағыш үшін – электр сигналын оптикалық бейнеге түрлендіргіш – кинескоп.

Қабылдау антенналарында толқындар таратушы антенналарда бар пішінді, бірақ шашырау себебінен ысыраптар болатындықтан шамасы бойынша кем, токтарды тудырады. Қабылданған әлсіз модульденген ток, тербелістік контурды қажетті таратқыш жиілігіне алдын ала баптап, күшейтіледі. Детектор көмегімен күшейтілген жоғары жиілікті токтан модуляция үшін қолданылған төмен жиілікті ток шығарылады. Енді төмен жиілікті ток күшейтіліп, дыбысқа айналады. Күшейтілген төмен жиілікті токты түрлендіру үшін бас телефондар мен дауыстағыштар қолданылады.

Қабылдағыштың негізгі сипаттамаларына (сапалық көрсеткіштерге) сезімталдық; жиіліктік таңдаушылық немесе талғамдылық; жұмыс жиіліктерінің диапазоны; шығу қуаты және т.б. жатады.

Қабылдағыштың *сезімталдығы* деп оның қабылдағыштың шығысында берілген қуатты шығару үшін қажетті өте әлсіз пайдалы сигналдарды қабылдауын қамтамасыз ету қабілеттігі аталады. Сандық түрде бұл шығу құрылғыларының қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін радиосигналдың минималды деңгейі болып табылады. Сезімталдық белгілен сигнал (шу) қатынасы кезінде қабылдағыштың шығысында номиналды (қажетті) қуатты шығару үшін кіріс радиосигнал қуаты арқылы анықталынады.

Теориялық тұрғыдан, қандай да болсын әлсіз сигналдарды сезетін қабылдағышты құрастыруға болады. Ол үшін тек оның күшейткіш каскадтарының санын үлкейту керек. Дегенмен, нақты құрылғыларда пайдалы ақпараттық сигналмен бірге сыртқы кедергілер мен қабылдағыштың өзіндік шулары әсерінен пайда болатын шуылдар бар болады. Өзіндік шуылдар деңгейі, әдетте, қабылдағыштың бірінші каскадтарының шулары арқылы анықталынады. Сондықтан сезімталдығы жоғары қабылдағыштарды құрастыру кезінде ең басты мақсаттарының бірі шуы аз белсенді және пассивті элементтер мен күшейткіш каскадтарын құрастыру болып табылады. Қабылдағыштардың (немесе күшейткіштердің) шу қасиеттері шу

коэффициенті көмегімен бағаланады, себебі құрылғының кірісінде және оның ішінде ақ шуыл бар деген ой бар.

Шуыл коэффициенті деп сигнал қуаттары мен кірістегі шуыл қатынасы $(P_C/P_{ш})_{вх}$ және сызықтық бөлігінің шығысындағы (детектор кірісіндегі) қуыттардың дәл сондай қатынасы $(P_C/P_{ш})_{вых}$ аталады.

$$K_{ш} = \frac{(P_C/P_{ш})_{ах}}{(P_C/P_C)_{шығ}}$$

Сонымен,

Мұндағы, P_C – сигнал қуаты, $P_{ш}$ – шуыл қуаты.

Шуыл коэффициенті қабылдағыштың сызықтық бөлігінің шығысында шуылдар қабылдағыштың өзінде пайда болатын шуылдар әсерінен қанша есе жоғарылайтынын көрсетеді. Егер (теориялық тұрғыдан ол температураның аюсолоттік нөлі кезінде мүмкін) қабылдағыш өздігінен шуыл шығармаса, онда оның шығыс және кіріс сигнал – шу қатынасы тең болады да, шу коэффициенті $K_{ш} = 1$ (децибелдерде ол 0 Дб).

Қабылдағыштың *жиіліктік таңдаушылығы*, немесе талғамдылығы – бұл белгілі бар тасымалдаушы жиілігі бар пайдалы сигналды антеннамен қабылданған көптеген басқа сигналдар мен кедергілерден бөлі шығаратын және жиілік бойынша көршілес радиостанцияларының сигналдарын әлсіздеу қабілеттілігі. Жиіліктік таңдаушылық таңдаушылық коэффициентімен сипатталады. Қабылдағыштарды жобалау кезінде таңдаушылық шамалары көршілес, айналы және қабылдаудың басқа жанама арналары бойынша белгіленеді. Көршілес деп жұмыс жиілігі қабылдағыштың қалаулы радиотанциясына бапталған жиілігінен белгіленген жиілікке өзгеше болатын қабылдау арнасы аталады. Радио хабарлық қабылдағыштарда бұл шама 10 кГц құрайды.

Кеңістіктік және поляризациялық таңдаушылық сонымен қатар бүкіл радиоқабылдау құрылғысының сипаттамалары мен параметрлерін сипаттау үшін қолданылады. Таңдаушылықтың осы түрлері негізінен қабылдау (және тасымалдаушы) антенналарын сипаттайды да, олар солардың электромагниттік толқындардың келіс пен поляризация бағыттарын ажырату мүмкіндіктерін бағалау үшін қызмет етеді.

Жұмыс жиіліктерінің диапазоны – жіберілетін сигналды қабылдау жүзеге асатын шегіндегі жиіліктер интервалы. Жаппай радиохабар 150 кГц ... 73 МГц жиіліктер интервалында жүзеге асады. Ұзын, орташа және қысқа толқындардың диапазондарында, ультрақысқа толқындар диапазонында жиіліктік модуляция

қолданылады. Ол музыканың жоғары сапалы берілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 500 кГц жиілігінде (толқын ұзындығы 600 м) SOS сигналдары жіберіледі.

Қабылдағыштың шығу қуаты – бұл қабылдағыштың шығысындағы қуат. Радио хабар беру қабылдағышының шығыс қуатының рұқсат етілген мәні шығу каскадын артық жүктеу кезінде сызықтық емес бұрмалаулармен шектеледі., Қабылдағыштың номиналды шығу қуаты $P_{ном}$, сызықтық емес бұрмалау коэффициенті белгіленген кезде шығыстағы максималды қуат және қабылдағыштың қалыпты шығу қуаты $P_{ном}=0,1 P_{ном}$ бар.

Қалыпты шығу қуаты кезінде $P_{ном}$ сызықтық емес бұрмалау коэффициенті 10 есе азаяды.

Сапалық көрсеткіштеріне сәйкес стандарт бойынша радиоқабылдау құрылғылары төрт күрделілік топқа жіктеледі: жоғарғы (0), бірінші (1), екінші (2), үшінші (3).

Радиоқабылдау құрылғыларды үш топқа бөлуге болады: радиотаратқыш, телевизиялық және кәсіби қабылдағыштар.

Қабылдағыштар нысанасы, қабылданатын толқындар (жиіліктер) диапазоны, жіберілетін сигналдардың модуляция түрі мен пайдалану шарттары бойынша ажыратылады.


Нысанасы бойынша қабылдағыштар кәсіби және таратқыш (тұрмыстық) болып бөлінеді. *Кәсіби* қабылдағыштарға: байланыс, радиолокациялық, радионавигациялық және арнайы мақсаттағы басқа қабылдағыштар жатады. *Таратқыш* (тұрмыстық) қабылдағыштар дыбыстық және телевизиялық тарату бағдарламаларының қабылдауын қамтамасыз етеді.

Қазіргі радиоқабылдау құрылғылары радиотехникалық жүйелердің жұмысы мүмкін болатын үлкен жиілік диапазонында радиосигналдардың сенімді қабылдауын қамтамасыз етеді.

Сигналдың **модуляция түрі** бойынша радиоқабылдағыштар, радиотаратқыштар сияқты, амплитудалық, амплитудалық балансты және бір жолақты, жиілікті, фазалық, импульстік, импульстік-кодты және басқа модуляция түрлері бар құрылғыларға бөлінеді.

Пайдалану шарттары бойынша қабылдағыштар стационарлы, борттық (ғарыштық, кемелік, ұшақтық, автокөдіктік) және қозғалмалы (портативті) немесе мобильді болып бөлінеді.

Қабылдау құрылғыларының әр түрлі типтері негізінде олардың құрылымдық схемаларының алуан түрлері құрастырылған, бірақ құрылыс қағидасы бойынша барлық радиоқабылдағыштарды екі негізгі топқа бөлуге болады: тік күшейту қабылдағыштары және супергетеродинді қабылдағыштар.



Сурет 11.2. Тік күшейту қабылдағышының құрылымдық схемасы

Тік күшейту қабылдағыштары. Тік күшейту қабылдағыштарының ерекшелігі іріктеу мен күшейту қабылданатын радиосигналдың тасымалдаушы жиілігінде жасайды, ал қабылданатын радиосигналдың жиілігін бастапқы сигнал жиілігіне төмен жиілік детектілеу жолымен түрлендіреді.


Тік күшейту қабылдағышының құрылымдық схемасы (сурет 11.2) шығу тізбегін, жоғары жиіліктер күшейткішін, детекторды және төмен (дыбыстық) жиіліктер күшейткішін қамтиды. Шығу тізбегі мен жоғары жиіліктер күшейткіші қабылдағыштың жоғары жиілікті трактын құрайды да, қажетті сигналды басқа сигналдар мен кедергілерден бөліп шығаратын резонанстық контур жүйелерін қамтиды. Жоғары жиіліктер күшейткіші сигналды жоғары жиілікті іріктеуден басқа оның күшейтуін де жүзеге асырады.

Кейбір жағдайларда қабылданатын сигналдың жеткілікті қуаты кезінде жоғары жиілік күшейткіші жоқ болуы да мүмкін. Осындай қабылдағыштар бұрында қолданып, детекторлық деп аталды, себебі оларда күшейту жоғары да емес, төмен де емес жиіліктерде орындалған жоқ, ал антенна арқылы қабылданған сигнал тікелей амплитудалық детекторға жіберілген болатын. Қазіргі кезде детекторлық қабылдағыштар АЖЖ диапазонының өлшеу және тіркеу техникасының қолданылады.

Бір кемшілігі – жоғары таңдаушылықты қамтамасыз ету үшін сапалылығы жоғары резонанстық контурлар санын үлкейту болып табылады. Ол қабылдағыштың диапазон бойынша қайта құрылуын қиындатады. Сол себепті тік күшейту қабылдағыштарының пайдалануы шектеулі болады.

Супергетеродинді қабылдағыштар¹. Супергетеродинді қабылдау қағидасы тасымалдаушы жиілікті w_0 күшейту, фильтрлеу және қабылданатын сигналды детектілеу жүзеге асатын, одан төмен аралық жиілікке алдын ала түрлендіруді қамтиды. Берілген қабылдағыш үшін аралық жиіліктің тұрақтылығы және оның диапазон

¹ Супергетеродинді қабылдағышты Э. Армстронг 1918 ж. ұсынды.



Сурет 11.3. Супергетеродинді қабылдағыш құрылымдық схемасы

бойынша қабылдағыштың қайта құруынан тәуелсіздігі аралық жиілік бойынша күшейткіш каскадтарының оптималды санын таңдауға және амплитудалық-жиілікті сипаттамасының қажетті пішінін алуға мүмкіндік береді. Осыған орай супергетеродинді типті қабылдағыш өте жоғары және бірдей таңдаушылықты толқындардың барлық диапазондарында және, сонымен қатар, жоғары жиілікті трактта біркелкі күшейтуді қамтамасыз етеді. Бұл қабылдағыш трактына гетеродин², араластырғыш және аралық жиілік күшейткішінен тұратын жиілік түрлендіргішін (сурет 11.3) енгізу арқылы мүмкін болады.

Жиілік түрлендіргіші арқылы қабылданатын сигнал спектрі тасымалдаушы жиіліктен аралық жиілікке (әдетте, одан төмен) ауысады.

Аралық жиілік күшейткіші каскадтарының резонанстық контурлар аралық жиілікке бапталады.

Жоғары жиілікті тракттың тербелістік жүйелерінің қайта құрылуы кезінде бір мезгілде гетеродин жиілігі де аралық жиілік тұрақты болатындай өзгереді. Бұл қабылдағышта аралық жиіліктің қайта құрылмайтын күшейткіштерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Супергетеродинді қабылдағыштардың кемшіліктері қосымша паразитті қабылдау арналарының бар болуы, гетеродиннің сәулелерінің паразиттік немесе тікелей түрде қоршаған ортаға ықтимал өтуі, немесе антенна арқылы, аралық жиілікке сәйкес келетін немесе ұқсас сигналдарды қабылдау мүмкіндігі болып табылады. Аралық жиілік күшейткішінің кірісіне түскен кезде осы кедергі күшейтіліп,

² Гетеродин (*грек тілінен* heteros – «басқа, түрлі» + dynamis – «күш») – негізінен жиілік түрлендіргіштерде (мысалы, супергетеродинді радиоқабылдағыштарда, өлшеу құрылғыларында) қолданылатын жоғары жиілікті электр тербелістердің қосалқы аз қуатты генератор.

детектіледі және қыбалдағыштың шығысында пайдалы сигналмен араласады.

Қазіргі радиохабар беру радиоқабылдау құрылғылары микропроцестерге кең түрде енгізіледі – кедергілер жағдайында қабылдаудың оңтайлы сапасын, автоіздеуді басқаруды, ондаған радиостанцияларының электронды жадысын, бағдарламалар көздерінің коммутациясын, таймер жұмысын, берілген бағдарлама бойынша қосылатын және ажыратылатын қабылдағышты қамтамасыз ететін бағдарламаланатын микроэлектронды құрылғылар, яғни бағдарламалық басқару.

Радиоқабылдағышты қашықтықтан басқару үшін бір бөлме шегінде ультрадыбыстық және инфрақызыл байланыс желілері қолданылады (инфрақызыл желілерді пайдалану тиімдірек).

Басқару сигналдары қашықтықтан басқару пультінен инфрақызыл сәулеленудің импульсті-кодты модуляциясы жүзеге асырылатын фотодиодқа түсетін импульстардың кезектілігі шығарылатын кодтау құрылғысына түседі.

Модульденген сәулелену біраз қашықтықта орналасқан қабылдағышқа (фоторезисторге) түсіп, одан кейін күшейткіш және декодтау құрылғысына және ақырында басқару құрылғысына түсіп барады.

Қайта жаңғырту ретінде басқару сигналының басты артықшылығы цифрлық радио хабар етуді пайдалануға әкеледі.

Осы жағдайда сигнал белгілі бір уақытта сигнал мәнін сипаттайтын импульстар кезектілігіне айналады. Дыбысты жіберудің цифрлық жүйесі жерсеріктік байланыс жүйелерінде және жерсеріктік радио хабар беруде, оған қоса, цифрлық дыбысжазбаларында да жұмыс істеп тұр.

Цифрлық хабар беру дыбыстық бұрмаланбаған шығарылуын қамтамасыз етуі мүмкін.

Соңғы кездерде басқару жүйелері мен адам дауысымен хабарландыруы бар тұрмыстық радиоаппаратура құрастырылуда. Осы жағдайда басқару тіл командалары арқылы жүзеге асырылады. Оператор командаларын жүзеге асыру синтезделген адам дауысымен расталады.

Басқару сигналы цифрдық пішінге айналып, басқару микропроцессорына түседі. Команданы орындаудан соң микропроцессор адам тілі синтезаторына түсетін жауап сигналын шығарады, ал дауыстағыш жауапты береді.

Тілдік хабарландыру жүйелері бар радиоқабылдау аппаратурасының үлгілері қазіргі кезде бар.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Радиоқабылдау құрылғылары не үшін қолданылады?
2. Сіз радиоқабылдағыштардың қандай негізгі сипаттамаларын білесіз?
3. Тік күшейткіш қабылдағыштары қандай негізгі кемшіліктермен сипатталады?
4. Гетеродинді қабылдағыш (құрылымдық схема) қалай құралған?
5. Радиоқабылдағыштарды қашықтықтан басқару үшін қандай байланыс желілері қолданылады?

РАДИОЭЛЕКТРОНИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ

12.1 РАДИОЛОКАЦИЯ

Радиолокация радиотолқындар көмегімен әр түрлі нысандардың ауада, суда, құрлықта орналасуын нақты анықтау, белгілеу және табу үшін қызмет етеді. 1931 жылы бірінші отандық радиолокациялық станциясының болашақ бейнесі болған ионосфералық станция жасалды. Осы станцияны М. Бонч-Бруевич басқарды. Станцияда ионосфера деп аталатын атмосфераның жоғарғы қабаттарын зерттеумен айналысты. Радиотолқындардың көмегімен ионосфера 50 ... 60 км биіктікте басталатыны анықталды. Ол үшін радиотолқындардың иондалған ауа қабатына қарай және кері бағатта өту уақытын өлшеген болатын. Сонда, үлкен қашықтықтарда орналасқан әр түрлі тізбектерді табуға болатын еді.

Алғашқы радиолокациялық станциялары елдің әуе шабуылына қарсы қорғанысы ретінде, мысалы, «Редут» жылжымалы станциясы, РУС-1 ұшақтарды радиоұстағыш қолданылды.

Теңіз флоты түрлі радиолокациялық жабдықтаумен қамсыздандырылған. Жолдардың бойында орнатылған радиолокациялық бергіші жол қозғалысын реттеу үшін пайдалынады. Радиолокация көмегімен штурман ұшақтың орналасуын және бағытын біле алады, өзінің орналасуын анықтауға, ұшу биіктігін өлшеп аэродромды таба алады; арнайы радиолокациялық шамшырақтар ұшаққа әрдайым көмектесуге дайын.

Сонымен қатар радиолокация жер бедері картасын жасау үшін, атмосфераны бақылау, мұз барлауын жүргізу, болашақ темір жолдары трассаларын барлау үшін қолданылады. Ауыл және орман шаруашылығында радиолокация топырақтың құрамы мен құрылымын анықтауға, орман өрттерін табуға көмектеседі. Радиолокация көмегімен Ай, Шолпан мен Марсқа дейінгі қашықтықты анықтау мүмкін болды.

Радиолокация негізінде әр түрлі объектілерден келетін радиотолқындарды бейнелеу құбылысы жатыр. Осы құбылыстың болмысы келесідей болып тұр. Таратқыш шығаратын электромагниттік толқындар өз жолында түрлі объектілерді кездестіріп, олардың бетінде электромагниттік тербелістерді тудырады. Осы тербелістердің шамасы объект бетінің өткізгіштігіне пропорционалды болып тұр. Объект, өз

кезегінде, барлық бағыттар бойынша радиотолқындарды жібере бастайды, себебі өзі сәулеленудің екінші көзіне айналады.

Радиолокацияда, сонымен қатар, электромагниттік толқындардың тіксызықты таралу қасиеті де қолданылады. Егер антенна электромагниттік толқындарды барлық жақтарға тарайтын болса, онда нысанмен шағылысқан толқын станцияға қайдан келетінін анықтау мүмкін болмас еді. Ол дегеніміз нысанға қарай бағытты білу мүмкін болмайды. Сондықтан радиолокациялық станцияларда үшкір бағыт әрекеттегі антенналар, яғни электромагниттік энергияны тар бағытталған сәуле ретінде шағылысатын антенналар пайдаланады (прожекторға ұқсас). Осындай сәулені параболалық айналар түрінде антенналар арқылы жасауға болады.

Бірақ радиосәуленің тек бір ғана бағыты кеңістіктегі нысана орнын анықтауды мүмкін етпейді, себебі бұл жағдайда оған дейінгі қашықтық белгілі емес болады. Осы қашықтықты анықтау үшін нысанадан шағылысқан сигналдың зондтаушы³ сигналына қатысты кешігу уақытын білу қажет. Ол үшін электромагниттік энергия шағылысуының импульстік режимі қолданылады, ал сәулелену арасындағы уақытта (кідірістер кезінде) шағылысқан радиотолқындардың қабылдауы жүзеге асырылады. Нысана бағытында сәулеленген сигнал мен оның шағылысуы арасындағы уақыт интервалы бойынша нысана алшақтығы анықталынады.

Радиолокацияда аса жоғары жиілікті (АЖЖ) электромагниттік тербелістер қолданылады. Импульстік радиолокатордың оңайлатылған схемасы 12.1 суретінде келтірілген.

Радиолокатор радиолокациялық таратқыш, антенналық жүйе, қабылдаудан таратуға және кері қарай ауысудың антенналық айырақосқышы, қабылдағыш, индикатор⁴ (электронды-сәуле тұтқасы), синхрондаушы құрылғысы мен электрлік қоректендіру көзінен тұрады.

Радиолокациялық таратқыш антеннаға түсіп, онда дәл сондай тербелістерді тудыратын электромагниттік тербелістерді тудырады.

³ Зондтау (фр. sonder) – бір нәрсені алдын ала біліп алу.

⁴ Индикатор (лат. Indicator – «көрсеткіш») – бақылау объектісінің жағдайын немесе үдерісті, оның сапалық немесе сандық сипаттамаларын бейнелейтін құрылғы, құралы, элемент.



Сурет 12.1. Импульстік радиолокатордың оңайлатылған схемасы

Антенна радиотолқындары кеңістікке сәулеленеді. Радиотолқындардың сәулеленуі импульстар түрінде де, үздіксіз сигналдар түрінде де жүзеге асырылуы мүмкін. Импульстардың сәулеленуі кезінде таратқыш секундтың мыңдаған немесе миллиондаған бөлшегі кезінде қысқа мерзімді түрде жұмыс істейді. Осы импульстар импульстардың қайталану жиілігі деп аталатын белгілі бір жиілікпен бірінен кейін бірі келеді. Сонда жұмыс арасындағы аралықтар кезінде шағылысқан сигналды қабылдауға мүмкіндік бере алатын қайталау жиілігі белгіленеді. Объектіден (нысанадан) шағылысқан толқын үшкірбағытты антеннамен қабылданады.

Антенналық айырқосқыш бір антеннаны сигналды тарату және қабылдау үшін қолдануға мүмкіндік береді. Радиотолқындар қиятын байқалатын объектілер келе жатқан толқын энергиясының бөлігін қайтарады, сонда осы энергияның тек кішкентай ғана бөлігі станция бағытына қарай қайтады. Ол дегеніміз, шағылысқан сигнал энергиясы өте аз болады, сондықтан осындай әлсіз сигналдарды қабылдау күрделі мәселе болып табылады және онын шешу үшін сезімталдығы жоғары қабылдағыштар қолданылады.

Қабылдағыш кейін күшейтіліп және индикаторлар экрандарында нысана координаталарын өлшеу үшін тиімді пішінге түрлендірілетін қайтарылған сигналды бөледі.

Индикаторлар ретінде электронды-сәуле тұтқалары пайдаланады. Радиолокатордың қалыпты жұмыс жасауы үшін қабылдағыштың индикатормен синхронизациясы⁵ қажет болады, яғни зондтау импульсінің сәулелену сәті мен сәуленің индикатор экраны

⁵ Синхронизм (гр. Synchronismos) – екі немесе бірнеше құбылыстардың немесе үдерістердің уақыт бойынша дәл сәйкестігі.

бойынша қозғалысының басталуы қатаң түрде сәйкес болуы қажет. Осы сәйкестікті *синхрондаушы құрылғысы* орындайды.

Радиолокаторлар үшін әр түрлі *электрлік қоректендіру көздері* пайдалынады (5-ші тарауды қараңыз).

Кейбір объектілер үшін толқындардың үздіксіз сәулеленуі бар радиолокаторлар қолданылады. Осы жағдайда станцияда екі антенна орнатылады: бірі – сәулелену үшін, екіншісі – сигналдарды қабылдау үшін.

Нысаннан қайтқан сигналдарды қабылдау радиолокаторларда келесідей өтеді. Қабылдағыш антеннасы белгілі бір жиілік радиотолқындарлы шығарады. Жылжымайтын объектіден шағылысу кезінде қабылдағыштың кірісіне сол жиіліктегі сигнал түседі. Егер объект қозғалыста болса, шағылысқан сигнал жиілігі өзгереді: жақындаған кезде жиілік жоғарылайды, ал алыстаған жағдайда – төмендейді.

Зондтау сигналының электромагниттік тербелістердің жиілігі f олардың таратылу жылдамдығы c мен толқын ұзындығының λ қатынасына байланысты болады мұндағы f - зондтау сигналының электромагниттік тербелістердің жиілігі; c – электромагниттік толқындардың таратылу жылдамдығы; λ –

$$f = \frac{c}{\lambda}$$

толқын ұзындығы.

Қабылданған сигнал жиілігі f_1 (жақындайтын нысана) келесі қатынаспен айқындалады

$$f_1 = \frac{c + V}{\lambda}$$

мұндағы V – нысана қозғалысының жылдамдығы.

12.2. ТЕЛЕДИДАР

Теледидар оптикалық бейне және дыбыстық сигналдарында болатын ақпаратты бір жақты тарату болып табылады. Ол телевизиялық станциясының таратқышынан телекөрермендердің телевизиялық қабылдағыштарына электромагнитті толқындардың көмегімен таралады. Телевизиялық таратқышта бейне бірінші электр сигналына, ал дыбыстық толқындар басқа электр сигналына айналады. Телевизиялық қабылдағышта бірінші электр сигналы кинескоп арқылы

оптикалық бейнеге, ал екінші электр сигналы жиілік детектор мен динамик арқылы дыбыстық сигналға айналады.

«Теледидар» терминін алғаш рет орыс инженер-электригі К.Д.Перский 1890 жылы Парижде өткен Халықаралық конгресте қолданды.

Теледидар кеңістікте орналасқан жылжымайтын және қозғалыстағы заттардың бейнелерін, байланыстың электр құралдарын нақты және өзгертілген уақыт масштабында қабылдау және таратумен айналысатын қазіргі радиоэлектроника саласын қамтиды.

Теледидар негізінде үш физикалық процесс жатыр:

- жарық энергиясын электр сигналдарына түрлендіру;
- оларды байланыс арналары бойынша тарату және электр сигналдарын қабылдау;
- электр сигналдарын оптикалық бейнеге түрлендіру.

Жарық энергиясын электр сигналдарына түрлендіру. Бізді қоршайтын нақты әлемді қабылдау үшін табиғат адамға бес сезімін берді, олардың үшеуі (көру, есту, иіс сезу) қашықтық, ал екеуі (сезу және тату) жанасқан болып тұрады. Физиологтардың айтуынша, барлық сезімдердің 80 ... 85 % адам көру қабілеті арқылы сезеді. Бірақ адам көзі қандай ғажап болса да, біз тікелей қоршаған ортаның тек бөлігін ғана көріп тұрамыз және ол жерге түсетін сәуленетін және себетін жарық электромагнитті тербелістердің тек өте кіші диапозонын алып тұрады.

Шартты түрде электромагниттік тербелістердің толық спектрі екіге бөлінетіні мәлім. 3 000 ГГц төмен жататын электромагниттік тербелістер радиотолқындарға, ал одан жоғары – оптикалық диапазонға жатады. Спектрдің көзге көрінетін бөлігі оптикалық диапазонда жатып, оның тек кіші бөлігін алып тұрады (380 ... 760 нм). Осы бөлікте барлық түстер орналасалы: күлгін түстен қызылға дейін. Көздің максималды спектрлік сезімталдығы көрінетін жиілік спектрінің сары-жасыл бөлігінде орналасады (0,55 мкм). Көздің көру қисығының максимумынан көк және қызыл түстері орналасқан сол және оң жақтан көздің спектралды сезімталдығы төмендейді. Ол дегеніміз, көз көру диапазонының барлық түстерін бірдей ажырата алмайды. Түсті теледидардың біріккен жүйелерін жасау кезінде бұл жағдай есепке алынады.

Телевизиялық жүйе адамның көру мүмкіндіктерін кеңейте алады, яғни ол адам құралсыз көзбен көре алмайтын нәрселерді көре алады.

Телевизиялық сигнал көзі ретінде тек электромагниттік толқындардың оптикалық диапазонында ғана емес, кез келген сәуленену бола алады. Ол үшін оптикалық-электронды түрлендіргіштің тиісті сезімталдығы болуы қажет. Ол дегеніміз,

теледидар көмегімен қарапайым көзбен қарағанда көрінбейтін объектілерді көрінетіндей етуге болады.

Жайма, яғни бейне элементтерінің уақыт барысында кезекті тарату кезінде уақыт бойынша жарқындық сигналы пайда болады. Осы сигналды қабылдау үшін сәулелік энергиясын электр сигналына түрлендіру қажет. Ол фотоэлектрлік эффектісін (фотоэффектіні⁶) қолданылатын құрылғылар арқылы жүзеге асады.

Фотоэффект ретінде жарық сәулелері әсерінен затта электрондарды босату мүмкіндігі түсініледі. Сонда электрондар затты қалдыруы болады және ол *сыртқы эффект* (фотоэмиссия) деп аталады. Жарық арқылы босатылған электрондар зат ішінде қалатын болса, оларды фотоөткізгіштік электрондары деп аталады, ал процесс – *ішкі фотоэффект*. Фотоэлектрлік эффект – жарық энергиясын электр сигналына түрлендіруді мүкін еткен жаңалық болып табылады.

Телевизиялық жүйе үшін ақпарат көзі қоршаған орта болып табылады. Заттар оларға түсетін жарық ағымын шағылу қабілетіне ие болады. Көбінесе бұл диффузиялық шағылысу, бірақ жиі кезде айналық шағылысу да кездесіп тұрады. *Диффузиялық шағылысу* – себілген шағылысу. *Айналық шағылысуға* жылтылдатылған және лакталған беттер, сұйықтық беттері және т.б. айналық беттер жатады. Өрбір зат пен оның бөлшектерінің жарық ағымын шағылысу немесе жарық беру қабілеті объектінің оптикалық ерекшелігі болып табылады. Бақылаушы *көру бұрышы* деп аталатын кеңістіктік бұрышымен анықталатын кеңістіктің шектелген бөлігін ғана көреді.

Жалпы жағдайда тарату объектісі келесі параметрлермен сипатталады: жарықтық, түс және заттардың тереңдікті орналасуы.

Теледидардың басты мақсаты объектіні электрбайланыс тәсілдері арқылы тарату мүмкін бола алатын, объект бейнесін түрлендірудің осындай әдісін табу болып табылады. Сонымен қатар, қабылдау телевизиялық құрылғысымен жасалатын бейне тарату объектісіне сәйкес болуына тырысу қажет.

Бейнелерді электр сигналына телевизиялық түрлендіруге дейін бейненіс тегіс оптикалық құрылысы мен оның элементар анализі болды.

Байланыс арнасы бойынша электр сигналдарын тарату және электр сигналдарын қабылдау. Электр байланыс арнасының

⁶ Жарықтық сәулеленуді электр тогына алғаш рет жүзеге асырған адам француз физигі Э. Беккерель 1939 жылы болған. 1817 ж. белгілі физик Й. Берцелиус селен химиялық элементін ашты, ал 1837 ж. техник К. Мей ашып, компания инженері У. Смит селеннің фотоөткізгіштігін түсіндірді (ішкі фотоэффект). Бұл бейнелерді тарату жүйесі тізбегінің соңғы түйіні болды. Осы ашулардан кейін бейнелерді тарату жүйесін жасау туралы идеялар өте көп болды.

негізгі қасиеттерінің бірі уақыттың әрбір мезгілінде сигналдың тек бір ғана мағынасын жіберу мүмкіндігі болып табылады. Ол дегеніміз, сигнал тек бір тәуелсіз құбылмалы уақыт функциясы болуы тиіс, яғни байланыстың электр арнасы кернеудің уақыттан бір өлшемді тәуелділігімен сипатталады. Телевизиялық жүйенің шығысында болса, үш көп өлшемді функцияларының бірлестігімен сипатталатын бейне шағарылады. Таратудың үш көп өлшемді функцияларын тікелей бір өлшемді сигналға түрлендіру мүмкін емес.

Үш өлшемді сигналды бір өлшемді сигналға түрлендіру мәселесін шешу үшін теледидар негізінде жататын екі фундаменталды қағида қолданылады: бейне дискретизациясы және оның жаймасы, яғни теледидарда кеңістіктік және уақыт дискретизациясы пайдалынады.

Кеңістіктік дискретизацияға жіберілетін бейне өрісін дискреттік элементтердің нәтижелі санына бөлу кіреді. Бейне өрісі *кадр* деп аталады. Ол саны 500 мың шамасына жететін элементтерге бөлінеді. *Бейне элементі* деп ішінде жарықтық пен түс тұрақты болатын, яғни элементтің ішінде жарықтық мен түстік біркелкі болмауы көзге көрінбейтін, бейненің минималды бөлшегі аталады.


Теориялық тұрғыдан бейнедегі элементтер саны шексіз болуы мүмкін. Іс жүзінде көру қабілетінің шектеулі айыруына байланысты кез келген бейне қорытынды өлшемдері бар элементтердің белгіленген санымен шығарылады. Бұл белгіленген көру бұрышында көрермен ажырата алатын ең кішкентай бөлшектің бар болуына байланысты, яғни осы бөлшектің ішінде оның бүкіл беті бойынша жарықтық тұрақты болып, оның мөлшерлері айырудың минималды бұрышымен анықталынады.

Көрерменнің көру бейнесін танудан бұрын көз торында екі өлшемді бейнені құрастыру болған. Ол кеңістіктік бұрышында элементар шамаларын үлестіруіне сәйкес болатын жарықтың таратылуы ретінде сипатталуы мүмкін. Көру бұрышы мен айыру бұрышының шеткі шамалары тегіс бейнені әр түрлі жарықтықты элементар алаңдарының шеткі сандарының жиынтығы ретінде көруге мүмкіндік береді.

Теледидардың бірінші негізгі қағидасы бейнені жеке элементтерге бөлу және бүкіл бейнені элементтік таратумен анықталады. Барлық элементтер сигналдарын бір уақытта жіберуге болмайды, себебі ол таратқыш пен қабылдауыш арасында бейне элементтері саны қаншалықты болса, байланыс желілерінің соншалықты санын талап ететін болады. Ол іс жүзінде іске асыру мүмкіндігін жояды. Бейнені элементтер бойынша кезекті тарату үдерісі *бейне жаймасы* деп аталады. Басында теледидарда бейнені

элементтерге жаймалуы тегі поляк неміс инженері П. Нипковиймен жасалынған болатын (сурет 12.2).

Диаметрі үлкен осы диск болып табылады, оның сыртқы шетінің қасында Архимед шиыршығы бойында тесіктер орналасқан (егер тік сызық өз нүктелерінің бірі айналасында тегістікте біркелкі айналатын болса, онда осы нүкте айналасындағы осы түзу бойымен қозғалатын тегіс қисық сызық Архимед шиыршығы деп аталады). Жайма жайылатын элементтің (электрондық сәуле, сканерлеу тесігі) бейне тегістігінің белгілі бір заңы бойынша қозғалуы арқылы жүзеге асырылады. Ол дегеніміз, жайма үрдісі бейненің электр сигналдарының кезектілігіне айналу мәселесін шешеді. Жайма детерминді және детерминді емес болуы мүмкін.




Сурет 12.2. Нипков дискі

Детерминді жаймадағы жайылатын элементтің қозғалыс траекториясы нақты беріліп, алдын ала анықталған. Детерминді жайма кезінде бейненің бөлінуі жайылатын элементтің әр түрлі қозғалыс траекториясы бойынша өтуі мүмкін, яғни қозғалыс еркін болуы мүмкін. Тек оптикалық-электронды және электронлы-оптикалық түрлендіргіштердегі жайылатын элементтердің қозғалысы бір заңға сәйкес жүзеге асырылуы қажет. Жайылатын элементтің қозғалыс заңына сәйкес бейне бетінде жаймалардың алуын түрлері болуы мүмкін: сызықтық, ирек тәрізді, шиыршықты, синусоидалық, радиалды және т.б.

Детерминді жаймалардың түрлері 12.3 суретінде келтірілген.

Детерминді емес жайма бейне мазмұнына байланыста автоматты түрде орнатылатын, жайылатын элементтің осындай

қозғалысын талап етеді. Сондықтан қазіргі кезде детерминді емес жайма телевизиялық автоматикада қолданылады. Детерминді емес жаймалар бөлу қағидасы бойынша екі режим бойынша құрастырылады: іздеу және байқау.



Сурет 12.3. Детерминді жаймалардың түрлері:

a – сызықтық; *б* – иір тәрізді; *в* – шиыршықты; *г* – синусоидалық; *д* – радиалды-шеңберлік

Іздеу режимінде жайылатын элемент берілген траектория бойынша қозғалады, ал объект бейнесіне түскенде ол *байқау* режиміне ауысады да, осы кезде акпаратты оқылуы және өңделуі жүзеге асырылады. Байқаудың бірнеше режимі бар. Мысалы, нысан контуры бойынша байқау жаймасын қолдану кезінде жайылатын элемент тек зерттелетін нысан контурына ғана айрықша көңіл бөлінеді, ал нысан ауданы бойынша байқау жаймасын пайдалану кезде жайма әрбір жеке нысан туралы реттелген акпарат алуды қамтамасыз етеді.

Жайма типін таңдау кезінде телевизиялық жүйеге белгілі бір талаптар қойылады. Олардың кейбіреулері төменде келтірілген:

- әрбір элементтің бірдей жіберілу уақыты;
- кері жүріс кезінде минималды жоғалтымдар;
- техникалық іске асырудың қарапайымдылығы.

Сызықтық жаймадан басқа ешбір жайма түрі осы талаптарға сәйкес келмейді. Сол себепті хабар тарату теледидары мен қолданбалы теледидардың көптеген жағдайларында сызықтық жайма, әсіресе, оның прогрессивті және жоларалық түрлері, қолданылады. Телевизиялық хабар таратуда сызықтық-жолақтық жайма қабылданды (солдан оңға қарай және жоғарыдан төмен қарай, ол дағдылы жазу мен оқуға сәйкес келеді), яғни тұрақты бағыты мен жылдамдығы бар элементтерді бірінен соң бірін жол бойынмен және жіберу және тұрақты жылдамдығы бар жолдарды кадр ішінде кезектесу. Сызықтық-жолақтық жайма кезінде телевизиялық жүйе әдетте кадрдағы жолдар

санымен X және секундына⁷ толық бейнелердің кадрлар санымен сипатталады.

Кез келген заттың бейнесін көрсету үшін осы заттың әрбір элементтің жарық сигналын тиісті электр сигналдарына түрлендіріп, оларды жіберу қажет. Дегенмен, бейненің барлық элементтері бір мезгілде байланыс арналары бойынша жібере алмайды, өйткені бұл таратушы құрылғыларының орасан зор санын орнатуды қажет етуші еді.

П. И. Бахметьев бейне элементтерін бір байланыс арнасы бойынша кезекті жіберу әдісін ұсынды. Оның негізінде көрудің инерциялық қағидасы жатыр (соңғы жолды жіберу кезінде адам санасында бірінші жол бейнесі сақталуы қажет).

Телевизиялық жүйе байланыс желісі бойынша кеңістіктің кейбір бөлігінің оптикалық бейнесін жібереді. Кеңістік бөлігінің оптикалық бейнесі фотоаппаратта сияқты жіберілетін объект арқылы жіберуші телевизиялық тұтқасының нысанасында пайда болады. Бұл бейне басқарушы телевизиялық сигнал – видеосигналға айналады. Осы сигнал арқылы таратушы тербелістің модуляциясы жүзеге асырылады. Қабылданған телевизиялық радиосигнал кеңістікке жіберуші жүйенің телевизиялық антеннасы арқылы сәулеленеді. Телевизиялық қабылдағышта телевизиялық радиосигнал видеосигналға айналады, ал одан кейін осы сигнал арқылы – қабылдау телевизиялық тұтқасы (кинескоп) экранында бейнені қалыпқа келтіру жүзеге асырылады. Телевизиялық жіберуші тұтқасында бейне жарықсезгіш нысанасына проекцияланады.

Қозғалатын бейнелерді жіберу теледидарда кинодағыдай сияқты секундына қозғалмайтын бейнелердің көп санын кезекті жіберу әдісі арқылы жүзеге асырылады. Жіберу объектісінің белгілі бір қозғалыс фазасында келтірілген қозғалмайтын бейне түрінде келетін кадрлардың осындай тез ауысуы арқасында көрерменге барлығы тоқтаусыз қозғалыс иллюзия ретінде көрінеді. Үш немесе одан да көп функциялармен сипатталатын түсті және көлемді объектілерді жіберу бір уақытты үш немесе одан да көр арна бойынша немесе уақыт бойынша кезекті түрде бір байланыс арнасы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Көп ақпаратты кезекті түрде жіберу тәсілі бір арнасы бойынша күрделі бейнелерді көрсетуге мүмкіндік береді, бірақ сонда уақыт бойынша дискредитация қадамын қысқарту қажет болады,

⁷ 1910 ж. Б.Л. Розинг орыс ғалымы «бейнені электр тасымалдау» әдісін патенттеді. Сонымен қатар ол «электрлік телескопия» үшін тұтқаны алғаш рет жасаған болатын. Телевизиялық бейнелерді көрсетуге арналған тұтқалар кинескоптар деп аталды. 1931 ж. кеңестік С.И. Катаев ғалымы таратушы электронды-сәулелік тұтқаны – иконоскопты ұсынды.

яғни көрерменге бейне жылтылдамай көрінеу үшін секунд ішінде бар кадрларды жіберу жиілігін үлкейту қажет.

Көру инерциясының күшіне байланысты көз ақпараттың қозғалмайтын және қозғалатын бейнелердің жеке элементтерден кезекті түрде алмасуын байқамайды. Механикалық теледидарды электронды теледидар алмастырды.

Байланыс арналарының мәселелерін теледидар негізделіп жатқан екінші қағида шешеді, - бұл элементтердің жарқындығы туралы ақпаратты байланыс арнасы арқылы уақыт бойынша кезекті таратылу. Осы қағида *жайма* деп аталады. Телевизиялық бейнені кезекті түрде бір байланыс арнасы бойынша жіберу мүмкіндігі көрудің инерциялығы құбырысына негізделеді.

Электр сигналдарын оптикалық бейнеге түрлендіру. Телевизиялық бейне қабылдау құрылғысының экранында құрастырылады да, оны көбен көру үшін жасалынады. Телевизиялық хабар беру ақпаратының қабылдаушысы көрермен (бақылаушы) болып табылады, сондықтан телевизиялық жүйенің параметрлері мен сипаттамалары адамның көру жүйесінің қабілеттері мен сипаттамаларына сәйкес таңдалуы тиіс. Телевизиялық жүйе немесе оның жеке тораптарын құрастыру кезінде көру жүйесінің қандай сипаттамалары жеке тораптар немесе жалпы телевизиялық жүйе параметрлеріне әсер ететінін білу қажет.

Көру (сыртқа әлем туралы көру ақпаратты қабылдау: заттардың пішіні, олардың кеңістіктегі орналасуын, түсін, қозғалысын және т.б.) көру жүйесі арқылы жүзеге асады. Көру жүйесі көру органдары (көздер), жүйке жүйесі мен бас ми қабығының көру орталығынан тұрады. Көз оптикалық жүйе ретінде көрінеді. Оның арқасында бізді қоршаған заттардың бейнелері көз торында пайда болады. Көздің оптикалық жүйесі күрделі емес және ұйымдасқан бұлшықет аппараты арқылы басқарылады.

Қоршаған орта туралы ақпараттың басым бөлігін адам көру органдары арқылы қабылдайды. Көру қабілеті адамға ешбір тырысымсыз және техникалық құралсыз беріледі. Адам көзінің торында жарық қабылдағыш элементтер (рецепторлар⁸) бар – таяқшалар мен құтылар. *Таяқшалар* ымырттық көру органы болып табылады (аз жарықтандыру кезінде). *Құтылар* арқылы күндізгі деп

⁸ Рецепторлар (*лат. ресіпере* – «қабылдау») – ағзаның ішкі немесе сыртқы ортасынан тітіркенулерді қабылдайтын және тітіркендіргіштің физикалық (механикалық, жылулық және т.б.) немесе химиялық энергиясын сезімтал жүйке талшықтары бойынша орталық жүйке жүйесіне жіберілетін жүйке талшықтарының шектік ұштары түрлендіреді. Кейбір рецепторлар химиялық тітіркендіргіштерге сезімтал болады (хеморецепторлар), басқалары – температура (терморецепторлар), жарықтандыру (фоторецепторлар), қысымның өзгеруіне (механорецепторлар, барорецепторлар) сезімтал болып келеді.

аталатын көру іске асады (жарықтандыру жақсы болған кезде). Таяқшалар мен құтылар құрамында ереуше химиялық заттар бар. Олардың әсерінен электрлік сигналдар туындайды. Осы сигналдар жүйке талшықтары бойынша мидың тиісті бөліктеріне келіп түседі.

Көз торы көз алмасының түбінде жарықсезгіш бет туындайды. Торлы қабық жарықсезгіш жүйке ұштарынан тұратын мозаика болып табылады. Жүйке ұштарының екі түрі бар: құты-рецепторлары және таяқшалар-рецепторлары.

Күндізгі көру аппаратының *құты-рецепторлары* аз жарық сезімталдығымен, бірақ үлкен айыру қабілеті мен тұсажыратқыш белгілерге ие болады.

Ымырттық көру аппаратының *таяқшалар-рецепторлары* түстерді ажырата алмайды және олардың айыру қабілеті төмен болады, бірақ жарықтық сезімталдық жоғары болып келеді.

Көз торының орталық бөлігінде (бұрыштық өлшемдері $1 \dots 3^\circ$) тек құтылар бар, ал шеткерінде – құтылар да, таяқшалар да бар. Сонда құтылардың тығыздығы орталықтан алыстаумен бірге төмендейді, ал таяқшылардың тығыздығы әрдайым тұрақты болып келеді. Күрделі жүйенің жүйесі арқылы фоторецепторлар бас миының көру орталығымен байланысты болады.

Адам көзінің негізгі қасиеттері:

- инерциялылық;
- айыру қабілеті;
- сезімталдық;
- түссезгіштік.

Көрудің инерциялылығы – көру аппаратының көру түйсіктерін оның аяқталуынан кейін біраз уақыт ішінде сақтау қабілеті. Жарық түйсіктері адамда сәл кешігіп туындайды (жарық белсенділігіне байланысты әдетте $0,05 \dots 0,2$ с кейін), ал жарық сезінуі бірден кетпейді (ол шамамен $0,1$ с болады). Инерциялылық жылтылдаулардың жоғары жиілігі кезінде (әдетте секундына 24 кадр) жарықтың жылтылдау көзі үздіксіз жарқырайтындай болып көрінеді. Сол себепті жылтылдау сигналдарының жоғары жиілік таратылуы кезінде олар адамның көру аппаратына үздіксіз жарқырайтындай болып көрінеді.

Айыру қабілеттілігі – көздің қаралатын затта жеке бөлшектерді көру және екі жақын орналасқан жарқырайтын нүктелерді ажырату қабілеті. Адамның ең шекті қабілеті – шағын бөлшектерді көру – көру жүйесінің айыру қабілеттілігімен анықталады (көз жітілігі). Көз жітілігінің екі түрі бар: көздің оптикалық осіне қатысты қалыпты, тегістіктегі және бөлшектер тереңдігі бойынша (бөлшектер тереңдігі бойынша көз жітілігін, әдетте, тереңдік стереоскопиялық

көру жітілігі деп атайды). Олар көз торының айыру қабілеттілігі мен оптикалық жүйесіне тәуелді болады. Ол телевизиялық жүйенің ең маңызды параметрін – бейненің бөлу жолдарының санын - анықтайды. Оның экран бойында тез қозғалысы кезінде қалтырған электрондық дақ ізі *жол* деп аталады. Көру аппаратының инерциясы салдарынан көрермен бір мезгілде экранда электрондық дақ қозғалысының барлық іздерінің жиынтығын көріп тұрады. Экрандағы көрінетін жолдардың жиынтығы *растр* деп аталады.

Сезімталдық – көздің заттарды аз жарық кезінде көру (ажырату) қабілеті.

Түссезгіштік – көздің қарайтын заттардың түстерін ажырату қабілеті. Ол әр түрлі түстерге қатысты бірдей болып келмейді. Адам көзінің торында көру жүйкелерінің үш түрі бар:

- біреулері жасыл түстерге сезімтал;
- екіншілері – қызыл түстерге;
- үшіншілері – көк түстерге.

Көру жүйкелерінің барлық үш түрі бірдей дәрежеде қозған кезде адам ақ түсін көреді. Үш типті қозулардың жоқ болуы кезінде адам қара түсті көреді. Егер жүйке ұштарының қозуы біркелкі болмаса, көру жүйкелерінің қай түрі көбірек қозғанына байланысты ол түрлі түстердің реңкі ретінде қабылданады. Адам көзі 380-780 нм диапазонында жататын жарық сәулеленуді сезінеді. Көздің максималды сезгіштігі жасыл түске тиісілі 550 нм толқынына сәйкес келеді. Үш негізгі түстерден аралық түстерді жасау *түстерді қосындылау* деп аталады. Сонда спектрда шамамен біркелкі орналасқан жасыл, қызыл және көк түстері негізгі түстер болып саналады. Бір уақытта қызыл және жасыл сәулелерімен жарықтанған бөлшек сары түсті болады, ал қызыл мен жасыл – қанқызыл және т.б. болады. Сонда түстерді араластырып, белгілі шектерде жіберілетін бейненің түстік мазмұнын өзгертуге болады.


Нысандар немесе олардың бейнелерін бақылау кезінде жарқындықты өзгерту диапазоны маңызды рөл атқарады (минималдан максималдыға дейін). Максималды жарқындықтың минималды жарқындыққа қатынасы *контраст* деп аталады.

Теледидардың басты мақсаты жарық энергиясын электр сигналына айналдыру, осы сигналды байланыс арнасы бойынша тарату және, ақырында, электр сигналын қабылдау құрылғысында оптикалық бейнеге түрлендіру болып табылады. Көбінесе теледидардағы қабылдау индикаторы ретінде көз болады. сондықтан телевизиялық жүйе адамның көру органын есеп ала отырып құрастырылуы тиіс. Осыдан шығатыны телевизиялық жүйе жіберілетін объект туралы көру аппаратын қабылдау құрылғысына қабылдауды қамтамасыз ететін техникалық құралдар жиынтығын қамтиды.

Телевизиялық жүйенің жалпыланған құрылымдық схемасы 12.4 суретінде келтірілген. Объектив 1 оптикалық-электрондың түрлендіргіштің 2 (хабар таратушы тұтқа) жарық сезгіштік бетінде объектінің оптикалық бейнесін жасау арқылы жарық ағымын түрлендіреді. Бұл құрылғы сыртқы фотоэффекті құбылысын пайдалана отырып, жарық энергиясын электр энергиясына айналдырады. Ол *хабар таратушы тұтқаның фотокатоды* деп аталады.

Телевизиялық сигналды қабылдау үшін жарық ағымына пропорционалды зарядтарды түсіретін жаймалар жүйесі арқылы арнайы құрылғыны қолданады. Бұл құрылғы *хабар тарату тұтқасының* нысанасы деп аталады. Қазіргі хабар тарату тұтқаларында осы екі элемент біріктілген – фотокатод пен нысана. Оптикалық бейне хабар тарату тұтқасы нысанасына проекцияланады да, осы нысанадан зарядтарды түсіреді. Осы зарядтардан кейін телевизиялық сигнал туындайды.

Жайылу құрылғысы 3 арқылы кезекті электр импульстары туындайды. Бейне туралы ақпаратты тасымалдайтын электр импульстары *бастапқы жарқындық сигналы* деп аталады. Таратушы және қабылдау құрылғыларында нүкте координаталарының орналасу сәйкестігін қамтамасыз ететін талдаушы және синтездеуші құрылғыларының синхронды және синфазды жұмысы үшін синхронизацияның арнайы сигналдарын өндіріп, тарату қажет. Синхронизация сигналдары 4 синхронизаторда туындайды. Олар ұзықтығы мен жиілігі әр түрлі импульстар болып табылады. Синхронизацияның бір импульстары жолдың жүру ұзақтығы кезінде бір рет пайда болады, ал басқалары – кадр ұзықтығы кезінде бір рет.



Сурет 12.4. Телевизиялық жүйесінің жалпыланған құрылымдық схемасы:

1 – объектив; 2 – оптикалық-электрондық түрлендіргіш; 3 – жайылу құрылғысы; 4 – синхронизатор; 5 – күшейткіш; 6 – таратушы құрылғы; 7 – байланыс арнасы; 8 – қабылдау құрылғысы; 9 – видеосигналдар күшейткіші; 10 – сигнал-жарық түрлендіргіші; 11 – синхронизация импульстарының селекторы; 12 – жайылу құрылғысы

Осы импульстар жайылу құрылғысына 3 және, сонымен қатар, күшейткішке 5 түсіп келеді. Соңғысында олар жарқындық сигналдарына қосылады да таратушы құрылғысына 6 жіберіледі. Таратушы құрылғысында 6 тарату жиілігінің модуляциясы жүзеге асырылады. Толық телевизиялық сигнал байланыс арнасына 7 түседі, ал байланыс арнасының рөлін радиотаратқыштар, ретрансляторлар, кабельдік, радиорелелік, серіктік және телевизиялық сигналдың бұрмаланбаған таратылуы талаптарына сәйкес келетін басқа да байланыс желілері орындай алады. Байланыс арнасы бойынша хабар тарату процесінде сигнал әр түрлі түрлендірулерге тап болуы мүмкін, бірақ шығыста ол толық телевизиялық радиосигналы қалпына қайта оралуы қажет.

Қабылдау құрылғысында 8 жоғары және аралық жиіліктер бойынша телевизиялық радиосигналдың күшейтілуі және оның детектілеуі жүзеге асырылады. Одан кейін видеосигнал видеосигналдар күшейткішіне 9 түседі, онда сигналдың сигнал-жарық түрлендіргішін (кинескоп – қабылдау тұтқасын) 10 баскаруы үшін қажетті шамасына дейін күшейтіледі де, синхронизация импульстарының селекторына да 11 жетеді.


Осы құрылғыда видеосигналдан синхронизация импульстары шығарылады. Осы импульстар жайылу құрылғыларын 12 баскарып, талдаушы және синхронизация құрылғыларының сканерлеу элементтері қозғалысының синхрондылық пен синфаздықты қамтамасыз етеді.

Түсті теледидар. 1929 ж. кеңестің инженер Ю.С. Волков айналатын механикалық дискі жоқ түсті теледидар жүйесін жасады. Дәл осы өнертабыс түсті теледидардың электрондық жүйелеріне бастау салған болатын. Түстің бір мезгілде таратылуы бар телевизиялық жүйе үш байланыс арнасын, үш түс күшейткіші мен үш кинескопты талап етеді.

Түсті телевизиялық қабылдағыштың ерекшелігі түстілік блоктың бар болуы болып табылады. Қазіргі кезде түсті кинескоптардың екі түрі қолданыста бар: көлеңкелік және саңылаулы перделері бар.

Көлеңкелік пердесі бар кинескоп (сурет 12.5) электрондық ағымдарды жасайтын үш электрондық зеңбіректі қамтиды.

Осы ағымдар киноскоп экранындағы люминофор түйіршіктерінің триадасы (үштіктеріне) түседі. Әрбір люминофордың өз түсі бар. Әрбір сәуле тек өзінің түйіршіктеріне түсу үшін электрондық зеңбіректер мен экран арасында көлеңкелік перде (кішкентай тесіктері бар тор) орнастырылады.



Сурет 12.5. Көлеңкелік пердесі бар кинескоп

Одан сапалы бейне *саңылаулы пердесі бар кинескоптардан* алынады. Осында зеңбіректер түзу сызық бойында орналасады. Осы түзу сызықта, сонымен қатар, люминофор түйіршіктерді де орналасады, ал әрбір тесік пішіні саңылау (үшбұрыш) тәрізді болады. Түсті кинескопта экран люминофордың тұтас қабатымен емес, нүктелік мозаикамен қапталған. Осы мозаика үш люминофордан құралады. Ол үшбұрыштар түрінде топтастырылған. Үшбұрыштың әрбір нүктесі тек бір түспен ғана жарқырайды: қызыл, көк немесе жасыл. Көршілес нүктелердің орталықтары арасындағы қашықтық шамамен миллиметрдің оннан үш бөлігін құрайды. Егер өлшемі диагональ бойынша 59 см телевизиялық тұтқаны алатын болсақ, онда қатаң тәртіпте орналасқан осындай жарқырайтын нүктелердің саны 2 млн жуық болады. Түсті бейнені алу үшін үш түрлі «түсті» сигналын беруші, электрондық-оптикалық жүйелер арқылы кинескоп экранындағы әрбір нүкте жарқырау керек. Бұл тесіктер бар арнайы диск – көлеңкеліс маска арқылы жүзеге асуы мүмкін. Дискіде тесіктер бар, олардың әрбіреуі үшбұрыштар центріне нақты қарама-қарсы тұрады. Сонда түсті кинескоптың электрондық-оптикалық жүйесінің электрондық сәулесі тек «өзінің» нүктесіне дәл түседі: қызыл, көк немесе жасыл. Түрлі түсті сәулелер шашырамай, әрбіреуі өзінің нүктесіне түсу үшін кинескоп қылтасында түзеткіш магниттер орналастырылған.

Теледидар үшін метрлік және дециметрлік толқындар диапазоны қамтылған.

Сандық теледидар. Аналогтық сигнал қолданылатын теледидар жүйелері аналогтық теледидар деп аталады. Қазіргі телевизиялық хабар тарату жүйесі сигналдарды түрлендіру мен тарату үшін құрылғылардың ұзын тізбегі ретінде болып тұр. Теледидардың дамуына орай осы жүйенің буындар саны орасан зор түрге ұлғаяды. Дегенмен, осы жүйенің әрбір буынында сигналға кедергілер әсер етеді. Себебі аналогтық сигналдың әлсіз кедергі қорғанысы салдарынан

бейне сапасы төмендейді. Сигналды күшейту және өңдеудің аналогтық тәсілдері кезінде кедергілер буыннан буынға жинақтала береді. Осы түрлендірулердің саны аз болса, қосынды бұрмалаулар тіпті байқаусыз қалуы да мүмкін. Бірақ түрлендірулер саны өсетін болса, таратушы және қабылдау пункттері арасындағы қашықтық, әр түрлі видеоэффектердің өсуі, телевизиялық бағдарламаларын монтаждау технологисын күрделендіру көбейетін болса, олардың арасында қажетті кедергілер төзімділігін қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Оны шешу үшін сандық теледидар тәсілдері қолданылады.

Сандық теледидар – бұл телевизиялық сигналды өңдеу, консервация мен тарату операциялары оның сандық пішінге түрлендіруімен байланыста болатын телевизиялық техника саласы. Қабылдау экранында жіберілетін бейнені сандық сигналға және сандық сигналды бейнеге қарай кері түрлендіру тікелей жарық-сигнал және сигнал-жарық түрлендіргіштерде жүзеге асырылатын телевизиялық жүйелер қазіргі кезге дейін жоқ, бірақ болашақта осындай түрлендіргіштерді құрастыру мүмкін болып тұр.

Қазіргі кезде бар сандық телевизиялық жүйелерде қабылданған аналогтық телевизиялық сигнал ең алдымен сандық пішінге айналып, қажетті өңдеу, консервация мен тарату әрекеттеріне ұшырайды да, кейін қайтадан аналогтық пішінде түрлендіріледі. Сандық теледидар трактының кірісіне аналогтық телевизиялық сигнал түсіп, кодталады, яғни сандық пішінге өзгертіледі. Телевизиялық сигналды кодтау үрдісі дискредитация, кванттау және дербес кодтау операцияларынан тұрады. Осы үш операция *аналогтық-сандық түрлендіргіш арқылы* жасалынады. Сандық сигналды кері түрлендіру сандық-аналогтық түрлендіргіш деп аталатын құрылғысында жүзеге асырылады. Аналогтық-сандық және сандық-аналогтық түрлендіргіштер міндетті түрде бейнелерді тарату, сақтау және өңдеудің барлық сандық жүйелерінде бар болады.

Стереотеледидар⁹. Кеңістіктің тереңдігі мен бедерлігі бойынша заттардың өлшемділігі мен олардың өзара орналасуы біздің екі көзіміздің (бинокулярлық көру) арқасында қабылданады. Бинокулярлық көруде *көздік базис* негізгі рөл атқарады. Ол оң және сол жақ көздері қарашықтарының орталары арасындағы қашықтық болып табылады. «Орташа» көрермен үшін көздік базис мағынасы 65 мм құрайды. Кеңістікті стереоскопиялық қабылдау мүмкіндіктерін едәуір көтеру үшін бинокулярлық құралдар қолданылады (стереотүтіктер мен бинокльдер).

⁹ Алғашқы кара-ак стереоскопиялық телевизиялық бейне 1950 ж. Петербург қаласында П.В. Шмаковтың басқарумен телевидение кафедрасының ұжымымен құрастырылған болатын.

Телевизиялық жүйеде бинокулярлылық¹⁰ жіберілетін нысанды екі орыннан түсіру арқылы орындалады. Ол үшін, мысалы, түсіру базисіне сәйкес қашықтықта орналасқан екі тарату камералары қолданылады. Түсіру базисі объективтерінің центрлері арасындағы қашықтықпен анықталады. Осы камералар арқылы екі таратушы түтіктердің фотокатодтарына сол бір көріністің екі бейнесі проекцияланады. Осы бейнелер бір-бірінен ерекшеленеді. Түсіру базисі неғұрлым үлкен болса, осы ерекшелік соғұрлым үлкен болады. осы еке бейне кинескоптардың бір немесе екі экрандарына жіберіліп, шығарылады. Егер бір кинескоп қолданылатын болса, онда бейне уақыт және кеңістік бойынша шашырауы керек. Көлемділік эффектiсiне жету үшін осы бейнелердің бөлек қарастырылуы қамтамасыз етілуі тиіс, яғни сол жақ көз тек сол жақ камера орнынан түсірілген бейнені, ал оң жақ көз тек оң жақ камера бейнесін көруі қажет.

Телевизиялық бейнелердің көлемдік көрсетілуі үшін екі шарт қажетті болады. Біріншіден, бейнелерді түсіру бірқатар базисімен бірге жіберу қажет. Осы әр түрлі позициялардан түсірілген екі кадр *стереожұп* деп аталады. Стереожұптың әрбір кадры бір уақытты немесе кезекті түрде таратылуы мүмкін. Екіншіден, стереожұптың тиісті кадрларын оң және сол жақ көзбен жеке қарау қажет. Сол және оң жақ көз стереожұбының бейне бөлінуі (сепарация) көз құрылғылары, көзілдірік (жеке жағдайларда) және растрлық құрылғыларыны (коллективті) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Көз құрылғылары ретінде айналық немесе линзалық стереоскоптар, поляроидтардан¹¹ жасалған көзілдіріктер және түсті көзілдіріктер қолданылады. Құрылымдық қиындықтар мен пайдалану ыңғайсыздықтары салдарынан стереоскоптардың қолданылуы шектеулі және стереотеледидардың арнайы жүйелерінде пайдаланылады. Көзілдірікті пайдалану кезде сепарация әдісі поляроидты (өзара перпендикуляр тегістіктердегі жарық сәулелерін поляризациялау арқылы бейнені бөлу) және түсті (спектралды қасиеті бойынша бөлінеді) болып келеді. Сепарацияның растрлық әдістері әрбір көздің тандаушылық көрудің тар аясы салдарынан әлі кезге дейін іс жүзінде өз қолданысын таба алмай жүр.

Сұйықкристалды теледидарлар. Теледидарлар, сұйық кристалдар негізіндегі мониторлар электрондық-сәулелік түтіктердің

¹⁰ Бинокулярлық (*lat. bini* – «жұп» + *oculus* – «көз») – екікөзді; екі көзбен жүзеге асырылатын көру қабілеті, ол әлемді бедерлі түрде көруге мүмкіндік береді.

¹¹ Поляроид – жарықты поляризациялайтын таспа ретіндегі жарық фильтрі түріндегі поляризатор түрі. Поляризатор – поляризацияланған жарықты алу құрылғысы.

(ЭСТ) пайдалануы бар теледидарлар мен дисплейлерді ығыстыруға жақын. Дәстүрлі электрондық сәулелік мониторлардағы ақпарат кинескоп арқылы көрсетіледі. Оның өлшемі мен пішінің өзгертуге болмайды. Сұйықкристалды мониторларда кинескоп жоқ, сондықтан мониторлардың пішіндері кез келген болуы мүмкін.

Бірінші жұмыс істейтін сұйықкристалды дисплей 1970 ж. Фергесон жасады. Одан бұрын сұйықкристалды құрылғылар энергияны көп жұмсап, олардың қызмет мерзімі шектеулі, бейне контрасттары өте айқын болды, ал жасалуы өте қымбат болған еді. Қазіргі сұйықкристалды мониторлар сапалық контрастты, жарқын, айқын бейне көрінісін қамтамасыз етеді. Осы себептен қолданушылар дәстүрлі ЭСТ-мониторларынан сұйықкристалды мониторларға өтеді.

Сұйық кристалдар – кернеу астында өткізетін жарықтың шамасын өзгертуге қабілетті органикалық заттар. Сұйықкристалды монитор екі шыны немесе пластик тілімшесінен тұрады. Олардың арасында суспензия орналасады. Осы суспензиядағы кристалдар бір-біріне қатысты параллель орналасқан, сондықтан панель арқылы жарықтың өтуіне мүмкіндік береді. Электр тогын беру кезінде кристалдар өз орындарын алмастырады да, олар жарықтың өтуіне кедергі жасай бастайды. Сұйықкристалды технология сонымен қатар компьютерлер мен проекциялау жабдықтауда кеңінен қолданыла бастады.

Сұйықкристалды мониторлардың артықшылықтары:

- үнемділік (электрондық-сәулелік түтіктері бар мониторларға қарағанда 80% кем энергия жұмсайды);
- масса, көлемі кем болады, экранның көру аясы көбірек және түстері жарқынырақ және қанық болады;
- оларда электромагниттік сәулелену және жылтылдау жоқ, сондықтан осы мониторда көздің шаршауынсыз өте ұзақ уақыт бойын жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сұйықкристалды мониторлардың кемшіліктері:


- бейне кереғарлығының шолу бұрышына тәуелділігі (электрондық-сәулелік түтіктері бар дисплейлерде бұл мәселе мүлдем жоқ);
- жаппай өндірілетін СК-мониторлар механикалық зақымданулардан нашар қорғалған.

Плазмалы панель. Газразрядты экран, немесе «плазмалық панель», - иондалған газдағы (плазмадағы) электр разряды кезінде туындайтын ультракүлгін сәулелердің әсерінен люминофор жарқырауының құбылысына негізделген ақпаратты көрсететін құрылғы.

Плазмалық мониторлардың жұмысы төмен қысымды инертті газбен толтырылған түтіктер түрінде жасалынатын неондық шамдардың жұмысына ұқсас болып келеді.

Плазмалық панель екі шыны тақталардан құралады. Тақталардың ішкі жағынан сканерлеу шиналары, көмескі жарық пен дербестендіруді жасайтын мөлдір электродтар орналасқан. Шынылардың арасында микроскопиялық ұяшықтардан тұратын қалыптама орналасады. Плазманы жасау үшін ұяшықтар газбен (неон немесе ксенон) толтырылады. Үш ұқсас ұяшық пиксельді құрайды (сурет 12.6), яғни минималды және бөлінбейтін элемент (нүкте). Біз көрінетін монитор экранындағы бейне пиксельдерден тұрады.

Жоғары жиілікті кернеу электродтарына келтіру кезінде газ ионизациясы немесе плазманың құрастырылуы жүзеге асады. Плазмада жоғары жиілікті сыйымдылық разряды жасалады. Ол люминофор жарығы тудыратын ультракүлгін сәулеленуге әкеледі:



Сурет 12.6. Пиксель құрамы

қызыл, жасыл немесе көк. Бұл жарықтандыру алдыңғы шыны панель арқылы өткен кезде бейнені құрастырады.

Плазмалық панель артықшылықтары:

- жоғары сапалылық, кереғарлық және бейне жарқындығы;
- сұйықкристалды панельдермен салыстырғанда (40 ... 70°) шолу бұрышы кең (160°).

Плазмалық панель кемшіліктері:

- жоғары бағасы;
- монитор диагоналінің үлкеюі кезінде өсетін жоғары тұтынылатын қуат;

- бейне элементінің үлкен өлшемімен шартталған төмен айыру қабілеттілік;
- люминофордың жануы салдарынан плазмалық панель жұмысының шектелген ресурсы (кеңселік пайдалану кезінде 5 жылға жуық), сондықтан осындай мониторлар тек конференциялар, презентациялар, акпараттық қалқандарда ғана, яғни акпаратты көрсету үшін үлкен экрандар қажет етілетін жерлерде қолданылады);
- кейбір кездерде плазма желдеткіштің салқындауы салдарынан шулауы мүмкін.

12.3. ДЫБЫС ЖАЗУ МЕН ОЙНАТУ

Ежелден бері адамдар дыбысты алыс қашықтықтарға хабарламаларын беру үшін пайдаланған. Серпімді тербелістер мен акустикалық өлшеу теориясының дамуында жетекші рөл ресейлік ғалымдарға тиесілі. Сонау XVII ғ. Петербургте академик Л. Эйлер "Дыбыс туралы физикалық диссертация", "Дыбысты және жарықты тарату туралы физикалық ескертулер" атты жұмыстарын жариялады. 1804 ж. академик А. Захаров әлемде алғаш рет арақашықтықты дыбыс көмегімен өлшеген. 1880 жылы француз ғалымдары ағайынды Жак және Пьер Кюри тура пьезоэлектрлік эффектісін ашты. *Пьезоэлектрлік I — бұл материалға механикалық әсерден (сығылу, созылу) туындайтын электрлік.* Кейбір кристалдардың (кварц, сегнет тұздары) белгілі бір бағытта қысып немесе созып пішімін өзгерткенде күшінің олардың кернеулерінде карама-қарсы таңба бойынша электрлік зарядтар туындайды. Осындай пьезоэлектрлік эффект тура эффект деп аталады ..

Пьезоэлектрлік¹ (гр. «пьеzo» — «қысу», «созу») — тура пьезоэлектрлік эффект, 1880 г. ағайынды француз ғалымдары Жак және Пьер Кюри ашқан.

Электр өрісінің әсерінен мұндай кристалдар деформацияланады¹. Осындай пьезоэлектрлік эффект кері әсері бар пьезоэлектрлік эффект деп аталады.

Кері әсері бар пьезоэлектрлік эффектің мәні мынада: егер пластинканың екі қарама-қарсы қырларына айнымалы электр кернеуін қосса, онда пластинка қысылып және созылып еріксіз тербелістер жасайды. Бұл ретте, пластинкалардың ең жоғары тербеліс амплитудасы электр тербелістерінің жиілігі мен кристалдың механикалық тербелістерінің меншікті жиілігі сәйкес болған кезде байқалады. Нәтижесінде резонанс² туындайды және пластинка қарқынды³ механикалық тербелістер жасап, ультрадыбыстық тербелістердің көзіне айналады. 1847 жылы Джоуль магнитострикциялық эффект⁴ құбылысын ашты. Бұл құбылыстың мәні мынада: егер өзекті ферромагниттік⁵ материалдан жасалған (никель, кобальт, темір) магнит өрісіне орналастырса, онда өзектің геометриялық өлшемдері өзгереді.

Дыбыс-газ, сұйықтық немесе қатты түрдегі бөлшектердің толқын түрінде таралатын тербелмелі қозғалысы, ол адамдардың есту органдарымен қабылданады. Адамның құлағы 16...20 Гц тен 18..20 Гц-ке дейінгі жиіліктегі дыбысты естиді. Ал бұдан жоғары жиіліктегі дыбыстарды ол ести алмайды-ол естілмейтін дыбыстар. Тербеліс жиіліктері 20000 Гц тен жоғары дыбыстар ультрадыбыс деп аталады. Адамның құлағы ультрадыбыстық сигналдарды қабылдамайды, бірақ олар табиғатта бар, акустика заңдарына бағынады және техникада пайдаланылады. - Ультрадыбыстық техника тұтастай электроникаға негізделген.

¹ Деформация (*лат.* «бұрмалау») — дененің массасын өзгертпей оның мөлшері мен формасын өзгерту сыртқы күштердің, температураны өзгерту, магниттеу т.б. деформацияның қарапайым түрлері: созылу, сығылу, иілу, оралу.

² Резонанс (*фр.* «үн қосу») — тербелістер амплитудасының күрт арту құбылысы, (электрлік, механикалық, дыбыстық т.д.) сыртқы күштердің әсерінен жүйе тербелісінің меншікті жиілігі мен мәжбүр етуші күштің жиілігі сәйкес болған кезде.

³ Интенсивтік (*фр.* «кернеу», «күшейту») — ең жоғарғы өнімділік

⁴ Магнитострикция (*лат.* «стрикция», «сығу», «созу») — магниттелген кездегі кристалды денелердің формалары мен мөлшерінің өзгеруі. Бұл құбылыс магнитострикция атауына ие болды.

⁵ Ферромагниттік (*лат.* «темір» + «магнит») — қатты білінетін магниттік қасиеттері бар.

Ультрадыбыс таратушының негізгі элементі — электр тербелістер генераторы.

Электр тербелістерді ультрадыбыстық сигналдарға түрлендіруді пьезоэлектрлік, магнитострикциялық және электростатикалық түрлендіргіштердің і көмегімен жүзеге асырады, олар әрекет ұстанымы және сындарлы орындау бойынша ерекшеленеді. Қандайда бір типті түрлендіргішті қолдану орындылығы нақты өндірістік немесе техникалық шарттарға байланысты. **Пьезоэлектрлік түрлендіргіштер.** Пьезоэлектрлік түрлендіргіштің негізі пьезоэлектрлік эффект. Олар қабылдағыштарда (в микрофондарда, дыбыс түсіргіштерде, дауыс зорайтқыштарда), және сәулетаратқыштарда (пьезоэлектрлік дауыс зорайтқыштарда) кеңінен қолданады.

Магнитострикциялық түрлендіргіштер. Магнитострикция құбылысы негізінде құрылғысы және тағайындауы бойынша әртүрлі магнитострикциялық түрлендіргіштер дайындайды. Олар электромагниттік энергияны механикалыққа айналдырады және керісінше. Әдетте түрлендіргіштің магниттік сымын ферромагниттік қалыңдығы 0,05...0,3 мм , орама сым өтетін саңылаулары бар жұқа ферромагниттік пластиналардан жинайды. Түрлендіргіштің мөлшерін түрлендіргіштің меншікті механикалық жиілілігі мен сәулендіргіш күштің жиілілігіне сәйкес келетіндей етіп таңдайды.

Түрлендіргіштің орамы арқылы айнаымалы магнит өрісі өткенде магнитөткізгіштердің мерзімді ұзаруын немесе қысқаруын тудырады, дөңгек бетінде оның ультрадыбыстық тербелістер шығарады. ультрадыбыстың түрлендіргіштің магниттік сымдарына әсері кезінде онда айнаымалы магнит өрісі пайда болады, орамалардағы жетекші электрқозғаушы күші , сондықтан бір түрлендіргіштің өзі сәулендіргіш және ультрадыбыстық толқындарды қабылдағыш болып жұмыс істей алады. **Электростатикалық түрлендіргіштер.** Электростатикалық түрлендіргіштердің жұмысының негізін электрострикция құбылысы құрайды. Электрострикция — бұл электр өрісінің әсерімен диэлектриктердің мөлшерін өзгерту. Әдетте, мұндай түрлендіргіш жазық конденсатор , оның қозғалыстағы бір электроды сәуле таратқыш мембрана 1. қызметін атқарады.

¹ Мембрана (лат. «жарғақша») — тартылған пленка, металдық фольга немесе жіңішке икемді металдық пластина, ауаның қысымын қабылдайтын (тербелістер) және оны механикалық тербеліске айналдыратын (мысалы, микрофон), немесе керісінше (мысалы, телефон, дауыс зорайтқыш т.б.).

Егер электродтарға айнымалы кернеуді қосса, оларда аттас емес электрлік зарядтар пайда болады да олар өзара тарту және итерудің әсерінен жылжымалы қоршаудың тербелістерін тудырады. Жылжымалы қоршау ультрадыбыстық толқындардың көзі болып табылады. Қабылдау режимінде жылжымалы қоршау акустикалық толқындардың әсерінен аутиды, нәтижесінде электродаралық сыйымдылық өзгереді. Ультрадыбыс көмегімен металлургияда беріктігі жоғары дисперстік 1 қорытпаларды алады. Графитті және қола, қорғасын, алюминийді араластыру үшін ультрадыбысты пайдаланады, өйткені қарапайым тәсілдер бұл материалдарды біркелкі араластыруға мүмкіндік бермейді. Ғылымда, техникада және өндірісте ультрадыбыстық дефектоскопия 1 2. кеңінен қолданады. Дефектоскоптың жұмыс істеу принципі мынада ультрадыбыстық толқындардың тар байламы өтуде арқылы зерттелетін бұйым арқылы өтеді. Егер онда жарықтар немесе раковина бар болса, онда толқын ішінара көрсетіледі де қайтып оралып, қабылдағышпен ұсталады. Әдетте шағылысқан белгінің сипаты бойынша, ақауды қарастырады. Ультрадыбыстық дефектоскоптарды қолдану мүмкіндік береді :

- қарапайым өлшеу құралдарымен өлшей алмайтын резервуардың қабырғасының қалыңдығын өлшеуге болады;
 - қиын орналасқан жердегі металл бетіндегі коррозияны анықтау.;
 - конструкциялардың беріктігін ғана емес бұымдардың беріктігінің артуын бақылау;
 - тозған бөлшектер туралы мәліметтер алу;
 - Машинаны бөлшектемей ақ оның ақауларын анықтау.
- Ультрадыбысты сондай-ақ ауыл шаруашылығында пайдаланады. Ультрадыбыстың жиілігі мен қарқындылығын арттырып тұқымды өңдеу олардың өнгіштігін жылдамдатады өсуі мен өнімділігін көбейтеді, көптеген аурулар мен улы химикаттарға төзімділігін арттырады.

Электроакустикалық аспаптар дыбыс және механикалық тербелістерді электрлікке түрлендіреді және керісінше айналдырады. Оларға микрофондар, дыбыс түсіргіштер, дауыс зорайтқыштардың басы және телефондар жне т. б. жатады.

¹ Ұнтақты (от *lat. disperses* — «таратылған», «шашылған») — зат түріндегі майда бөлшектер.

² Дефектоскопия — бірінші ультрадыбысты дефектоскопты С.Я.Соколов 1928 жылы ойлап тапқан. Оның көмегімен металдар мен пластмассадағы раковиналар мен жарықтарды анықтайды. болады.

Микрофондар. Микрофонда дыбыс тербелістері электр тогының тербелістеріне айналады. Атқаратын қызметіне қарай микрофондар динамикалық (индукциялық), конденсаторлы (электрстатикалық), пьезоэлектрлік, электромагнитті және көмірлі болып бөлінеді .

Динамикалық микрофондарда микрофонның қозғалмалы бөлігімен (катушкалы микрофонның мембранасымен немесе таспалы микрофонның таспасымен) байланысқан катушка тұрақты магниттің магнит өрісінде жылжып тұрады. Электромагниттік индукция құбылысына сәйкес катушкадағы өткізгіштерде немесе таспада индукцияны ЭҚК пайда болады , ол күшейткішке кіретін жерге беріледі. Бұл 40 Гц... 15 кГц жиіліктер жолағында жұмыс істейтін студиялық және концерттік микрофондар.

Конденсаторлы микрофонда дыбыстық тербелістердің әсерімен мембрана жылжиды, ол конденсатордың бірінші астары ретінде жүреді , және конденсатордың екінші астары болып табылатын қозғалмайтын тілім екеуінің арасындағы арақашықтық өзгереді және осы конденсатордың сыйымдылығы өзгереді. Егер конденсаторлы микрофонмен қатар резистор мен қуат көзін қосса, онда конденсатор мен резистор арқылы ток өтіп резисторда дыбыс қысымына дәл келетін кернеу пайда болады . Мұндай микрофондар 10 Гц...20 кГц жиіліктер жолағында жұмыс істейді .

Пьезоэлектрлік микрофондарда тікелей пьезоэлектрлік әсер қолданылады , пьезокристалдар өзгеріске ұшырағанда олардың бетінде шамалары өзгеріске сәйкес зарядтар пайда болады.

Электромагниттік микрофондарда мембрана магнит өткізгіш ұштарының арасындағы саңылауда өзгеріп тұрады ,осы себептен қозғалмайтын катушкалардан өтіп оларға индукция ЭҚК апаратын магнитті тасқын өзгереді . Бұл микрофондардың жаңғыртатын жиіліктер ауқымы 400... 4 000 Гц. Оларды есту аппараттарында, мегафондарда, шлемофондарда қолданады.

Көмірлі микрофонның атқаратын қызметі қысу күшіне қарай көмір ұнтағының тойтарыс көрсетуін өзгертіп тұру қасиетіне негізделген.

Кедергі мен қуат көзін қамтыған тізбекке көмірлі микрофонды қосқанда микрофон мен кедергі арқылы айнымалы ток өтеді , сөйтіп кедергіде дыбыс қысымына дәл келетін кернеу пайда болады. Бұл микрофондардың сезгіштігі микрофондардың басқа түрлеріне қарағанда жоғары , бірақ басқа электрлік өлшемкөрсеткілері әлдеқайда нашар . Көмірлі микрофондарды қолдану аясы шектеулі , негізінен аз ауқымды шағын аспаптарда қолданылады.

Көмірлі және конденсаторлы микрофондар олардың тізбектерінде қуат көзі бар болса ғана жұмыс істейді, ал динамикалық, пьезоэлектрлік және электромагниттік микрофондар дыбыс тербелістерін электр дабылдарына қосалқы батареяларсыз немесе басқа қуат көздерінсіз айналдырады.

Дауыс зорайтқыштардың бастиектері және телефондар. Дауыс зорайтқыштардың бастиектері және телефондар электр тербелістерін дыбыстыққа айналдыруға арналған. Дауыс зорайтқыштардың бастиектерінің негізгі өлшемкөрсеткілері номинал қуат, жиілік сипаттамасы, сызықтық емес бұрмаланулар шамасы және кірмелі немесетолық ішкі тойтарыс болып табылады.

Номинал қуат — бұл бастиекке жеткізілетін ең үлкен электр қуаты, онда сызықтық емес бұрмаланулар техникалық жағдайлар мен қарастырылған шамадан аспайды.

Бастиектің *жиілік сипаттамасы* бастиек тудыратын дыбыстық қысымның жиілікке байланысты екенін көрсетеді.

Бастиектің *сызықтық емес бұрмаланулар шамасы* дегеніміз — бұл зерттелетін дабылдың барлық жоғары гармоникаларының қолданыстағы мәндерінің квадраттарының квадрат түбірінің осы дабылдың бірінші (негізгі) гармоникасының қолданыстағы мәніне қатынасы

Бастиектің *кірмелі немесе толық ішкі электр тойтарысы* — бұл тойтарыс әдетте үйлесімдік тоқ үшін жиілігі 1 000 Гц. Қазіргі заманғы бірнеше дауыс зорайтқыш қатарын қамтитын акустикалық колонкалар үшін бұл тойтарыс 4 Ом құрайды.

Дауыс зорайтқыштардың электрдинамикалық бастиектері кеңінен тараған. Мұндай бастиектерде айнымалы электр тогын өткізетін катушка, тұрақты магниттің магнит өрісінде жылжиды, себебі тоқ пен өрістің әсерінен Ампер күші пайда болады, ол құйма қағаздан жасалған катушкаға байланған конус тәрізді диффузорды қозғалысқа келтіреді.

Радиохабарларды жеке тыңдауға және басқа мақсаттарда бас телефондарды кеңінен қолданады, олардың ішінде ең жиі қолданылатыны электромагнитті телефон. Бұл телефонда айнымалы электр тогы болат мембрананы тартып оның тербелісін тудыратын, орамаларында айнымалы магнит өрісі жасалатын катушкалар арқылы өтеді. Пьезоэлектр телефонның жұмысы кері пьезоэлектрлік әсер құбылысына негізделген. Биморфты (екі қабатты) кернеу пьезоэлементіне жақындатқанда ол бүгіледі, ал онымен байланысқан мембрана тербеледі.

¹¹ Диффузор — кеңейетін құбыр түріндегі құрылғы.

Магнитті жазба және дыбыс шығару. Алғаш рет XX ғасырдың басында дыбыс жазған жарықтың толқындық теориясын жасаушылардың бірі, ағылшын физигі Томас Юнг болатын . Ол дыбыс тербелістерін ысталған қағазға түсіретін . 1857 жылы француз ғалымы Леон Скотт дыбыс тербелістерін жазатын фоноавтограф құрастырды . Құрылғы қаламұш пен барабаннан және рупор мен мембранадан тұратын. Дыбыс көзін рупор жанына орналастыратын . Барабанды қолмен айналдыратын Тербелгіш қозғалыстарды мембранамен бірге ырғағымен жасайтын қаламұш барабанның цилиндр тәріздес ысталған төбесінде көлденең жазу орындайтын. Дыбысты бұлай жазу дыбысты шығаруға мүмкіндік бермейді.

1877 жылы белгілі американ өнертапқышы Томас Альва Эдисон әлемде алғаш болып өз құрылғысын ұсынды . ол дыбысты жазып қана қоймай дыбыс шығара да алатын еді. Құрылғыны фонограф деп атады. Осы сәттен бастап дыбыс жазу тарихы өзінің жыл санауын бастады. Эдисон фонографы жұқалтыр металл қақтамамен қапталған айналмалы-ілгерілемелі қозғалыстар жасайтын білікшеден және рупорға қатты байланған инесі бар мембранадан тұратын . Білікше айналғанда дыбыс тербелістерімен, мысалы, адамның даусымен қозғалыс жасайтын мембрана, иненің көмегімен металл қақтамада тереңдіктері әр түрлі жырашықтар сызды . Дыбыс шығару үшін инені жыраның басына орнатып білікшені айналмалы қозғалысқа келтіру керек болатын. Ине жырамен сырғи отырып , тербеле бастайды .Бұл тербелістер мембранаға әсер етіп , бұған дейін жазылған дыбыстарды дауыс күшейткішпен шығаратын .Алайда білікшеден шыққан дыбыстың көшірмесін жасауға мүмкіндік болмады .

1888 жылы неміс ғалымы Эмиль Берлинер алдын-ала жазық дискте орындалған бастапқы дыбыс жазуды таратудың өзіндік соны тәсілін ұсынды. Бұл алғашқы күйтабақ болатын. Осымен қатар Берлинер граммофон күйтабағына жазылатын дыбыс шығаратын құрылғы ойлап тапты. Оны граммофон деп атады. Оның негізгі элементтері: мембрана, дауыс күшейткіш түріндегі дыбыс өткізгіш және жетекші серіппелі механизм. XX ғ. басында граммофон бүкіл әлемді жаулап алды.

Радиотехниканың дамуымен дыбыс жазудың механикалық тәсілін электрлік тәсіл алмастырды , сөйтіп жазба сапасы едәуір жақсарды.

¹¹ Рупор (гол. goeper) — конус тәрізді дөңгелек немесе төртбұрышты етіп қиылған құбыр, белгілі бір бағыттағы серпімді тербелістерді шоғырландыру үшін қолданады , мысалы дыбысты күшейту үшін үшінконцентрации упругих колебаний в определенном

Біздің уақытта дыбысты жазу мен бейнелеудің магниттік тәсілдері кеңінен орын алды. Ол кейбір материалдардың магниттену қабілетіне негізделген және мұндай жай-күйді, магнит өрісінен шыққаннан кейін де сақтауға болады. Алғаш рет бұл идеяны 1898 ж. дат физигі В.Паульсен пайдаланды. Магниттік жазба ферромагниттік денелердің салыстырмалы әлсіз магнит өрістеріндегі қатты магниттенетіндік қасиетіне негізделген және жойылып кеткеннен кейін де жай-күйін сақтайтындығында негізделген.

Магниттік жазба бірқатар артықшылықтарға ие :

- Оны бірден іске қосуға болады;
- бірнеше рет дыбыс жазуға пайдалануға болады; жазатын аппаратураны (магнитофон) басқару қарапайым және салыстырмалы арзан. Магнитофонның құрамы:
- таспа тартқыш механизм (бір, екі немесе төрт электромоторлары бар түрлі магнитофондарда) магниттік таспаларды тасымалдауға арналған;;
- кіріс құрылғылары, жазу күшейткіш, магнитті жазу бастиектері;
- жаңғыртушы аппаратураның магнитті бастиектері, күшейткіш ойнату және дауыс зорайтқыштың басы;;
- жоғары жиіліктегі генератор және өшірілетін магнитті бастиектер .

Фонограмманың магнит өрісі дыбыс жиілігін көздейд. Бұл сигнал ойнату күшейткішінде күшейіп, динамика басына беріледі.

Жазу және ойнату үшін жазу мен ойнату басы мен екі күшейткіштің орнына көп тұтынушы таспа жазу құрылғысында бір әмбебап бас және бір күшейткіш жазу мен ойнату үшін пайдаланылады .

Магниттік жазбадағы дыбыс шығару сапасын жақсарту үшін , сандық сигналдарды ұсынуды пайдаланады. Стерео сандық таспа жазу құрылғысы шығарылған .

Сандық грампластинкалар СД («компакт-дискілер») ол қалыңдығы 1,2 мм поликарбонаттан жасалған мөлдір пластикалық дискілер. (12,7 сүрет). Ұзақ уақыт ойнайтын пластинкаға қарағанда компакт – дискке жазу бір жағынан ғана жасалады, дыбыс ұзақтығы 1 сағаттан асады.

Компакт – дискінің тегіс бетінде спираль сызық бойымен әртүрлі ұзындықтардың шыңдары бар, олар пит деп аталады, питтің тереңдігі -0,1 мкм., ені 0,6 мкм (адам шашынан отыз есе жұқа болады).

Питтің ең аз ұзындығы шамамен 0,9 мкм., келесі питтің ұзындығы $4/3$, $5/3$, 2, $7/3$, $8/3$, 3, $10/3$, $11/3$ есе асады .


¹ Фонограмма — грампластинкада, магнитофондық таспада, дискіде немесе басқа тасымалдағышта жазылған дыбыс.

Питтардың бір қатарында орналасқан жазу жолын құрайды (12,8. сурет).

Шағын дискідегі көршілес тріктер арасындағы қашықтық 1,6 мкм., бұл 1мм-ге 625 жолға сәйкес келеді. Пит жағынан дискіге алюминий пленка қондырылған, ал жоғарғы жағынан мөлдір емес пленкамен қапталады.


Сандық ойнатқышта галлий, алюминий және мышьяктың қорытпасына негізделген жартылай өткізгіш лазерді пайдаланады. Лазер сәулесі жазба жолында (. дақтың диаметрі 2 мкм .) назар аударылады және металл пленкамен фотодиодта көрсетіледі .

Егер сәуле питқа түссе, ол шашырайды және фотодиодқа бейнеленбейді.



12.7. – сурет. Компакт-дискінің бөлігінің бейнеленуі :

1 — қорғаныс пленкасы; 2 —шағылысатын қабат (алюминий қабаты пленка); 3 — мөлдір пластикалық пленка



12.8. сурет. Питтардың компакт – дискіде орналасуы

Осылайша пит арқылы көрсетілетін сигналды модульдеу және ақпаратты оқу жүзеге асырылады. Лазер сәулесін шағылысатын қабатқа үнемі шоғырландыру үшін арнайы автофокус жүйесі пайдаланылады .

Сандық ойнатқышта қазіргі таңда үлкен интегралды схемаларды пайдаланады .

Монофоникалық музыканы тыңдаған кезде, оркестірдің барлық құралдарынан дыбыс тыңдаушыға бір нүктеден келіп түседі, сондықтан мұндай дыбыстық сигнал беру арқылы табиғи қабылдау сезімін бұзады ,кеңістіктік әсер жоқ .

Тыңдаушы әртүрлі дыбыс көздерінен әсер алу үшін , түрлі жүйелер мен радиоэлектрондық құрылғыларды пайдаланады .

Тыңдаушыға стерео әсерін жасау тәсілдерінің бірі - монофониялық радиоқабылдағыштың немесе ойнатқыштың төменгі жиілікті күшейткіштің шығуындағы сигналды сүзгілеу арқылы жоғарғы жиілікті немесе төмен жиілікті компоненттерге бөлу.

12.4. ЕСЕПТЕУІШ ТЕХНИКА

Есептеулер ауызша, жазбаша немесе есептеуіш аспаптардың көмегімен жүргізіледі. Есептеу құрылғылары әр түрлі уақытта әр қилы мүмкіндіктері болды және атаулары әр түрлі аталды: есептеу тақталары, абак, есептеу құралдары, икемдеулер, аспаптар, машиналар және соңғы, электронды есептеуіш машиналар (ЭЕМ)¹, немесе компьютерлер² (сур.12.9). Егер электронды құрылғылардың қалыптасуының негізі есептеуіш техникалардың принциптеріне сүйенетін болса, онда ондай электронды құрылғы электронды-есептеуіш құрылғы деп аталады. Компьютер – электронды құрылғы, демек, оның барлық жұмысы ұзын және күрделі электрлі сигнал түрлендіру кезеңінен тұрады.

¹ Стереофония – (грек тіл. Stereos – «қатты», «кеңістіктік» + гр. Phone – «дыбыс») – дыбыс көзінің кеңістіктікте орналасуын қабылдау мүмкіндігінің сақталып дыбыстың шығуы немесе берілуі.



12.9 – сурет. персоналды компьютердің сыртқы көрінісі

Компьютерлер адамдардың барлық іс-әрекетіне белсенді түрде енді. Үлкен ЭЕМ халық шаруашылығында есептеулер жүргізу үшін, әр түрлі құрылғыларды құрастыруда сызбалар дайындау үшін қолданылады, компьютерлер көмегімен қойма бөлмелерінің бөлшектерін бақылау мен тіркеу жүзеге асырылады, компьютерлердің арқасында қызметтік жазбалар жеңілдетіледі және т.б. тек әрбір жұмысқа өзіне сәйкес арнайы бағдарламасын енгізеді. ЭЕМ бір-біріне қарапайым телефон желісі арқылы қосыла алады және осы арқылы керекті мәлімет алмасады. Енді компьютермен тек қана ақпаратты өңдеу саладағы мамандар ғана емес, сонымен қатар басқада сауатты адам қолдана алады. Бірінші ЭЕМ ең үлкен өлшемі, олардың салқындату жүйесінің күрделілігі, электронды шамдар мен реленің сенімсіздігі, электр энергиясын көп мөлшерде қолдану дамып жатқан техниканың талаптарын қанағаттандыра алмады.

¹ Электронды-есептеуші машина – 1945 жылдың соңында пайда болған бірінші есептеуші машина ЭНИАК, 18 мың электронды шамды, 1,5 мың электромеханикалық релені есептеді, 150 м² ауданды алып жатты, оның салмағы 30 т. Қуаты 200кВт-қа дейін жетті, жоба авторы – америкалық ғалымдар Д.Моучли және Д.Эккерт.

² Компьютер (ағылш. to compute – «есептеу», «саналу»).

XX ғасырдың 50-ші жылдардың ортасында жатрылай өткізгіштің арқысында негізгі элементі транзисторлар болып табылатын ЭЕМ-нің екінші кезеңі туындады. Транзисторларды қолдану арқасында электрлі-есептеуіш машиналарда сенімділік пайда болды, энергияны, габаритті қолдану азайтылды, жылдамдық өсті (секундына ондаған және жүздеген мың операция).

ЭЕМ тез әрекетінің ары қарай өсуі конструктивті элементтерінкішірейтумен байланысты: транзисторды, резисторды, конденсаторды, диодты. XX ғасырдың 60 жылдарында пайда болған шағын интегралды сызбалар ЭЕМ-нің үшінші кезеңінің (тез әрекет енді секундына мыңдаған – миллиондаған операцияларды жүргізді) негізі болды.

XX ғасырдың 70 жылдардың басында орташа интегралды сызбаны қолдану ЭЕМ-нің төртінші кезеңінің туындауына әкелді. Әрбір осындай сызбалар ондаған және жүздеген белсенді және белсенді емес элементтерден тұрды.

ЭЕМ-нің бесінші кезеңі үлкен интегралды сызбаның пайда болуымен байланысты. Бір жартылай өткізгішті монокристаллда бірнеше жүздеген тіпті мыңдаған әр түрлі элементтерден құралды.

Жалпы алғанда, компьютер ақпаратты енгізу құрылғысынан, қажетті ақпарды және ескерту командасын тартатын процессордан, және ақпаратты шығару құрылғысынан тұрады (сур. 12.10).

Ақпаратты енгізу құрылғысы. Ақпаратты енгізу құрылғысына пернетақта мен манипуляторлар жатады.

Әрбір компьютерде есептеуіш машинаға мәліметті енгізу үшін негізгі құрылғы болып табылатын пернетақта (сур. 12.11) болады. ЭЕМ-ның пернетақтасы электрлі жазу машинасы секілді, тек қана клавиштері әлдеқайда үлкендеу. Клавиатураның бес негізгі клавишін бөліп көрсетуге болады:

- 1) Стандартты жазу машинасының клавиштері;
- 2) Функционалды клавиштер;

¹ Тез әрекет - машинаның секундына орындайтын операция саны.



Сур. 12.10. ЭЕМ жалпы түрдегі сызбасы

- 3) Қызметтік клавиштер;
- 4) Курсорды басқару клавиштері;
- 5) Сандық клавиштер.

Стандартты жазу машинасының клавиштеріне мәліметтер кезекпен, жазу машинасына терген сияқты белгі-белгімен енгізіледі. Егер функционалды клавишке бассаныз экранда немесе қағазда ешқандай белгі туындамайды. Бұл клавиштер компьютерді қандай да бір функцияны орындауға мәжбүрлейді. Функционалды клавиштердің қатарына, мысалға, [ENTER] (ВВОД) клавиші жатады. Кейбір клавиштердің екі мағынасы болады, мысалы, астында сан көрсетіліп тұрса, ал жоғары жағында – арнайы белгі (!, «, және т.б.) егер функционалды клавишке [SHIFT] (РЕГИСТР) басқа бір клавишпен бір уақытта басатын болсақ, онда клавиштің жоғары жағында көрсетілген белгі енгізіледі. [SHIFT] клавиші, сонымен қатар бас әріпті теру үшін қолданылады. Бос орын қалдыру үшін ең ұзын клавишті басу қажет.



Сур. 12.11. Пернетақтың сыртқы көрінісі

Компьютер жұмысын басқару үшін әр түрлі манипуляторлар кеңінен қолданылады. Ең кеңінен таралған манипулятор түрі «тінтуір» (сур. 12.12). «Тінтуір» құрылысы корпустаң, байланыс желісінен және басқару батырмасынан тұрады. Негізінен екі немесе үш басқару батырмасы бар «тінтуірді» қолданады. «Тінтуір» оператордың алақанында оңай сыйып кетеді, ал клавишті басу үшін оператор қолын ауыстыруын талап етпейді.

Процессор және жад. Үлкен ЭЕМ-лар бірнеше процессорлар болуы мүмкін, персоналды компьютерлерде үлкен ЭЕМ-ға процессорына қарағанда өлшемі бойынша дәне мүмкіндігі бойынша шағын микропроцессорлар орнатылады. Процессор бар компьютерді қозғалысқа әкелетін команда келгеннен кейін өз жұмысын бастайды. Логикалық кезекпен байланысты командалар жиыны бағдарлама деп аталады.

Процессордың бір бөлігін мыңдаған белгіден тұратын жад алып жатыр. Жұмыс жадына сыйып кететін белгілер саны жад сыйымдылығын анықтайды. Жад – бұл ерекше машина тілінде жазылған ақпаратты немесе мәліметті қабылдуға қабілетті құрылғы, оларды қажет кезінде беріп отырады.

Компьютерде әрқашанда екі жад болады: тұрақты және оперативті. Тұрақты жадқа енгізілген барлық белгілер (тұрақты есте сақтау құрылғысы ТЕСҚ), өндіруші бір жола енгізеді және онда ештеңені өзгертуге болмайды. ТЕСҚ тек қана санауға арналған жұмыс жады болып табылады. Бұл жағынан ол кітапқа ұқсас. Ол жадты өндірушінің өзі толтырады: онда қолданушыға компьютерді




Сур. 12.12. Компьютердің «тінтуірінің» сыртқы көрінісі

қолдану ыңғайлы болу үшін (ЭЕМ іске қосу, қолданушы командасын орындау, пернетақтаны басқару, дисплейді басқару, құрылғыны тестілеу, принтерді басқару, сыртқы жадты басқару, дешифровка, ЭЕМ-ді тоқтату) керекті барлық мәліметті енгізеді. Бәрінен бұрын, тұрақты жадқа процессордың өзінің жұмысын басқару бағдарламасын жазады. Дәл осы жерде бағдарламалық тіл командасынан ішкі машина тіліне аудару бағдарламасы орналасқан.

Жадтың басқа түрі – жедел жад немесе жедел есте сақтау жады (ЖЕСЖ). Белгілерді компьютермен жұмыс жасап орыған қолданушы енгізеді. ЖЕСЖ – бұл қажетінше мәліметтермен толтырып және оларды санауға мүмкіндік беретін жұмыстық электронды жад. «Жедел» сөзі осы жадтың әрбір ұяшығына жедел қарауға болады, қажет болған жағдайда деректерді жазуға немесе оларды санауға болады дегенді білдіреді. Сырттан келген әрбір мәлімет, мысалы, компьютер пернетақтасынан жедел жадқа (компьютердің жазба кітапшасы сияқты) жіберіледі. Егер жедел жадтағы мәліметтерді санайтын болсақ, онда оның құрамы тұрақты жадтағы сияқты қозғалмаған күйі қалады (өзіріліп кетпейді). Бірақ, егер мәліметтерді қандай да бір ұяшыққа сақтайтын болсақ, онда оның ішінде бұрын жазылған мәліметтер кшіріліп кетеді. Бұрынғы жазба қайтарусыз жойылып кетеді. Қажетті операцияны тез орындау үшін жедел жад тұрақты жадтан әрқашан көп болады.

Жадта адам машинаға пернетақта көмегімен енгізетін, сонымен қатар барлық мүмкін мәліметтер, процессор жұмысының бағдарламасы сақталады. Пернетақтада тергеннің барлығы уақытында қатені тауып, түзету үшін ЭЕМ-ға қосылған экранда көрсетіледі. Бұл мәліметтер оператор жадқа енгізгеннен кейін қолдануға болады. Ол үшін оператор қажетті клавишті басу керек. Компьютерге енгізілген әрбір белгінің жадта өзінің жеке ұяшығы болады. Әрбір жад ұяшығының өзінің адресі бар.

Икемді магнитті диск (дискета) магнитті бөлшекті қабаты жағылған икемді жұқа материалдан құралған пластинадан тұрады. Дискетаны жүйелік блоктың алдыңғы панеліндегі арнайы тесікке орналастырады. Онда жазу және оқу құрылғылары орналасқан. Жазу құрылғысының көмегімен дискетаға мәліметтерді сақтау үшін және бірнеше рет қолдану үшін жазады. Егер дискетаға жазылған мәліметті оқу қажет болған жағдайда оқу құрылғысын қосады. Дискетаға сонымен қатар бағдарламалар да сақталады.



Сур. 12.13. Ақпараттар сақталған үш сигналдың қосылуы

Ақпараттар өлшемі. Егер сұраққа «иа» немесе «жоқ» деген дұрыс қарапайым екі жауап болса, мысалы: «ток ағама жоқ па?» - онда әрбір жауап қандақ жауап екеніне байланысты емес бір ақпарат бит береді. «Иа» жауабы «1» дегенді білдіреді, ал «жоқ» жауабы «0» дегенді білдіреді. Бит – ақпаратты өлшеу бірлігі, сонымен қатар басқа да электронды ақпарат өлшемі.

Егер әрбіреуі 1 бит ақпараттан тұратын үш сигналды алып қарайтын болсақ, онда осы үш бит көмегімен екі сандық комбинациядан тұратын сегіз хабарлама жіберуге (сур.12.13) болады.

Сегіз екі таңбалы саннан тұратын комбинация (яғни бірлік пен нөл) 256 әртүрлі белгі мен символды кодтауға мүмкіндік береді. Егер сегіз битті екі таңбалы сан үшін нөлдер мен бірліктердің барлық үйлесімін жазатын болсақ, онда олардың нөлдер мен 00000000 және 11111111 дәл 256-ға тең болады. Осы үйлесімділік алфивиттің әрбір әріпінде (латын немесе орыс, тіпті екеуі бірге), әрбір санында және компьютер клавиатурасындағы барлық арнайы белгілер тек өзінің және тек қана өзінің нөл мен бірлік биттен тұратын комбинациясы сәйкес келуі жеткілікті. Осыдан, компьютер клавишын басу арқылы нақты екі белгілік комбинацияға керекті жерге жібереміз. 0 - дегеніміз ток импульсі жоқ дегенді белдіреді, ал 1 – ток тізбек бойынша жүреді. Осындай кодталған ақпаратты электрлі тізбек бойынша компьютерге жіберуге болады, ал онда өңдеп, электронды сызбада қайта құрып, керегіне қарай қолдану.әрбір 8 бит тен тұратын комбинация байт деп аталады^{1 2}.

3 бит бірлік пен нөлден тұратын осындай сегіз комбинацияны жазуға мүмкіндік береді: 0 — 000; 1 — 001; 2 — 010; 3 — 011; 4 — 100; 5 — 101; 6 — 110; 7 -111.

Бағанның оң жағында 0-ден 7-ге дейін күнделікті санау жүйесіндегі сандар жазылған, ал оң жағында сол сандар, тек екілік санау жүйесінде. Екілік жүйеде тек қана екілік жүйе рұқсат етілген: 0 және 1.

¹ Бит (ағылш. Bit – «бөлік»)

² Байт – жасанды сөз.

$0+0$ қосу арқылы 0 аламыз, $0+1$ және $1+0$ қосу арқылы 1 аламыз, $1+1$ қосындысы 10 құрайды. Екілік жүйедегі көбейту: $0 \times 0 = 0$; $0 \times 1 = 0$; $1 \times 0 = 0$; $1 \times 1 = 1$.

Ақпаратты өңдеу үшін НЕМЕСЕ, ЖӘНЕ және ЖОҚ деген логикалық операцияларды орындайтын қарапайым үш логикалық сызба (сур.12.14) болу жеткілікті.


НЕМЕСЕ логикалық сызбасының екі кіруі және бір шығуы бар және логикалық құрастыру операциясын орындайды,

ЖОҚ логикалық сызбасының бір шығуы және бір кіруі бар және терістеу операциясын жүзеге асырады.


ЖӘНЕ логикалық сызбасы НЕМЕСЕ сызбасы сияқты бірнеше кіруі және бір шығуы бар. Осы логикалық сызба арқылы көбейту операциясын орындайды.

ЖӘНЕ сызбасының кіруіне 2 бит беретін болсақ, онда шығуында оның көбейту нәтижесін аламыз. Екі биттің қосылуы үшін осы үшеуінен (негізгі НЕМЕСЕ, ЖӘНЕ және ЖОҚ) тұратын күрделі сызбаны таңдау керек. Сур.12.15-те НЕМЕСЕ, ЖӘНЕ және ЖОҚ үш сызбасының қосылуы көрсетілген. Осы сызбалар $0 + 0 = 00$; $0 + 1 = 01$; $1 + 0 = 01$; $1 + 1 = 10$ секілді операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Егер ақпаратты тез өңдеуге мүмкіндік беретін және әлдеқайда ыңғайлы болатын байтпен беретін болсақ, онда сызбалар одан да күрделене түседі. Есептеуіш-шешуші құрылғы сигналды өңдеу үшін НЕМЕСЕ, ЖӘНЕ және ЖОҚ үш сызбасының көп сандарды талап етеді, артынан сызбаның өзі компьютердің көлемінен аспайтын кішігірім болуы керек.

Процессор және жад құрылғысы жүйелің блок орнатаылатын микросызба түрінде орындалады. Жүйелік блок корпусының алдыңғы жағында индикатор, дисковод, шамдар және батырмалар; артында – мониторды қосу




Сур. 12.14. Логикалық операцияларды орындайтын сызба:
а – НЕМЕСЕ; в – ЖОҚ



Сур. 12.15. үш сызбаның әр түрлі қосылуы: НЕМЕСЕ, ЖӘНЕ және ЖОҚ

үшін қосқыш, «тінтуір», клавиатура, принтер және басқа да құрылғылар.

Компьютердің барлық электроникасын баспа тақтасында (сур.12.16) орналастырады. Баспа тақтасында микросызба түрінде орындалатын бір немесе бірнеше процессор орналасқан. Тұрақты есте сақтау құрылғысы және жедел есте сақтау құрылғысы жадтың арнайы микросызбасы түрінде орындалады.



Сур. 12.16. персоналды компьютердің баспа тақтасы

Баспа тақтасында, сонымен қатар компьютердің барлық бөлігінің жұмысы үшін импульсты бақылаудың сағаттық жиілігін беретін сағаттық генератор орналасқан. Басқа микросызбалар сыртқы сигналды ішкі қолдану сигналына түрлендіру немесе керісінше секілді функцияларды орындайды, бұл компьютерлік ойындарды ойнатуға, экран дисплейіне сурет салуға мүмкіндік береді. Баспа тақтасының сыртында компьютерді энергиямен, дискеттің айналу құрылғысымен және т.б. қамтамасыз ететін қуат блогы орналасқан.

Ақпаратты шығару құрылғысы. Ақпаратты шығару құрылғысына монитор мен принтер жатады.

Монитор – ақпаратты көрсететін құрылғы. Монитор көлемі қолданбалы тапсырмаларға байланысты болады. Жалпы мәндегі жүйелер үшін 15... 19" өлшемді монитор ыңғайлы болып табылады. Монитор өлшемі дегеніміз электрондық-сәулелік түтік әйнегінің өлшемі, дегенімен осындай монитордың шынайы өлшемі монитор өлшемінен 1" кіші. Экраннан өшіп кеткен сурет қайтадан экранда пайда болмайды.

Ең кеңінен таралған мониторлар сұйық кристалды индикаторда және газ плазмалы панелдегі (сур.12.17) мониторлар. Осы класстың артықшылығы түсінің анықтығымен ерекшеленетін сурет көрсетілетін экранның жайпақтығы.



Сур. 12.17. Басу құрылғысының сыртқы көрінісі



Сур.12.18. Монитордың сыртқы көрінісі

Мониторға қарағанда басу құрылғысы (сур.12.18) қағаз бетіне компьютер таңдаған, қалаған уақытында көруге болатын барлық қажеті ақпаратты түсіреді. Сонымен қатар басу құрылғысы тек қана мәтінді емес графиканы, суреттерді, түрлі-түсті және ақ-қара сызбаларды да басып шығарады. Басу құрылғысы **принтер** деп аталады.

Ақпаратты дискретті және сандық өндеу үшін негізгі элемент ретінде импульты беру, құрылғыны құраушылар, импульс генераторы, сызбаны іске қосу, синхронизация және жиілікті бөлу, логикалық сызбалар үшін жүйелер қолданылады.

Сандық және импульстық құрылғылардың бірден бір негізгі элементі әр түрлі тізбектердің электронды коммутация тапсырмасын шешуге арналған және электр сигналдарымен басқарылатын электрондық кілт болып табылады. Электрондық кілттің әрекетінің принципі (диодта, өрісте немесе биөрістік транзисторда) токты бір бағытта және артқа келтірмеу қабілеттілігіне негізделген. Диодтық кілттің негізгі ерекшелігі оның қарапайымдылығы. Ең кеңінен тарлған импульстық техниканың базалық элементтерінің: триггер, бір вибратор және мультивибратор негізі болып табылатын транзисторлық кілттер.

Триггер дегеніміз екі тұрақты қалыпқа ие және бір қалыптан екінші қалыпқа енуге қабілетті құрылғы.

¹ *принтер (ағылш. to print – «басу») – ақпаратты шығарудың сыртқы құрылғысы (ақпаратты басуға арналған құрылғы)*

Триггерге карағанда **бір вибраторлы** құрылғы бір тұрақты қалып және бір уақытша қалыпқа ие. Сыртқы басқау сигналының (іске қосатын) әсерінен бір вибраторлы құрылғы уақытша қалыпқа көшеді және кейін автоматты түрде бастапқы тұрақты қалыпына келеді. Осыдан, бір вибраторлы құрылғы қыста іске қосылатын импульстың кірінің әсерінен қажетті аралықта тікбұрышты импульсты қалыптастырады.

Мультивибратор тепе-теңдіктің екі тұрақсыз қалыпына ие, тікбұрышты пішіндегі импульсты кезең-кезеңімен генерациялауға арналған.

Электронды логикалық элемент. Логикалық элемент – бұл шығыс және кіріс сигналдары логика алгебрасының заңымен байланысты болатын құрылғы.

Ол дискреттік екілік сигналдардың логикалық операцияларын орындауға арналған құрылғы. Ақпаратты өңдеу кезіндегі логикалық операциялар екі мәлімет ағынының өзара қарым-қатынасын білдіреді, нәтижесінде үшінші ағын – логикалық функция алынады. Электронды логикалық элементтер диодта, биөрісте және өрістік транзистордар орындалады. Диодтағы және биөрістік транзистордағы элементтер өрістегі транзисторларға карағанда жоғары өнімділікке ие.

Сандық электроникадан бөлек аналогтық сигналдарды өңдейтін, яғни аналогтық функцияларды орындайтын аналогтық электроника да кеңінен таралған. Аналогтық функцияға күшейту (негізгі функция), фильтрация, генерация, жиілік пен пішінді түрлендіру, модуляция, түзету және т.б. жатады.

3D-шығару. 3D-шығару (3D-прототиптеу) – бұл дайын өнімді қабат бойынша «өндіру» немесе дайын өнімді қабаттап синтездеу немесе электронды мәлімет бойынша – компьютерлік CAD-үлгі. 3D-шығару технологиясы көмегімен әр түрлі күрделіліктегі өнімнің бөлшектерін CAD бағдарламасының мәліметтері бойынша модельдеуді жүргізуге болады. 3D-шығару өзі санаулы ғана уақытты алады, ол дайын өнімді жобалаудың уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Осындай процесстің артықшылықтары:

- бірыңғай үлгілерді өндіру жылдамдығы, дәлдігі, шығындарын азайту;
- өндірістің икемділігін елеулі түрде арттыру;
- өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- өндіріс шығындарын азайту, әсіресе шағын өндірістің;
- Жаңа өнімдердің нарыққа шығу уақытын қысқарту;
- компьютерлік технологиялар мен CAD жүйелерін біріктіру.

Флеш-жад. Флеш-жад - электрмен қайта бағдарламаланатын жадтың жартылай электрөткізгіштік технологиясының бір түрі.

Жартылай өткізгіш флеш жады технологиясының принципі жартылай өткізгіш құрылымның оқшауланған аймағында («қалта») электр зарядын өзгерту және тіркеу негізіне негізделген.

Компактность, арзандық, механикалық беріктік, үлкен көлем, жұмыс жылдамдығы және қуаттың төмен тұтынылуы арқасында, флеш-жады сандық портативті құрылғыларда және сақтау құралдарында кеңінен қолданылады.

Флеш жадты пайдаланудың екі негізгі жолы бар: мобильді сақтау құралы және сандық құрылғылар үшін бағдарламалық жасақтаманы сақтау орны ретінде. Көбінесе бұл екі бағдарлама бір құрылғыда біріктіріледі.

12.5. ОПТИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНИКА

Оптика мен электрониканың бірігуі заманауи техникадағы жаңа бағыт-оптоэлектрониканы дүниеге әкелді.

Оптикалық электроника-ғылым мен техниканың жаңа әрі перспективті саласы. Бұл бағыт түрлі электронды және оптикалық тәсілдер мен құралдар арқылы генерация мәселесі, ақпараттарды қабылдау, жеткізу, қайта өңдеу, сақтау мәселелерімен айналысады. Оптикалық электроника құралдарының жұмысы негізінде түрлі орталардағы оптикалық сәулелену процесстері, сәулеленудің заттармен байланысы, сонымен бірге электрондық сигналдардың оптикалыққа(жарықтық) немесе керісінше: оптикалық сигналдардың электрондыққа айналу процесстері қарастырылады.

Мысалы: заттың құрылымын зерттеу, нақты өлшемдер, ақпаратты өңдеу және сақтау, түрлі технологиялық процесстерді басқару, түрлі объектілерді анықтау және олардың әрекеттерін басқару, сыртқы ортаны зерттеу.

Көптеген табиғи құбылыстар мен өндірістік процесстер оптикалық сәулеленумен жүреді. Ол зерттелінетін объектінің өзімен генерацияланады, я болмаса зерттелінетін объект көрсететін немесе басқа көздердің оптикалық сәулелерін таратуы нәтижесінде пайда болады.

Оптикалық сәулелену микропроцесстер (атом және молекула деңгейінде) ағымында, сондай-ақ макропроцесстер (ғаламшар масштабында) ағымында да пайда болады. Шамамен қоршаған орта жайлы ақпараттың 90% көз арқылы аламыз.

Визуалды бақылау кезінде өлшемдер, пішін, кеңістіктегі орналасу, бақыланатын объектінің орын ауыстырулары көз арқылы

бекітіліп, кейін ми арқылы анализденеді. Бұл жердегі ақпаратты тасымалдаушы генерацияланатын, таралатын және бейнеленетін сәулелену болып табылады. Көрінетін сәулеленуді электрондық сигналға да айналдыруға болады. Бұл жағдайда оптикалық сәулеленудегі объект туралы ақпарат электрондық сигналда сақталатын болады. Бұл сигнал оны шулар фонында ерекшелеу үшін, тіркеу үшін өңделуі мүмкін.

Визуалды бақылау кезінде ақпарат субъективті түрде бағаланады, электронды сигналдарды анализдеу бақыланатын объект жайлы неғұрлым объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Алайда электрондық сигналға тек қана көрінетін сәулеленуді ғана емес, сонымен қатар адамның көзі сезбейтін ультракүлгін және инфрақызыл диапазондар сәулеленуін де жасақтауға болады. Сол себепті, оптикалық сәулеленуді электрондық сигналға ауыстырып, сигналды анализдеу арқылы-визуалды бақылаудан гөрі бақыланатын нысан жайлы терең ақпарат алуға болады.

Адам баласы алыс қашықтықтағы және 0,1 мм-ден кем өлшемдегі заттарды көре алмайтындығы бізге жақсы белгілі. Біз қараңғыда да нашар көреміз, себебі көзіміз тек көрінетін сәулеленуді және жарықты ғана қабылдайды. Ал оптикалық-электрондық құралдар болса сол көздің қабілеті жетпейтін процесстерді жүзеге асырады, өйткені олар кішкентай және алыстағы объектілерді зерттеп, көзге көрінбейтін сәулеленулерді тіркейді.

Оптикалық-электрондық құралдың негізгі элементтері сәулелену көзі және оны қабылдағышы; сәулелену көзін қабылдағышқа немесе бақыланатын объектіге бағыттайтын оптикалық системалар; және қабылдағыш жасақтайтын сигналды өңдейтін электрондық элементтер. Сонымен қатар, оптикалық-электрондық құрал құрамына модулятор, дефлектор, түрлі фильтрлар, ақпаратты жазатын және бейнелейтін құралдар т.б. да жатқызылады.

Сәулелену көзі. Сәулелену көздері табиғи және жасанды болып бөлінеді.

Табиғи сәуле көздеріне Күн, Ай, жұлдыздар, бұлттар, жер атмосферасы, өндірістік ғимараттар мен құрылымдар, ұшақтар, автомобильдер, сондай-ақ адам және жануар денесі.

Ал **жасанды сәуле** көздеріне басқаруға келетін көздер жатқызылады. Мұндай көздер оптикалық-электрондық белсенді құралдар жарықтандырғыштарында, байланыс және ақпаратты жеткізу құралдары, ғылыми зерттеуге арналған түрлі құралдарға арнап қолданылады. Жасанды көздерге газразрядты және доғалық шамдар, жарықдиод пен электролюминесцентті сәулешығарғыштар, оптикалық квантты генераторлар, кейбір жылубергіш көздер жатқызылады.

Сәулеленудің жарық көздері-электромагниттік сәуле көздері, дененің ішкі энергиясының жоғарылауы арқылы жүреді. Абсолютті қара дене немесе толық сәлешығарғыш деп-берілген температурада толқындардың барлық ұзындықтарына максималды мүмкін энергия тарататын денені атаймыз. Толық сәулешығарғыш-бұл физикалық абстракция, сондықтан да тәжірибеде толық сәулешығарғыштың қасиеттеріне сәйкес келе алатын оның моделдері қолданылады. Абсолютті қара дене қасиеттеріне жақын келе алатын модель ретінде шағын саңылауы бар жылытылған қуыс қолданылады.

Аталған абсолютті қара дене моделдерінен басқа жылу көздеріне қатты қыздыру шамдары да жатады-бұл қыздыру жібі беретін жылу сәулесі арқылы алынатын, электрондық тоқпен қыздырылатын жарық көзі. Қыздыру шамдары-жарық көздерінің ең жиі таралған түрі. Оның негізгі кемшілігі-шамалы жиілікпен де болатын шам сәулеленуінің электрондық модуляциясының мүмкін еместігі. Газразрядты жарық көздері керісінше осы қасиетке ие. Бұларда сәлешығарғыш орта ретінде тоқ өткенде газ разряды пайда болатын газ немесе металл булары бар. Газразрядты шамдар үзілмейтін, сондай-ақ импульсивті сәлелену шығара алады.

Сәулешығарғыш көз ретінде тура тоқ өтетін p -л-өтпелі электролюминесценциясы (электроөткізгіштігі түрлі типтегі жартыөткізгіштердің байланысы) қолданылады.

Сәулелену қабылдағыштары. Сәуле қабылдағыштардың міндеті оптикалық сәулеленуді түрлі схемалар арқылы тіркеуге ыңғайлы болу үшін басқа энергия түрлеріне айналдыру. Оптикалық сәулелену әсерімен қатты дене беті электрондарды шығарады. Бұл құбылыс сыртқы фотоэффект немесе фотоэлектронды эмиссия деп аталады.


Фотоэмиссия құбылысын қолдану арқылы фотоэлементтің сыртқы фотоэффектімен байланысы жүзеге асады. Бұл фотоэлемент диод ретінде болады, мұндағы электродтардың бірі - фотокатод, ал басқасы - фотоэлектрондардың коллекторы - анод. Жарық ағымының Φ фотокатодаына түскен кезде және анодқа оң

қысым таратқанда катодтан бөлінетін фотоэлектрондар анодқа қарай қозғалып, фотоэлементтің сыртқы тізбегінде ток пайда болады.

Түрлі жартылай өткізгіш қабылдауыштар жұмысы ішкі фотоэффектіні қолдануға негізделген, мұнда сәулелену әсерінен өткізгіштердегі заряд тасымалдауыштарында-электрон мен кемтік бу генерациясы болады. Бұл қосымша тасымалдаушылар жартылай өткізгіштің электрондық өткізгішін ұлғайтады. Мұндай фотондар әсерімен жүзеге асатын қосымша өткізгіштік фотоөткізгіштік деп аталады. Кейбір құрылғыларда фотоэлектрон мен кемтіктер генерациясы нәтижесінде ЭДС (әдетте фото ЭДС дейді) пайда болады, сол кезде бұл құрылғылар ток көзі ретінде жұмыс жасайды.

Жарықтың түсуімен заттың электрондық өткізгішін өзгерту құбылысын қолданатын қабылдағыштар фоторезисторлар деп аталады. Оларды қоспалық және қоспалық емес жартылайөткізгіштерден дайындайды. Олар түрлі спектрлардың аумағында жұмыс істейді: рентген және ультракүлгіннен бастап инфрақызылдарға дейін.

Фоторезисторлардың құрылысы 12.19. суретте көрсетілген. 1 диэлектрлік тілімшеге 2 жартылайөткізгішті соңындағы 3 түйіспелермен жұқа қабаты жасақталады. Спектральді сезімталдық аумағы фоторезистор жасалатын материалымен анықталады. Мысалы, күкіртті қорғасын инфрақызыл сәулелерге сезімтал, ал күкіртті кадмий -көрінетін сәулелерге сезімтал болып келеді.



Сурет 12.19. Фоторезистор құрылысы мен қосу схемасы:

a — құрылғы; b — іске қосу схемасы; Φ — жарық ағыны; E_n — жүктеме кедергісі; $U_{ш}$ — шығыс кернеулік, жүктеме кедергісінен алынады; E_k — қоректендіру көзі; 1 — диэлектрлік тілімше; 2 — жартылайөткізгіштің жұқа қабаты; 3 — түйіспелер

Фоторезисторлар түрлі оптикалық-электрлік құрылғылардың элементтері ретінде пайдаланылады, себебі олардың спектрлік сезімталдық аумағы жарық диодтары мен электрлюминесценттік конденсаторлардың сәулелену спектрларымен жақсы сәйкес келеді. Фотодиодтардың маңызды ерекшелігі-жоғары жылдамдылық әрекеті. Олар бірнеше миллион герц жиілікке дейін жұмыс істеуі мүмкін. Фотодиодтарды әдетте кремний мен германийден жасайды.

Егер құрамында бірнеше p — л-өтпелері бар құрылымдарды қолданса, фотодиод жарықтандыруы кезінде фотоағын күшейтілуі мүмкін (сурет 12.20.).


Оптикалық-электрондық құрылғылардың оптикалық жүйелері. Оптикалық сигналдардың электрлікке айналатын құрылғылар оптикалық-электрондық деп аталады. Бұл құрал-сәулелену көзінен таралатын оптикалық сәулеленуді тіркеу, оптикалық сәулеленуді электрлік сигналға өңдеу жұмыстарын жасайды.

Оптикалық-электрондық құрылғының жалпы құрылымдық схемасы 12.21. суретінде көрсетілген. Оптикалық жүйе қабылдағыштағы сәулеленудің сәуле көзінің көп бөлігін белгілейді және сәулеленуді қабылдағышқа жеткізеді. Қабылдағышта оптикалық сигналдың электрлікке айналу процессі жүреді. Электрондық жүйеде электрлік сигнал тіркеуге ыңғайлы болатындай формаға өңделеді.

Шынайы құрылғылардың жүйелік схемалары көрсетілген үлгіден біраз өзгешеліктері болады. Пассивті схемада жұмыс істейтін оптикалық-электрондық құрылғыларда қабылдағыш элементте сәулелену объектісінің көп бөлігін жинап немесе қажет сапаны бейнелейтін оптикалық қабылдағыш жүйелері болады. Активті типтегі құрылғылар, қабылдағыштан басқасы, сонымен бірге тасымалдайтын оптикалық жүйеге де ие, оның міндеті-зерттелінетін объект бетінде қажетті жарықтылықты қамтамасыз ету. Байланыс және ақпаратты тасымалдау құрылғыларында оптикалық жүйе жарық шоғын тудырады.

Сурет 12. 20. Биполярлы-фоторезисторды қосу схемасы мен құрылысы:

Φ — жарық ағыны; R_H — жүктеме кедергісі; E_K — коректендіру көзі





Сурет 12.21.Оптикалық-электрондық құрылғының жалпы құрылымдық схемасы

бұл жарық шоғы ақпарат тасымалдаушысы болып табылады. Оптикалық жүйе арқылы оптикалық сигналды спектрлік немесе кеңістіктік фильтрациялау жүзеге асырылады.

Оптикалық-электрондық құрылғылардың оптикалық жүйелері белгілі бір жолмен комбинацияланған келесі оптикалық бөлшектерді қамтиды: линзалар, айналар, призма, фильтр, диафрагма және тағы басқалары.


Тек идеалды оптикалық жүйеде ғана бір зат нүктесінен тарайтын сәулелер бейне бетінде қайта бір нүктеге жиылады. Яғни, тек идеалды оптикалық жүйе ғана нақтылы нүктелік зат бейнесінің анық өлшемдерін жасақтайды. Алайда мұндай жүйелер табиғатта кездеспейді. Кез-келген шынайы оптикалық жүйеде бейне нүктесі сейілу дөңгелегі ретінде көрінеді, оның мөлшері оптикалық жүйемен енгізілетін абберрация (бұрмалану) және дифракциямен (табиғи жарықтың толқындығы) анықталады. Абберрация іс жүзінде кескіннің сапасын төмендетеді, әсіресе қарапайым оптикалық жүйелерді - біржақтылы линзалар немесе сфералық айналарды қолдануда көрінеді. Сол себепті, қазіргі заманғы оптикалық жүйелерде күрделі сфералық беттері бар оптикалық элементтер қолданылады, мысалы параболалық немесе гиперболалық.

Соңғы онжылдықтарда оптикалық электрониканың жаңа бағыты-кванттық электроника қарқынды дамуда. Оптикалық кванттық генераторлардың дайындалуы (лазерлер) оптикалық-электрондық құрылғылардың мүмкіндіктерін арттырып, жаңа ашуларға бағыт берді.

Оптикалық электроника құралдарының кең қолданылуына жоғары сапалы талшықты-оптикалық элементтердің жасалуы себепші болды, сол арқылы қазіргі кезде алыс-жақын байланыс жүйелері мен түрлі физикалық өлшемдерді анықтау датчиктері де жан-жақты жетілуде.

Инфрақызыл радиометр. Қызған дененің жарық шығарудағы түсі температурамен өзгередіні белгілі, сондықтан дене температурасын жарық түсіне қарап анықтауға болады. Егер дене $600\text{ }^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары температурада болса ,адамның көзі затты өзінің сәлеленуі бойынша көре алады. Практика жүзінде енжар қыздырылған заттардың температурасын қашықтықтан өлшеу үшін инфрақызыл радиометр көмектеседі. Радиометр-көзге көрінбейтін инфрақызыл жылулық сәулелерді тіркейтін оптикалық-электрондық құрал.

Инфрақызыл радиометр схемасы 12.22. суретте көрсетілген. Инфрақызыл сәулелену объектісі -қыздырылған объект болып саналады. Сәулелену сәулелену қабылдағыш 5-гі 1 2 айналардан тұратын оптикалық жүйемен белгіленеді. Қабылдағышпен жасалатын сигнал сәле көзі күшімен пропорционалды,сондықтан оның мәні объектінің температурасымен анықталады. Қабылдағыш сигналы 6 күшейткішімен үдетіліп,құрал 6-мен тіркеледі. Бірақ,өлшеудің бұл жолымен тек объект сәулелену интенсивтілігінің салыстырмалы өзгешеліктерін,сондай-ақ оның температурасын анықтауға болады. Интенсивтілік мәні - жарық толқынындағы электр өрісінің кернеулілік амплитудасы квадратына пропорционал.



Сурет 12.22. Инфрақызыл радиометрдің схемасы:

1 және 2 — айналар; 3 — эталонды көз (абсолютті қара дененің моделі); 4 — қосымша айна; 5 — сәуле қабылдағыш; 6 — күшейткіш; 7 — өлшеу құралы; 8 — айналмалы секторлы модуляторлық дискі


Объектінің абсолютті температурасының мәнін табу үшін нысанның сәулелену интенсивтілігін құралға бекітілген эталондық көзінің 3 сәулеленуімен (абсолютті қара дененің моделі) салыстыру қажет. Бұл мөлдір және мөлдір емес секторлардан тұратын 8 айналмалы секторлық модуляторлық диск көмегімен жүзеге асырылады. Сол себепті де қабылдағыш модулятордың мөлдір емес секторларымен жабық болған кезінде, эталонды сәулелену көзі қосымша 4 айнасы мен модулятордың сырт жағынан әсер алып, қабылдағышқа жеткізіледі. Ал басқа уақыттарда қабылдағыш алдында модулятордың мөлдір секторлары орналасып, қабылдағышқа объектінің сәулесі түседі. Күшейткіш 6-мен күшейтілген эталондық сәулешығарғыш пен объект сигналын өлшегенде салыстыру сигналы (айырымдық сигнал) нөлге тең болғанша дейін эталондық сәулешығарғыштың температурасын салыстырып, өзгертіп отырады. Бұл құбылыс эталондық сәулешығарғыштың температурасы объект температурасымен тең болғанда орын алады.

Инфракызыл радиометрде сәулелену көзі- объектінің өзі болып табылады. Егер оптикалық-электрондық құрылғы объектінің оптикалық сәулеленуін тіркесе, онда ол пассивті схемада жұмыс істейді екен. Бұл схема бойынша тек радиометрлер ғана емес, сонымен қатар объектінің жылулық кескінін жасайтын құрылғылар, өздігінен бағытталатын, бақылайтын құралдар да қызмет атқарады.

Оптикалық-электрондық құрылғылардың көп бөлігі активті схемада жұмыс істейді, мұнда зерттелінетін объект оптикалық сәулеленудің арнайы көзімен жарықтандырылады және объектінің шашыраңқы немесе бейнеленген сәулесі тіркеледі.

Активті типтегі құралдарда міндеті объект бетіне сыртқы сәулелену көзінің көп бөлігін шоғырландырып және ондағы жеткілікті жарықтылықты қамтамасыз ету болып табылатын арнайы тасымалдағыш оптикалық жүйелер болады. Сыртқы көз рөлін Күн де атқара алады, бірақ оның сәулеленуін бақылауға мүмкіндік жоқ болғандықтан Күн сәулеленуін беретін объектіні тіркейтін оптикалық-электрондық құрылғыларды пассивтіге жатқызған дұрыс болады.

Сондай активті схема бойынша жұмыс істейтін құрылғылардың бірі әскери істерде кең қолданылатын - түнде көру құралы. (сур. 12.23). Мәселен, қараңғы түні бір объектіні, ағашты көргіміз келеді делік. Оны көрінетін прожектор сияқты жарық көзімен жарықтандыруға болады.



Сурет 12.23. Түнде көру құрылғысының схемасы:

1 — инфракызыл сәулелену көзі; 2 — фильтр; 3 — кескіндерді электрондық-оптикалық өңдегіш; 4 — фотокатод; 5 — флюоресцендіретін экран; 6 — окуляр

Алайда, әскери істерде әшкереленбеу үшін бұл әдіс тиімсіз. Мұндайда көзге көрінбейтін инфрақызыл сәулелі жарықпен объектіні жарықтандырып көруге болады. Жарықтандырудың 1 көзі ретінде, мысалы, 2 фильтрімен жабылған автомобиль фараларын қолданға болады, ол инфрақызыл сәулелену үшін мөлдір және көрінетін сәулені сіңіреді. Түнде көру құрылғысының қабылдағыш бөлігі кескіндерді өңдегіш электрондық-оптикалық объективінен 3 (ЭОӨ) және окуляр 6 тұрады. Объектив 3 фотокатод 4-гі(ФК) ЭОӨ объектінің инфрақызыл кескіні жасады. Инфрақызыл сәулелену әсерінен катодтан электрондар ұшады, мұндағы катодтың түрлі бөліктерінен тарайтын электрондар саны катодқа проекцияланған инфрақызыл объект кескінінің таралуымен байланысты.

Фотоэлектрондар фотокатод пен флюоресцендіретін экран 5 (Э) арасындағы электрлік өріспен жылдамдықтарын арттырады, фокустайтын жүйемен жиналып, экранды бомбалайды. Электрондардың бомбалауы экранның жарық шығаруын туындатады. Экраннің жеке нүктелерінің жарық шығару интенсивтілігі фотоэлектрондар ағымымен байланысты, оның нәтижесінде экранда объектінің көрінетін кескіні пайда болады. Осылайша ЭОӨ инфрақызыл объектінің кескінін окуляр 6 арқыды көруге болатын көрінетін кескінге айналдырады.

Активті схема бойынша сонымен қатар шалғайдағы объектілерді тауып, кеңістіктегі орнын анықтау үшін қолданылатын-оптикалық локаторлар да жұмыс істейді. Активті типтегі оптикалық-электрондық құрылғыларға

акпаратты тасымалдаушы және байланыс құралдарын жатқызуға болады. Мұндай құрылғылар сәулеленуін басқаруға болатын көздерді қамтиды, мұнда олардың спектрлі құрамын, күшін, импульстер ұзақтығын, жиілігін, амплитуда сияқты басқа да көрсеткіштерін өзгерту мүмкіншілігі бар.

Басқару арнайы модуляторлар көмегімен жүзеге асырылады.

Бұл құрылғылардағы оптикалық сәулелену көзі мен тіркеу-қабылдағыш жүйесі жақын немесе болмашы қашықтықта ораналсады. Мұндағы тірке-қабылдағыш жүйеге бағытталатын сәулелену атмосфера немесе көбінесе талшықты-оптикалық жүйе бойынша сәулеленуді каналіздейтін арнайы элементтер арқылы таралады. Соңғы аталған жолмен оптикалық сәулелену турасызықты және қисықсызықты трассалар бойынша таралады.

Дискретті оптикалық-электрондық құрылғылар орнына интегралды оптоэлектрондық құрылғылар таралуда.

Оптикалық сәулеленудің жер атмосферасында және басқа орталарда таралуымен байланысты процесстер қазіргі кезде барынша терең зерттелген. Мәселен, атмосфераның мөлдірлік терезелері бар екені анықталған, олар оптикалық сәулеленуді минималды мөлшеде сіңіреді. Негізгі мөлдірлік терезелері 3...5 және 8...12 спектрлі аумақтарында орналасқан. Яғни, оптикалық-электрондық құрылғының дәл осы спектрлердегі жұмысы эффективтілігі жоғары болады.

Сол себепті объект сәулелендіретін тербелістер спектрін тіркейтін интегралды құрылғылармен қатар, ультракүлгін (0,01.0,38 мкм), көрінетін (0,38.0,78 мкм) және инфрақызыл (0,78 мкм...1,00 мм) диапазонындағы салаларда жұмыс істейтін оптикалық-электрондық құрылғылар да бар. Қажетті спектр аумағы үшін арнайы фильтрлерді пайдалануға болады.

Көрінетін жарық толқындары-радиотасымалдағышта кездесетін толқындардан миллион есе жиілігі көп болатын электромагниттік толқындар. Дәл осы жарық толқындары үшін жаңа кванттық құрылғылар-лазерлер(кванттық оптикалық генераторлар) жасалды.

1905 жылы А.Эйнштейн жарық бөлшектері-фотондар туралы ұғымды енгізді. Жарық-фотондар ағымы. Олардың толқындары да өзгешеленеді. Жарық толқындарының ерекшеліктері дифракция мен интерференция құбылыстарында көрінеді. Мұнан басқа фотондар корпускулярлы қасиеттерге де ие.

Электрмагниттік сәулелену кванты-фотондар-тыныштықта тіршілік етпейді, яғни олар жарық жылдамдығымен қозғалады. Фотондар түрлі процесстер нәтижесінде пайда болады. Көбіне қоздырылған күйден неғұрлым азырақ қоздырылған күйге немесе қоздырылмаған күйде болатын сәулелену денесінде жүзеге асатын атом(молекула) қозғалыстары негізінде жиі жүзе асырылып отырылады.

Атом(молекула)энергиясының мәні дискретті. Егер атом энергиясы E_2 -ден азырақ энергияға орын ауыстырса E_1 , сол сияқты энергиялық E_2 деңгейінен энергиялық E_1 деңгейіне ауысса онда бұл ауысу фотон энергиясының $E_2 - E_1$ сәулеленуімен жүреді. Сол сияқты кері ауысу процессінде де фотон $E_2 - E_1$ энергиясы сәулеленуімен жүреді.

Атомдардың жоғарғы энергетикалық деңгейлердегі орны тұрақсыз, олар өздігінен бір деңгейден келесіге тоқтамсыз ауыса беруі мүмкін. Мұндай ауысулар жарық энергиясының кванттық сәулеленуімен бірге жүреді. Бұл сәулелену түрлі ұзындықтағы толқындарда бір уақытта жүрмейді. Сондықтан да заттағы түрлі атомдардың сәулелену көлемі когерентті⁵ емес. Мұндай сәулелену мысалдары ретінде қарапайым жарық көздерін келтіруге болады-қызу шамы, газразрядты лампалар және т.б. Бірақ атом жоғарғы энергетикалық деңгейден төменгі деңгейге өздігінен емес, жиілігі ауысу жиілігіне сәйкес келетін сыртқы электрлік өріс әсерінен ғана ауыса алады. Бұл жағдайда атомдар электрмагниттік толқынға энергияны когерентті сәулелену ретінде жеткізеді. Осындай мәжбүрлі сәулелену нәтижесінен өзіндік жарық (стимулды, индукцияланған) «индукциясы» пайда болады.

¹ Дифракция (лат. diffractus — «қираған») — толқындармен (жарық, дыбыс, т.б.) кедергілерді айналып өту.

² Интерференция (лат. inter — «арасында» + ferens — «тасымалдаушы», «жеткізуші») — кеңістік нүктесіндегі толқындардың күшеюі когерентті толқындарды беттестіруде басқалардың әлсізденуі.

³ Корпускула (лат. corpusculum — «тельце») — заттың өте кіші бөлшегі

⁴ Квант (нем. Quant — «бөлшек») — қандай да бір физикалық өрістің қасиетін тасымалдаушы бөлшек (мысалы, электрмагниттік өрістің кванты-фотон).

⁵ Когерентті — белгілі бір уақыттағы тербелмелі және толқынды процесстердің біріккен ағымдары.

Бұл құбылыс оптикалық кванттық генераторлар жасалуына себепші болды.

1954 жылы кеңес ғалымдары Н.Басов және А.Прохоров, сондай-ақ американдық ғалым Ч.Таунс кванттық генераторлар мен күшейткіштерді жасау үшін индукцияланған сәулеленуді қолдануды бастады.

Алғашқы лазер рубин негізінде жасалды (қызыл түсті минерал, бағалы тас). Жыл өткен соң гелий және неон (инертті газдар) қоспасындағы газды лазерлер пайда болды. «Лазер» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «мәжбүрлі сәулеленумен күшеюі» дегенді білдіреді. Лазер — оптикалық резонатордағы активті ортамен мәжбүрлі шашыранқы жарық пен жарықты мәжбүрлі шығаратын когерентті электромагнитті толқындарды генерациялайтын құрылымы. Резонатордан шыққан сәле шамамен параллельді шоқ түрінде шығады. Қарапайым көздер жарықты барлық бағыт бойынша таратады (сызықтық таралым 360° тең).

Лазерлер энергияны үздіксіз немесе импульсивті шығара алады. Оптикалық жүйе арқылы лазерлік сәулеленуді қосымша шоғырландыруға болады, бұл арқылы басқа сәулелену көздері үшін мүмкін емес ағымның жоғары тығыздығын алуға болады.

Оптикалық кванттық генераторлар өте қысқа толқындарды зерттеуге жол ашты. Оның нәтижесінде миллиондаған телевизиялық каналдарды орналастырып қана қоймай, шексіз қашықтықта байланысуға мүмкіндік те алуға болады. Оптикалық кванттық генераторлар жұмысын, жасалуын, қолданылуын зерттеумен жас ғылым саласы-кванттық электроника айналысады. Бұл ғылым оптика, электроника және кванттық механика сынды ғылымдар түйісуінде пайда болды.

Лазерлер теңіз тереңдігін зерттеу, мұнайдың су бетіндегі ластануларын, термоядролық басқарылатын синтезі үшін аса жоғары температуралы плазманы қолдау үшін және т.б. үшін қолданылады.

XX ғ. тамаша жаңалықтарының бірі голография¹ — жазу мен жаңғыртудың принципіалды жаңа әдісі.

¹ Голография негізі 1948 ж. ағылшын физигі Д.Габор еңбегімен қаланды. Голографияның қарқынды дамуы XX ғ. 60-жылдарында лазерлер пайда болғанда басталды. 1960 ж. американдық Э.Лейт и Ю.Упатниекс алғашқы лазерлік голограмаларды жасақтады, ал кеңестік ғалым Ю. Н. Денисюк үшжақтылы ортадағы голограма жазуды қалыңқабатты фотоэмульсияны қолдану арқылы жасап, тәжірибеден өткізді.

Голография — кеңістіктегі кескінді лазер көмегімен жаңғыртуда кескіннің өзі емес, жарық арқылы бейнеленген толқынды суреті жазылатын фотографиялық әдіс. Толқынды суреттің жазбасы фотопластинкаға лазер көмегімен түсетіндіктен, голографияны кейде лазер сәулелері арқылы фотоға түсіру деп те атайды. Фотоға түсіруден голографияның айырмашылығы, мұнда кескінмен шоғырланатын интерференцияланған сурет жазылады. Голограма бақыланатын объектінің барлық жақтарын бейнелейді, сонымен бірге оның аумақтылығын (тереңдігін) көрсетеді, ал фотосуретте жәй ғана жазықтық сурет ғана көрсетіледі, мұнда шынайы объектілерге тән бөлшектер көрсетілмейді. Голограма арқылы алынатын кескіндер шынайылығы соншалықты көз арқылы көрінетін шынайы зат көрінісімен бірдей.

Голография өз алдына басқа белгілі техникалық құралдар шеше алмайтын мәселелерді шешуде алдыңғы қатарда.


12.6.

ТАЛШЫҚТЫ-ОПТИКАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУШЫ ЖҮЙЕЛЕРІ

Автоматизацияланған басқару жүйелерінде микропроцессорлық техниканың қолданылуы осы техниканың локалды ақпараттық ағымға бірігу алғышарттарын әкелді. Осындай байланыстарды жүзеге асыруда автоматизация жүйелерінде сенімді және жылдам байланыс тізбектері қажет. Осындай байланыс тізбектерінде талшықты-оптикалық тасымалдағыш жүйелер қолданылады (ТОТЖ). ТОТЖ-барлық сигналдар түрі оптикалық кабель арқылы берілетін жүйе (сур.12.24).

ТОТЖ арқылы ақпаратты тасымалдау мыс кабельдеріне қарағанда көптеген артықшыларға ие:

- бір талшық арқылы бір уақытта 10 млн телефондық және бейне сигналдарды таратуға болады (мұндағы тасымалдау жылдамдығы екі бағытта таратылу арқылы ұлғайтыла алады, себебі жарық толқындары талшықтарда тәуелсіз түрде тарала алады);



Сур. 12.24. Талшықты сәулежел:

1 — осьтік элемент — болат арқан (стренга, сым), полимерлік қапталған және жарық-пластикалық шыбықша, полимерлі қапталған немесе қапталмаған; 2 — оптические волокна; 3 — оптикалық модульдер; 4 — ішкі модульді гидрофобты толтырғыш; 5 — өзекше гидроизоляциясы — гидрофобты толтырғыш немесе илi су тоқтатқыш элементтер; 6 — аралық қабықша — полиэтилен; 7 — қабатты брондайтын гидроизоляция (гидрофобты толтырғыш немесе су тоқтатқыш элементтер); 8 — дөңгелек бірдей сым сауыты; 9 — қорғаныш қабықшасы (полиэтилен немесе полимер, жануды жібермейді)

- өте шағын басқа орталармен салыстырғанда) талшықтағы сигналдың өшуі (1,55 мкм толқын ұзындығындағы 1 км-ге негізделген 0,2...0,3 дБ өшу);
- құрамында кремний қостотығы бар кварцтан жасалған талшық өте кең таралған, себебі мысқа қарағанда арзан;
- оптикалық талшықтар 100 мкм диаметрде болады, сондықтан компактiлi және жеңiл, бұл оларды авиацияда, кабельдi техникада қолдануда ыңғайлылық тудырады;
- оптикалық талшықтағы байланыс жүйелері электр магниттік кедергілергi төзiмдi, жарық өткізгішпен берілетін ақпарат санкцияланбаған жолдан қорғалған (талшықты-оптикалық тізбектерін жасырын тыңдау мүмкін емес);
- жұмыс ұзақтылығы (талшық жарамдылығы, қасиеттерінің сақталуы 25 жылдан артық, бұл оптикалық-талшықты кабельдi қолданып, қажетіне қарай қабылдағыштарды уақытымен ауыстырып отыруға мүмкіндік береді). Аталған артықшылықтарымен бірге оған тән кемшіліктер де жоқ емес;
- тізбекті жасақтауда өте жоғары сапалы элементтер қажетолар электрлік сигналдарды жарыққа және жарықты электрлік сигналдарға ауыстырады;
- оптикалық талшықтарды монтаждау үшін прецизионды қымбат технологиялық құрал-жабдық қажет;

- авария кезінде оларды қайта қалыпқа келтіру үшін мыс тізбектеріне қажет қаражаттан да артық шығын жұмсалады;
 - жарық шығарғыштар зақымданғанда олар толық тізбек жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.
- Жарық шығару жүйесінің негізгі элементтері:
- оптикалық таратқыш блогі, олар оптикалық импульстерге ауысыпжарық шығару байланыс тізбегіне тасымалданады;
 - талшықты-оптикалық тізбек;
 - оптикалық қабылдағыш блогі, оптикалық сигналдарды қабылдап, оларды электрлік импульстерге өңдейді.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Оптикалық электроника ғылымы нені зерттейді?
2. Сәулеленудің қандай табиғи және жасанды түрлері бар?
3. Оптикалық-электрондық құралдар дегеніміз қандай құралдар,мысал келтіріңіз.
4. Түнде көрсету құралы қалай жұмыс істейді?
5. Голография деген қалай түсіндіресіз?

1. *Игумнов Д. В.* Микроэлектроника негіздері / Д. В. Игумнов, Г. В. Королев, И.С.Громов. — М. : Жоғ. мект., 1991.
2. *Журавлева Л. В.* Радиоэлектроника : оқулық/Л. В. Журавлева. — 3-басылым, стер. — М. : «Академия» Баспа орталығы, 2008.
3. *Журавлева Л.В.* Электрматериалтану: оқулық/ Л. В. Журавлева. — 9-басылым, стер. — М. : «Академия» Баспа орталығы, 2013.
4. *Манаев Е.И.* Радиоэлектроника негіздері / Е. И. Манаев. — М. : Радио және байланыс, 1990.
5. *Мухин И. А.* Кескін жаймасының принциптері және плазмалық панель ұяшығының жарқырауы жарықтылығының модуляциясы / И. А.Мухин // Байланыс оқу орынд. тр. № 168. — СПб. : СПбМТУ, 2002.
6. *Нефедов В. И.* Радиоэлектроника негіздері / В.И.Нефедов. — М. : Жоғ. мект., 2000.
7. *Петров К. С.* Радиоматериалдар, радиокомпоненттер және электроника: оқу құралы / К.С.Петров. — СПб. : Питер, 2004.
8. *Поляков В. Т.* Радиоэлектроникаға кіріспе / В. Т. Поляков. — М. : Радио және байланыс, 1988.
9. *Степаненко И.П.* Микроэлектроника негіздері / И. П.Степаненко. — М. : Негізгі білімдер лабораториясы, 2000.
10. *Ушаков Н.Н.* ЭЕМ өндіру технологиясы / Н.Н.Ушаков. — М. : Жоғ. мект., 1991.
11. *Хотунцев Ю.Л.* Радиоэлектроника негіздері / Ю.Л.Хотунцев, А. С. Лобарев. — М. : Агар, 1998.
12. ГОСТ 15133 — 77. Жартылай өткізгіш құрылғылар. Терминдер мен анықтамалар.
13. ГОСТ 26599 — 85. Талшықты – оптикалық тасымалдау жүйелері.
14. ГОСТ Р 52002 — 2003. Электротехника. Негізгі ұғым анықтамалары мен терминдер.

Алғысөз.....	4
Кіріспе.....	5
1-бөлім. Радиотолқындар мен электрлік тербелістер.....	.7
1.1. Радиобайланыстың жалпы схемасы.....	7
1.2. Радиотолқындардың таралуы.....	11
1.3. Электрлік сигналдар туралы жалпы мәліметтер.....	21
2-бөлім. Электрлік тербелістердің күшейтілуі.....	30
2.1. Күшейткіштердің негізгі сипаттамалары мен Классификациясы.....	30
2.2. Кернеулікті күшейткіштер.....	38
2.3. Токты күшейткіштер.....	42
2.4. Қуатты күшейткіштер.....	46
2.5. Кері байланысты күшейткіштер.....	48
3-бөлім. Электрлік тербелістердің генерациясы.....	53
3.1. Электрлік тербелістер генераторы.....	53
3.2. Үйлесімді тербелістер генераторы.....	56
3.3. Үйлесімді емес тербелістер генераторы.....	59
4-бөлім. Электрлік тербелістердің өңделуі.....	65
4.1. Модуляция.....	65
4.2. Жоғары жиіліктегі тербелістерді детектрлеу.....	71
4.3. Жиіліктерді өңдеу.....	72
5-бөлім. Электрлік қуат беру көздеру.....	79
5.1. Электрлік қуат берудің алғашқы көздері.....	79
5.2. Электрлік қуат берудің қосалқы көздері.....	82
6-бөлім. Шоғырланған параметрлер тізбегі.....	97
6.1. Радиотехникалық тізбектердің негізгі элементтері.....	97
6.2. Тербелгіш жүйелер.....	106

7-бөлім. Электрвакуумды құрылғылар.....	113
8-бөлім. Жартылай өткізгіш құрылғылар.....	125
9-бөлім. Таралған параметрлі тізбектер.....	146
9.1. Электрмагниттік толқындарды тарату тізбегі.....	146
9.2. Антенналар.....	154
10-бөлім. Радиотаратқыш құрылғылар.....	163
11-бөлім. Радиоқабылдағыш құрылғылар.....	169
12-бөлім. Радиоэлектрониканың қолданыс аясы.....	177
12.1. Радиолокация.....	177
12.2. Теледидар аясы.....	180
12.3. Дыбысты жазу және жаңғырту.....	198
12.4. Есептеу техникасы.....	207
12.5. Оптикалық электроника.....	219
12.6. Талшықты-оптикалық тасымалдау жүйелеру.....	231
Әдебиеттер тізімі.....	234

Оқу басылымы

Журавлева Людмила Васильевна

Радиоэлектроника негіздері

Оқулық

5-басылым, толықтырылған және өңделген

Редактор Ә.Қ. Шапауов.

Компьютерлік терілім: Л. М. Беляева

Корректор Е. О. Беркутова

Басылым. № 105107370. Баспаға қол қойылды 23.07.2015. Формат 60 x 90/16.
Гарнитура «Балтика». Офсетті қағаз. Офсетті баспа. Шартты. баспа. б. 15,0.
Тираж 1 000 экз. Тапсырыс №

ООО «Академия» Баспа орталығы . www.academia-moscow.ru 129085,
Москва, пр-т Мира, 101В, бет. 1.

Тел./факс: (495) 648-0507, 616-00-29.

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды № РОСС RU. АЕ51. Н 16679 от
25.05.2015.

Ульяновск Баспа үйінде басылды